А. В. БАТАЕВ, Н.Ю.НАЛЮТИН,
С. В. СИНИЦЫН

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕР ЖӘНЕ ОРТАЛАР

Оқулық

«Федералдық білім беруді дамыту институты» федералды мемлекеттік автономды мекемесімен («ФБДИ» ФМАМ) бастапқы кәсіптік білім беру бағдарламасын іске асыратын білім беру мекемелерінің, 230000 «Ақпараттандыру және есептеуіш техникалары» мамандығы тобын оқыту процесінде оқу құралы ретінде қолдануға ұсынылады.

Рецензиялаудың тіркелген нөмірі 559
2013 жылғы 20 желтоқсан «БДФИ» ФМАМ

Мәскеу
«Академия» баспасөз орталығы
2014

ӘОЖ 681.3.066(075.32)
КБЖ 32.973-018.2я723
Б28

Бұл кітап Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі және «Кәсіпқор» холдингі» КЕАҚ арасында жасалған шартқа сәйкес ««ТжКБ жүйесі үшін шетел әдебиетін сатып алуды және аударуды ұйымдастыру жөніндегі қызметтер» мемлекеттік тапсырмасын орындау аясында қазақ тіліне аударылды. Аталған кітаптың орыс тіліндегі нұсқасы Ресей Федерациясының білім беру үдерісіне қойылатын талаптардың ескерілуімен жасалды.

Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі білім беру ұйымдарының осы жағдайды ескеруі және оқу үдерісінде мазмұнды бөлімді (технология, материалдар және қажетті ақпарат) қолдануы қажет.

Аударманы «Delta Consulting Group» ЖШС жүзеге асырды, заңды мекенжайы: Астана қ., Иманов көш., 19, «Алма-Ата» БО, 809С , телефоны: 8 (7172) 78 79 29, эл. поштасы: info@dcg.kz

П і к і р б е р у ш і :

Мәскеу мемлекеттік радиотехника, электроника және автоматика техникалық университеті кибернетика факультетінің деканы, техника ғылымдарының докторы, проф. *М. П. Романов;*

Мәскеу электроника және математика НИУ ВШЭ институты, кибернетика кафедрасының профессоры, техн. ғылымдары д-р *Б. И. Прокопов*

Батаев А.В.

Б28 Операциялық жүйелер және орталар: орта кәсіптік білім беру мекемелерінің студенттеріне арналған оқу құралы / А. В. Батаев, Н. Ю. Налютин, С. В. Синицын. — М. «Академия» баспасөз орталығы, 2014ж. — 272 с.

ISBN 978-601-333-250-5 (каз.) ISBN 978-5-4468-0562-4 (рус.)

Бастапқы кәсіптік білім берудің федералдық мемлекеттік стандартына сәйкес мынадай мамандықтарға арналып шығарылған: 230111 «Компьютерлік желілер», ОП.04 «Операциялық жүйелер», 230113 «Компьютерлік жүйелер және жиынтықтар», ОП.07 «Операциялық жүйелер және орталар», 230115 «Компьютерлік жүйелерде бағдарламалау», ОЖ.01 «Операциялық жүйелер», 230401 «Ақпараттық жүйелер (сала бойынша)», ОЖ.02 «Операциялық жүйелер», 230701 «Қолданбалы информатика (сала бойынша)», ОП.07 «Операциялық жүйелер және орталар».

ОЖ басқаруындағы негізгі объектілері — файлдар, пайдаланушылар және тапсырмалар туралы негізгі ақпараттар жазылған. Пайдаланушының алға қойылған тапсырмаларын логикалық орындау кезегін анықтайтын операциялық жүйе алдына қойылатын талаптар қарастырылған. ОЖ UNIX және WINDOWS көптеген пайдаланушылар жұмысын қамтамасыз етуге ерекше назар аударылады — пайдаланушыларды сәйкестендіру мәселелері, олардың жеке деректерін орналастыру, файлдар мен каталогтарға пайдаланушының қолжетімділігін басқару қарастырылған, қолжетімділік құқығымен жұмыс істеу үшін BASH тілдік құралы анықталған. Пайдаланушылардың тіркеу жазбаларын басқару тәсілдері, сонымен қатар, UNIX жүйелерінде сеанстар инициализациясы файлдар көмегімен пайдаланушылар сеанстарын дербестендіру нұсқаулығы сипатталған. UNIX-ұқсас операциялық жүйелерде және WINDOWS операциялық жүйелерінде С тіліндегі қолданбалы бағдарламаны құрастыру тәсілінің қысқаша сипаттамасы берілген.

Орта кәсіби білім беру мекемелерінің студенттеріне арналған.

ӘОЖ 681.3.066(075.32)
КБЖ 32.973-018.2я723

ISBN 978-601-333-250-5 (каз.)
ISBN 978-5-4468-0562-4 (рус.)

Құрметті оқырман!

Бұл оқулық 230000 «Ақпараттандыру және есептеу техникасы» кеңейтілген тобының барлық мамандықтарына арналған оқу-әдістемелік жиынтықтың бір бөлігі.

Оқулық жалпы кәсіби пәндерді ОЖ.04 мамандықтары үшін 230111 «Компьютерлік желілер», ОП.07 мамандықтары үшін 230113 «Компьютерлік жүйелер және жиынтықтар», ОП.01 мамандықтары үшін 230115 «Компьютерлік жүйелерде бағдарламалау», ОП.02 мамандықтары үшін 230401 «Ақпараттық жүйелер (сала бойынша)», ОП.07 мамандықтары үшін 230701 «Қолданбалы информатика (сала бойынша)» оқуға арналған.

Жаңа топтың оқу - әдістемелік жиынтығы жалпы білім және жалпы кәсіби пәндер мен мамандық бойынша модульдерден тұратын дәстүрлі және инновациялық оқу материалдарынан тұрады. Әр жиынтық жалпы және кәсіби құзыретті меңгеруге қажет, сонымен қатар жұмыс беруші талаптарын ескере отырып оқулықтар, оқу нұсқаулықтары, бақылау және оқыту жиынтықтарынан тұрады.

Оқу баспалары электрондық білім беру қорларымен толықтырылу үстінде. Электрондық қорлар интерактивті жаттығулар мен жаттығу құрылғылары бар теориялық және тәжірибелік модульдерден, мультимедиялық нысандар, Интернеттегі қосымша материалдар мен ақпараттарға сілтемелерден тұрады. Олардың ішінде терминологиялық сөздік пен оқу процесінің негізгі параметрлері тіркелетін электронды журнал болады. Зерттеу барысына жұмыс уақыты, бақылау және тәжірибелік жұмыстардың нәтижелері тіркеледі. Электрондық ресурстар оқу процесіне оңай кіріктіріледі және әртүрлі оқу бағдарламаларына тез бейімделеді.

Кіріспе

Операциялық жүйе (ОЖ) — пайдаланушыларға қолданбалы бағдарламаларды орындауға арналған орта және оларды басқару мүмкіндігін беретін бағдарламалық жиынтық, сонымен қатар, қолданбалы бағдарламаларға қолжетімділік құралдарын және аппараттық қорлар мен өңделіп отырған деректерді басқару мүмкіндігін береді.

ОЖ пайдаланушылары өз жұмыстарында ОЖ ядросы тікелей берген құралдарды немесе ОЖ басқаратын қолданбалы бағдарламаларды қолданады. Пайдаланушы өз тапсырмасын шешу үшін ОЖ ұсынатын кірістік тілде тапсырма сипаттамасын жазады, немесе басқа пайдаланушылар – бағдарламашылар жазған бағдарламаларды қолданады.

Бұндай тілдердің синтаксисі және семантикасы олардың көмегімен шешілетін тапсырмаларға байланысты әртүрлі болады. Тапсырмалар шартты түрде мынадай топтарға бөлінеді:

- ОЖ функционалдығының кеңеюі;
- ОЖ жұмыстар режимінің конфигурациялауы;
- Қолданбалы бағдарламаларды өңдеу;
- Дайын бағдарламалар көмегімен қолданбалы тапсырмаларды шешу.

Операциялық жүйемен қандай да бір байланысу тілін пайдаланатын ОЖ пайдаланушылар төмендегідей жіктеледі (сурет - В.1):

- жүйелік бағдарламашылар;
- жүйелік әкімшілер;
- қолданбалы программисттер (бағдарламашылар);
- қолданбалы

пайдаланушылар.

Сурет - В.1. ОЖ пайдаланушылар тобы

Бір тіл әртүрлі мақсаттарды шешу үшін пайдаланылады. Егер пайдаланушыларды қолданыстағы тілдеріне және орындайтын тапсырмаларына қарап толықтай жіктейтін болсақ, «байланыс тілі» — «шешілетін тапсырмалар» әр жұбы пайдаланушының рөлін оның операциялық жүйемен жұмысы кезінде анықтайды.

Кесте - В.1 операциялық жүйе пайдаланушы рөлінің негізгі типін құрайды.

Кесте - В.1. Пайдаланушылар рольдері

Нөмір	Роль	Тапсырмасы	Кіріс тілі
1	Желілік бағдарламашы	операциялық жүйе қызметтерін кеңейту	Төмен деңгейлі тілдер, оның ішінде ассемблер
2	Желілік әкімші	операциялық жүйені конфигурациялау және пайдаланушыларды тіркеу	Конфигурациялық файлдар форматтары және әкімшілендіру құралдарын басқару тілдері
3	Оператор	Жүйені ағымдағы әкімшілендіру, бағдарламалық қамтылымды орнату/өшіру, оны баптау	Конфигурациялық орнататын файлдар және орнатылатын бағдарламалық қамтылымның форматтары
4	Аппараттық қамтамасыз ету маманы	Аппаратураға қызмет көрсету, оны пайдалануға енгізу, пайдаланудан шығару	Құрылғыны күйге келтіру құралдарының және нақты ОЖ пайдалану тілдері
5	Қолданбалы бағдарламашылар	Қолданбалы тұтынушының тапсырмаларын орындауға арналған бағдарламалық қамтымды ойлап шығару	Жоғарғы деңгей тілдері, ОЖ ядросын жүйелік шақыру интерфейсі
6	Деректер Стратор әкімшісі	Жүйе деректерін мұрағаттау, ақпараттық қорларды басқару (деректер қоры, анықтамалар)	Қолданыстағы бағдарламалық құралдардың басқару және конфигурация тілдері
7	Қолданбалы тұтынушы	Дайын бағдарламалық қамтылым көмегімен нақты қолданбалы тапсырмаларды шешу	ОЖ тапсырмаларын басқару тілдері, бағдарламалық құралдар пайдаланатын басқару тілдері

Бұл оқулық ең алдымен орта білім беретін мекемелердің студенттеріне, қолданбалы бағдарламашыларына және операциялық жүйелердің пайдаланушыларына арналған, алайда ол ОЖ ортасында бағдарламалау және әкімгерлік мәселелерін де қозғайды.

Оқулықта айтылған ақпараттардың көп бөлігі UNIX және Windows буының операциялық жүйелерінде бар жалпы механизмдер мысалында беріледі. Материалдардың жарты бөлігі DOS тобының операциялық жүйелері үшін де қолданылады (Windows арналған тапсырмалар бөлімі).

Негізгі оқу операциялық жүйе ретінде кең таралған ОЖ Linux және Windows 7 операциялық жүйесі қарастырылады, дегенмен, кітаптағы материалдардың көп бөлігі UNIX-жүйесі және NT тобының Windows барлық негізгі нұсқаларына қолданылады.

Оқулық үш бөлімнен және қосымшадан тұрады:

- кіріспе терминологиясы алдағы тарауларда айтылатын ақпараттың барлығына сүйенетін операциялық жүйелердің жұмыс жасау қағидасы мен негізгі түсініктерінің анықтамасынан тұрады;
- 1 — 6 тараулар оқырманға операциялық жүйелер сүйемелдейтін объектілердің: жады, файлдар, пайдаланушылар, тапсырмалар және олармен жұмыс жасау тәсілдері даму тарихының деңгейлері туралы түсінік қалыптастырады;
- 7 — 10 тараулар оқырманның файлдар мен пайдаланушылар туралы білімін тереңдетеді, ОЖ әкімшіліктендіру мәселелерін қозғайды. Сонымен қатар UNIX және Windows операциялық жүйелер сүйемелдейтін процесстердің бір-бірімен байланысу және оларды басқару механизмдерін қарастыру сұрақтары енгізілген;
- Қосымша «Білімді бақылау» жүйесі каталогының құрылымы бойынша және UNIX операциялық жүйелердің негізгі командалары бойынша анықтамалық ақпараттан тұрады.

Оқулықтың әр тарауы өзін-өзі тексеруге арналған бақылау сұрақтарымен аяқталады.

Кітап көлемінің шектеулігінен кітапта мынадай сұрақтар қарастырылмаған:

- ОЖ генерациясы (ядро конфигурациясы, әкімшілендіру) [3];
- графикалық интерфейстер (X Window System) [2];
- бағдарламалардың жиі қолданылатын қолданбалы пакеттері;
- гетеорогенді жүйе және ортаны ұйымдастыру сипаттамасы [17];
- ядро, құрылғы драйверлерінің қосымша құрауыштарын жасау [16];

- нақты уақыт жүйесінде операциялық жүйелердегі бағдарламалаудың сипаттамалары [9];
- микроядерлік архитектуралар [15];
- әртүрлі байланыс хаттамалары негізінде желілік қосымшалар жасау [10].

Бұл тақырыптардың барлығын қызығушылық танытқан оқырманға өз бетімен зерттеу ұсынылады.

1 тарау

ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ КІРІСПЕ

1.1. НЕГІЗГІ ТҮСІНІК

Пайдаланушы операциялық жүйе ортасында өз тапсырмаларын шешкен кезде деректерді және оларды өңдеуге арналған аспаптық (бағдарламалық) құралдарды анықтау керек. Пайдаланушының тапсырмасын орындау көп жағдайда бірнеше құралдарды кезегімен пайдалануға алып келеді (мысалы, деректерді енгізу, саралау, біріктіру, шығару).

Операциялық жүйе пайдаланушыға құралдардың бастапқы жинағын және деректерді сақтау ортасын береді, сонымен қатар құралдарды пайдалану кезегін басқару құралымен қамтамасыз етеді. Пайдаланушы ОЖ ұсынатын құралдарды пайдаланып, бір немесе бірнеше кезектегі тапсырмаларды орындайтын уақыт интервалы *сеанс* деп аталады.

Кез-келген сеанс алдында пайдаланушы өзін сәйкестендіреді, соңында сеанс аяқталғанын көрсетеді. Бағдарламалық құрал-саймандарды кезекпен пайдаланудың сипаттамасы *тапсырма* деп аталады, ал тілдің өзі — *тапсырмаларды басқару тілі*.

Көптеген операциялық жүйелерде тапсырмаларды орындау командалық интерпретатормен жүргізіледі, оның толық анықтамасы алдағы тақырыптарда беріледі.

Әдетте пайдаланушыға командалық интерпретатормен байланыс жасау үшін қандай да бір интерфейс беріледі, оны пайдаланғанда командалар пернетақтадан енгізіледі, ал олардың нәтижесі экранға шығарылады. Осындай интерфейс терминалдың логикалық түсінігімен байланыстырылады — кіріс құрылғысы (қарапайым пернетақтаның) мен шығыс құрылғысының (мәтіндік ақпаратты шығаратын дисплей) жиынтығы. Қазіргі уақытта пайдаланушының графикалық интерфейсі көп қолданысқа ие (GUI), ол бұл оқулықта қарастырылмайды [2].

Бағдарлама (жалпы жағдайда) — дискте сақталатын (немесе басқа

ақпарат жинақтаушыда) процессор нұсқаулығының жинағы. Операциялық жүйе бағдарламаны орындауға жіберу үшін бағдарламаның орындалу ортасын қалыптастыруы керек — шешілетін мәселенің *ақпараттық айналасы*. Осыдай кейін операциялық жүйе орындалатын кодты және бағдарлама туралы ақпаратты оперативтік жадыға орналастырады да бағдарламаның орындалуына бастамашылық етеді.

Операциялық жүйе аппараттық ресурстарды басқару қызметін атқарады, пайдаланушы орындап жатқан бағдарламалар арасында оларды орналастырады және ішінде бағдарламаларға қажетті барлық ақпараттар қамтылған орындалу ортасын қалыптастырады. Бұндай орта бұдан кейін ақпараттық орта деп аталатын болады. Ақпараттық ортаға операциялық жүйе өңдейтін, бағдарламаның орындалуына ықпал ететін, яғни пайдаланушының тапсырмаларын орындайтын деректер мен объектілері кіреді. Бұдан әрі оқыту барысында әр түрлі сипаттағы ақпараттық орталарға мысал келтіріледі.

Бағдарлама, деректер және ақпараттық орта түсініктерін пайдалана отырып, ОЖ ортасында ақпараттық ортаның ажырамас бөлігі болып саналатын бағдарламалар мен деректер жиынтығы ретінде *тапсырмалар* түсінігін анықтауға болады.

Орындалу үстіндегі бағдарлама процесті қалыптастырады. *Процес (процесс)* ақпараттық орта мен бағдарлама деректері, орындалатын код сақталатын жадтың бөлігі арасындағы жиынтық. Әдетте операциялық жүйемен басқарылатын жадта бір мезетте процестердің бірнешеуі қатар орындала алады.

Бір процессорлы компьютерлерде тек бір процестің бағдарламалық коды қатар орындалатыны қалыпты жағдай, сол себептен процестердің бір бөлігі күту режимінде ал басқа бір процес орындалу үстінде болады. Процестер осылайша кезек құрады, операциялық жүйе кезектегі бірінші процеске басқаруды береді, одан кейін келесіне және с.с.

Пайдаланушыдан пернетақта арқылы кіріс деректерін ала алатын және өзінің жұмыс нәтижесін экранға шығара алатын әлеуеттік мүмкіндігі бар процес алдыңғы жоспар процесі; тікелей пайдаланушы ықпал етпей орындалатын процес — фондық процес деп аталады.

Өздерінің жұмыс барысында процестер процессордың есептеуіш қуатын, оперативті жадын пайдаланады, операциялық жүйенің сыртқы файлдарына, ядроның ішкі деректеріне жүгінеді. Бұл объектілердің барлығы процестің ақпараттық айналасына кіріп, ресурс деп аталады.

Ресурс ОЖ қол жетімділігін жасайтын физикалық объект болуы мүмкін — процессор, оперативті жады, дискті жинақтауыштар, сондай-

ақ тек ОЖ айналасында ғана жүзеге асатын логикалық объект бола алады, мысалы орындалатын процестер кестесі немесе желілік қосылу процесі. ОЖ тарапынан ресурстарды басқару қажеттілігі бірінші кезекте ресурстардың шектеулігі нәтижесінде туындайды (көлемі, пайдалану уақыты бойынша, қызмет көрсетіліп отырған пайдаланушылар санына байланысты және т.б.). Бұндай жағдайда операциялық жүйе ресурстардың сарқылуының алдын алып олардың шектелулерін басқарады немесе ресурстың сарқылуына байланысты жағдайларды өңдеу құралын ұсынады. ОЖ берілген көптеген ресурстар шектеулерінен кейін жүйе әкімшісімен өзгертіле алады.

Егер операциялық жүйе бірнеше процеске бір мезетте ресурсты пайдалануға рұқсат берген жағдайда оның ресурстарын 1.1-суретте [12] көрсетілген түрлерге бөлуге болады.

Бөлінбейтін ресурстарды берілген уақыт бөлігінде тек бір процес пайдалана алады, бұл кезде басқа процестердің ресурсты пайдаланып отырған процес оны толық босатпайынша оған қолжетімділіктері жоқ. Бұндай ресурсқа шектелген режимде жазба жасау үшін ашылған файлды мысал ете аламыз. Басқа процестердің бұл файлды пайдалануға жасалған әрекеттері (тіпті оқу үшін) сәтсіздікпен аяқталады.

Бөлінетін ресурстар бірнеше процеспен бір уақытта қолданыла алады. Сонымен қатар бұндай ресурстарға басқа процестер қолжетімді (мысалы, ағымдағы жүйелі уақытты анықтайтын сағаттар) болады.

Кейбір бөлінетін ресурстар бір мезеттік қол жетімділікті қамтамасыз ете алмаса да ресурс толық босаған уақытын күтпестен оларды бірнеше процестердің қолданылуына мүмкіндік береді.

Сурет - 1.1. операциялық жүйеде қолжетімді ресурс түрлері

Бұл жағдайда ресурсты уақыт бойынша бөлу үшін сәттерді кванттау қолданылады.

Уақыттың әр квантында бір процес осы ресурсты иемденуге толық

және шектеулі құқыққа ие болады. Оған қоса осы ресурс пайдаланып отырған процес кезінде квант мәні толық уақыттан, яғни процеске пайдаланушы тапсырмасын орындауға қажетті уақыт аралығынан әлдеқайда аз.

Уақыт бөлінісі қолжетімді ресурс мысалына көп мақсатты ОЖ процессорлық уақыты қызмет ете алады. Әр уақыт квантында бір процес нұсқаулығының белгілі бір саны орындалады, одан кейін басқа процеске бұйрық келеді де оның нұсқауларының орындалуы басталады.

Бөлінетін ресурсқа қол жетімділік күтіп тұрған процестер басымдылықпен кезекке тұрады. Дегенмен кейбір процестердің маңыздылығы жоғары болуы себебінен ресурсқа қол жетімділік рұқсатын тез алады.

1.1.1. Операциялық жүйенің типтік құрылымы

Әдетте операциялық жүйе құрамында екі деңгейді ерекшелейді: жүйе ядросы және көмекші жүйелік бағдарламалық құралдар, олар кейде жүйелік утилита деп аталады. *Ядро* жүйе ресурстарын басқару бойынша барлық қызметтерді ақтарады — физикалық және логикалық, сонымен қатар пайдаланушыларға (пайдаланушылар бағдарламасы) осы ресурстарға қол жетімділікті бөледі. Жүйелік бағдарламалық қамтылым көмегімен пайдаланушы ядро ұсынатын құралдарды басқарады.

Қарапайым операциялық жүйе ядросына келесі құраушылар кіреді: пайдаланушы сеансын басқару жүйесі, файлдық жүйе, тапсырмаларды (процестерді) басқару жүйесі, енгізу және алып тастау жүйесі. Қолданбалы бағдарламалармен ОЖ ядросының интерфейсі жүйелік шақыру бағдарламалық интерфейс көмегімен, ал аппараттық қамтылым бар интерфейс — драйвер көмегімен (Сурет -1.2) орындалады.

Пайдаланушылар сеанстарын басқару жүйесі пайдаланушы сеансын оның ОЖ жұмыс бастаған кезде тіркейді, сеанстың ақпараттық ортасына кіретін оперативті ақпаратты сақтайды, кіріс-шығыс жүйесі көмегімен пайдаланушы терминалын шынайы немесе виртуал құрылғымен сәйкестігін қолдайды, пайдаланушының жүйемен жұмысы аяқталған кезде сеансты сыпайы аяқтайды.

Сурет - 1.2. Қарапайым операциялық жүйе ядросының құрылымы

Файлдық жүйе сыртқы сақтау құрылғыларында сақталатын деректерді түрлендіруді орындайды (мысалы, дискті жинақтауыш немесе flash-жинақтауыш), логикалық объекттер файлдар және каталогтар. Сонымен қатар файлдық жүйе сеанстарды басқару жүйесі тарапынан ұсыныс түссе немесе файлдық жүйені жүйелік шақыртулар интерфейсі арқылы пайдаланған кезде файлдар мен каталогтарға қол жетімділікті шектейді.

Процестердің басқару жүйесі ресурстарды орындалатын тапсырмалар (процестер) арасында таратады, процестер жинақтауышын басқа процестер модификациясынан қорғанысты қамтамасыз етеді, процес аралық өзара байланыс механизмдерін жүзеге асырады.

Кіріс-шығыс жүйесі ядроның жоғарыда көрсетілген барлық құраушыларының өтінімдерін өңдейді және оларды ОЖ қолдайтын логикалық құрылғылар шақыртуына түрлендіреді. Бұндай құрылғылардың әр қайсысы логикалық объект болып табылады, оған жүгіну ОЖ үшін стандартты құралы арқылы (мысалы, оперативті жадының адресіне немесе арнайы файлға) жүреді. Логикалық құрылғы

толықтай виртуалды болуы мүмкін (ОЖ ядросының ішінде толықтай жұмыс жасайды немесе нақты аппараттық құрылғылармен драйвер арқылы байланысқан логикалық объектті білдіреді.

Толықтай виртуалды құрылғы ретінде UNIX-жүйелеріндегі «қара құрдым» /dev/null келтіруге болады. Бұл құрылғыға жазылатын барлық ақпарат жоғалып кетеді, яғни олар тапсырмаларды шешуге арналған болмашы деректерді жоюға қолданылуы мүмкін.

Құрылғылар драйверлері — бұл аппараттық құрылғылар үшін басқаратын командалар кезегімен жүйенің кіріс/шығыс сұрауларын түрлендіретін жүйелі бағдарламалар. Әр құрылғының драйвері оның аппараттық жүзеге асуының ерекшеліктерін жасырады және кіріс/шығыс жүйесіне жүйенің аппараттық қамтамасыз етуіне қолжетімділік стандартталған интерфейсін ұсынады.

Қолданбалы бағдарламашы тұрғысынан қарағанда ОЖ ядросы құраушыларына қолжетімділік жүйелік шақыртулар интерфейсі көмегімен жүзеге асырады — стандартталған міндеттер жинағынан тұратын кітапханалар жинағы. Бұндай жинақтың әрқайсысы қолданбалы тапсырмаларды шешуге арналған: желілік ресурстарға, графикалық режимге қолжетімділік, процес аралық өзара байланысты жүзеге асыру және т.б.

1.1.2 Операциялық жүйелердің жіктемелері

Ядроның құраушы бөліктерінің күрделілігі және олар жүзеге асыратын қызмет түрлері бірінші кезекте бір сәтте ОЖ қызмет көрсетілетін пайдаланушылар санына және бір мезгілде қатар орындалатын процестер санына тәуелді. Сол себепті ОЖ жіктелуін осы екі параметр бойынша жүргізіп ядро құраушыларын ОЖ әр типінде қарастырамыз.

Бір мезетте қызмет көрсетілетін пайдаланушылар санына байланыста операциялық жүйелер бір пайдаланушылы (бір мезетте бір пайдаланушының сеансынан артық қабылдамайды) және көп пайдаланушылы (бір мезетте бірнеше пайдаланушыны сүйемелдейді). Көп пайдаланушылы жүйелер пайдаланушы деректерін басқа пайдаланушылардың санкцияланбаған қолжетімділіктерінен қорғанысын қамтамасыз етіп қана қоймай бірнеше пайдаланушыларға ортақ мәліметтерді бөлу құралын ұсынады.

ОЖ бұл түрлерінің ерекшеліктерін толықтай қарастырайық.

Бір мезетте орындалатын процестер санына байланысты операциялық жүйелер бірмақсатты (жұмыс істейтін процес саны біреу) және көпмақсатты (жұмыс істейтін процестер саны көп) болып бөлінеді. Көпмақсатты жүйелердің бірмақсатты жүйелерден негізгі айырмашылығы ресурстарға қолжетімділікті басқару құралының бар болуы — ресурстарды бөлу және қолданыстағы ресурстарды блоктау.

Бір пайданалануышылы ОЖ. ОЖ бұл түрі пайдаланушының тек бір сеансын сүйемелдеуді қамтамасыз етеді. Пайдаланушы жұмысының жаңа сеансы тек алдыңғы сеанс біткен соң ғана басталай алады. Бұл жағдайда пайдаланушының жаңа сеансында дәл сол ақпараттық орта сақталады.

Бірпайдаланушы ОЖ тарапынан қарағанда пайдаланушыларды ажырату мүмкін емес, сол себепті егер бұндай операциялық жүйемен бірнеше пайдаланушы жұмысын бастаса, ол әрқайсысына барлық ресурстарға қолжетімділікті қамтамасыз етеді және сол ақпараттық ортаның өзіне де қолжетімділікті қамтамасыз етуі ықтимал. Пайдаланушы өзінің бірегей деректерімен, мысалы салынбалы дисктегі мәліметтерімен жұмыс жасай алады. Осындай жұмыс жағдайында жұмыс сеансының ақпараттық ортасы жүйеде әртүрлі болады.

Бір пайдаланушылы ОЖ сеанстарымен басқару жүйесі құрамына тек бастамалау құралы және пайдаланушының ақпараттық ортасын қолдау құралы кіреді. Бұған қоса көптеген бір пайдаланушылы ОЖ (мысалы, DOS) пайдаланушы сеансын бастапқы жүктемелеу сәті бірден ядроны және сценарийлерді жүктегеннен кейін басталады.

Сеансты аяқтау сәті ОЖ ядросын жадыдан шығару сәтімен сәйкес келеді (ОЖ жұмысын аяқтар алдында немесе құрылғыны тоқсыздандыру нәтижесінде). Осылайша, пайдаланушы сеансының өмір сүру уақыты ОЖ шамамен жүйенің жұмыс жасап тұрған уақытына тең.

Пайдаланушыларды ажырата алмау салдарынан сеанстарды басқару жүйесі және файлдық жүйе айтарлықтай шамада жеңілдетіледі. Бірпайдаланушылы ОЖ сеанстарын басқару жүйесінің ішіне пайдаланушылардың идентификациясы мен аутентификациясы құралдары кірмейді, сонымен қатар олардың сеанстарының ақпараттық ортасын қорғау құралдары да жоқ. Бірпайдаланушылы ОЖ файлдық жүйесіне ереже бойынша файлдар мен каталогтарға қолжетімділікті шектеу күрделі механизмдері жатпайды, бірақ файл жүйелерінде файлдар мен каталогтармен және олардың атрибуттарымен жұмыс режимін білдіретін жалғаулар болуы мүмкін.

Операциялық жүйенің тек бір пайдаланушының жұмыс сеансын қолдауы бір мезгілде пайдаланушының бірнеше тапсырмасын орындау

мүмкіндігін жоққа шығармайды. Басқа сөзбен айтқанда бірпайдаланушыға операциялық ондық жүйе көпмақсатты болуы мүмкін.

Көппайдаланушылы ОЖ. ОЖ бұл түрі көп пайдаланушылардың бір мезгілдегі жұмысын қатар қамтамасыз етеді, файлдық жүйемен және сеанстарды қолдау жүйесімен жүзеге асатын атқарымдар жинағын біршама кеңейтеді. Көптеген пайдаланушыларды қолдау төмен деңгейде кіріс/шығыс жүйесінде және процестерді басқару жүйесінде көрінеді.

Пайдаланушылардың сеанстарын басқару жүйесінің құрамына пайдаланушыларды идентификациясы және аудентификациясының құралы кіреді. Ол әр сеансты нақты және виртуал терминалмен байланысын қамтамасыз етеді, сеанстың бастапқы ақпараттық ортасының инициализациясы құралынан тұрады және сеанс деректерін қорғауды қамтамасыз етеді.

Көппайдаланушылы ОЖ файлдық жүйесі файлдар мен каталогтарға қолжетімділіктерді шектеуді қамтамасыз етеді, оған негіз сеанстарды басқару жүйесінен алынған пайдаланушылар идентификаторы. Файлдық жүйеде әр файл мен каталог оған пайдаланушылар қолжетімділік құқығын анықтайтын ақпараттық бұғатпен бірге жүреді. Пайдаланушыға дерек тек өзіне ғана қолжетімді болатындай, файлдар мен каталогтардағы деректерді басқа пайдаланушылар тек өзгерту емес, тіпті оларды оқи алмайтындай етіп пайдаланушы құқығын анықтау мүмкіндігін ұсынады. Дегенмен бір ақпаратқа ортақ қолжетімділік қажеттілігі туындағанда бір ақпарат жинағына бірнеше пайдаланушылардың оқуы немесе жазу мүмкіндігі ашылу ықтимал.

Кіріс/шығыс буферленуі мен құрылғыларға тікелей қосылудан басқа көп пайдаланушысы бар ОЖ кіріс/шығыс жүйесі пайдаланушылардың құрылғыларға қолжетімділігін бөлуді басқарады, яғни құрылғылармен бөлінетін реурстар секілді басқарады.

Әдетте көп пайдаланушылы ОЖ бірнеше пайдаланушылардың көп бағдарламасын бір мезгілде жүзеге асыруын қамтамасыз ететіндіктен олар көпмақсатты болып та саналатынын ескерген жөн.

Бірмақсатты ОЖ. Операциялық жүйелердің бұл тобы бір уақытта тек бір тапсырманы орындауға арналған. Жүйе басталғаннан кейін басқару бірден пайдаланушы жұмысы үшін жабын рөлін атқаратын бағдарламаға беріледі. Ереже бойынша бұндай жабынның қызметтерінің бірі — басқа бағдарламаларды іске қосу.

Бағдарлама іске қосылмас бұрын ақпараттық ортаның жабыны сақталады. Бағдарлама іске қосылған соң оның процесіне толықтай басқару және барлық ресурстарға қолжетімділік беріледі. Бағдарлама

аяқталған кезде процес жады босайды, ақпараттық орта жабыны қайта қалпына келеді және операциялық жүйе арқылы оған басқару қайтарылады.

Бағдарламалардың іске қосылуы бұндай ОЖ үшін кезекті. Егер бір бағдарламаға орындалуды жүзеге асыру үшін басқа бағдарламаны шақыру қажет болса, шақырып отырған бағдарламаның ортасы сақталады және шақырылған бағдарлама аяқталған соң бағдарламаның ақпараттық ортасы қайта қалпына келеді.

Біртапсырмалы ОЖ кіріс/шығыс жүйесінің құрамына құрылғыларға қолжетімділікті бөлу құралдары кірмейді, өйткені құрылғыны бір мезгілде тек бір процес қана пайдаланады.

Біртапсырмалы ОЖ көптапсырмалы да бола алады. Бұндай жүйенің мысалына пакеттік өңделуі бар ОЖ бола алады. Осындай ОЖ пайдаланушылар бағдарламаларды орындауға тапсырмалар кезегін құрады, бұған қоса тапсырмалар бірнеше пайдаланушыларға тиесілі болулары мүмкін. Жүйе пайдаланушылар бағдарламасын кезекпен орындайды, оның үстіне пайдаланушыны ауыстырар алдында бұған дейінгі пайдаланушының жұмыс сеансы аяқталады да жаңа пайдаланушы сеансы басталады. Осылайша, тапсырма өзгерген сайын әр бағдарламаның ақпараттық ортасы ауысады.

Көпмақсатты ОЖ. Көпмақсатты ОЖ бір уақыт мезгілінде көптеген бағдарламалар (процестер) іске қосыла алады. Бұл жағдайда процестерді басқару жүйесінің құрамына процестерді жоспарлау кіреді, ол өз кезегінде мынадай қызметтер атқарады:

- Процестерді жасау және жою — бағдарламаны жадқа жүктеу, ақпараттық орта жасау және ол жаңадан пайда болған кезде процеске басқаруды беру, ақпараттық ортаны өшіру және ол жойылған кезде жадыдан процесті шығару;
- Процестер арасында жүйелік ресурстарды бөлу — процестердің орындалуын жоспарлау, процестер кезегін қалыптастыру және кезектегі процестер артықшылықтарын басқару;
- Процес аралық байланыс — жалпыға ортақ деректерді процестер арасында бөлу немесе басқарушы өзара байланыстарды бір мезгілде орындалатын процестер арасында жіберу;
- Процестердің орындалу синхронизациясы — кейбір шарттар орындалмайынша процестердің орындалуын уақытша тоқтату, мысалы бір процеспен басқарылатын әсер етуді қайта жіберу.

Мұндай ОЖ кіріс/шығыс жүйесі қиындайды, өйткені кез-келген ресурс (файл немесе құрылғы) бір процеспен бірге пайдаланылуы мүмкін. Қолжетімділік шиеленісінің алдын алу үшін бұғаттау механизмі пайдаланылады, ол бөлінбейтін ресурсқа қолжетімділікті бір

мезгілде тек бір процеске рұқсат етеді.

UNIX тобының ОЖ көп пайдаланушылы көптапсырмалы операциялық жүйеге жатады. Осы себептен операциялық жүйенің осы тобы оқулықтың негізі болып алынды.

Жоғарыда айтылғандай оқулық қолданбалы бағдарламашыларға және пайдаланушыларға арналғандықтан, ол жерде операциялық жүйе әзірлеу және қолданбалы бағдарламалық қамтамасыздандыру ортасы ретінде қарастырылады.

Оқулықта тек UNIX ОЖ бастапқы құралы ғана қарастырылады, және мысалы X Window System B графикалық амалдары секілді қандайда бір кеңейтілулерге назар аударылмайды.

1.2. МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН ЖӘНЕ ӘМБЕБАП ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕР. НАҚТЫ УАҚЫТТЫҢ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕРІ

Жүйедегі пайдаланушылар санының негізінде және бір мезгілде орындалатын процестер санына байланысты жіктелуінен бөлек операциялық жүйелердің тағы бір жіктелу түрін қосуымызға болады: жалпы тағайындалудың операциялық жүйесі және арнайы тағайындалудың операциялық жүйесі.

Жалпы тағайындалудың операциялық жүйесі классына бірпроцесті және көппроцесті, бір пайдаланушылы және көп пайдаланушылы бола алатын жүйелер. Бұл операциялық жүйелер қарапайым үстел үстілік жүйелер қатарында жұмыс жасайды. Олардың негізгі тағайындалуы жүйенің пайдаланушыларына есептеу жүйелерінің аппараттық құралдарын басқарудың қолайлы және түсінікті механизмін ұсыну болып табылады. Пайдаланушыны төмен деңгейлі операциялар мен интерфейстерден барынша оқшаулап, оның өтінімін өңдеумен айналысады. Осындай операциялық жүйелер бірінші кезекте қолдану қарапайымдығына бағытталған, өйткені олардың басты пайдаланушылары бағдарламалаушылар емес, кәсіби біліктілігі төмен немесе орташа пайдаланушылар.

Көбінесе мұндай пайдаланушылар анимацияланған түсқағаздардың әдемі суретінің және графикалық интерфейстің барлық мүмкін әдемілігінің артында компьютердің барлық аппараттық жиынтығын басқаратын қуаты мықты бағдарламалық жиынтық жасырулы екенін түсіне бермейді. Ұқсас операциялық жүйелерге Windows, Linux, Apple iOS және т.б. топтарының үстелдік нұсқасы операциялық жүйелері

жатады. Басқаша айтқанда бұл операциялық жүйені пайдаланушы жұмыста қандай да бір мақсатты шешу үшін пайдаланса үйде де ойын-сауық құралы ретінде пайдалана алады.

Жалпы тағайындалудағы операциялық жүйесінен кереғар *арнайы тағайындалған ОЖ* күнделікті өмірде өте сирек қолданылады. Бұл операциялық жүйелердің негізгі пайдаланушылары— кәсіби біліктілігі жоғары бағдарламашылар. Ұқсас операциялық жүйелер арнайы есептеу жүйелерінің ресурстарын басқаруға арналған. Көп жағдайда бұл жүйелер кіріктірілген болып саналады, яғни өздері басқаратын құрылғыға тікелей кіріктірілсе де жұмыс істеуі қажет жүйелер болып есептеледі. Оларға Android, iOS, Windows CE және т.б. операциялық жүйелері жатады.

Арнайы тағайындалған операциялық жүйелердің қосалқы жиынтықтарының бірі *нақты уақыт операциялық жүйелері* болып саналады. Көртеген кіріктірілетін жүйелер мұндай бағдарламалық-аппараттық жиынтық құрамында жұмыс істейтін операциялық жүйе, сыртқы оқиға және ішкі деректерге өте аз уақыт ішінде әрекет етуін талап етеді. Басқа сөзбен айтқанда нақты уақыттың операциялық жүйелері — бұл белгілі бір уақыт ішінде талап етілетін қызмет деңгейін қамтамасыз ететін жүйелер. Нақты уақыт операциялық жүйелерін екі классқа бөлуге болады: қатты нақты уақыт жүйесі және жұмсақ нақты уақыт жүйесі. Талап етілген орындалу уақытынан аспай жұмыс істейтін операциялық жүйелерді қатты нақты уақыт операциялық жүйелеріне жатқызады. Егер операциялық жүйе талап етілген уақыттың жартысында ғана жұмыс жасаса жоғары уақыт шектеуін қатты сақтамаса бұл жүйені жұмсақ нақты уақыттың операциялық жүйесіне жатқызамыз. Дегенмен осы кезде нақты уақыт ОЖ екі классы үшін екіталай талабы бұл жүйелердің детерминизмі болып табылады, яғни оның оның әрекетінің болжамдығы.

Нақты уақыт жүйесі жүйе реакциясы кешеуілдеуі материалдық құралдардың жоғалуына алып келетін, адам өміріне қауіп әкелетін және т.б. апаттық жағдайларға әкелуі мүмкін жағдайларда қажет. Бұндай жүйелерде көп жағдайда операциялық жүйелерсіз өткізіледі.

Нақты уақыт операциялық жүйелерін пайдалану басқарушы БҚ жасап шығару уақытын қысқарту мүмкіндігін береді және келесі жағдайларды оның әрекетінің болжамдығын арттыруға ықпал етеді:

- Егер құрастырылған басқаратын БҚ көлемі бойынша үлкен болса;
- егер оның орындалуы барысында бірнеше есептеуші ағымдар қажет болса;
- егер шешілетін тапсырма ресурстарға қолжетімділік

синхронизациясы бойынша талаптары күрделі болса және т.б.

Бұндай операциялық жүйелерде процестерді басқару үшін екі тәсілдің бірі қолданылады:

1) Оқиғалардың артықшылықтары негізінде басқару. Бұл стратегияны пайдаланған кезде, басқару артықшылыққа ие оқиғаны өңдеуге байланысты процеске беріледі;

2) Уақытты бөлу негізіндегі басқару. Бұл жағдайда процестерді ауыстырып қосу берілген уақыт интервалында қалыпты түрде үзуге негізделіп және оқиға басталған кезде орындалады.

Жүйелердің осындай көп түрлерінде процестер құрамы өзгеріссіз болады. Олар операциялық жүйелер басталған кезде іске қосылады және оның жұмысы аяқталғанша жалғасады. Қолданылмай тұрған процестер пассивті күйге ауысуы мүмкін және егер осы процестің белсенділігі қажет оқиғаны өңдеу кезінде пассивті күйден шығады. Процестердің бұндай іске қосылу және аяқталу жүйесі операциялық жүйе әрекетінің және реакция уақыты бойынша параметрлерінің болжамдығы талабымен туындаған. Сол себепті осындай көптеген жүйелерде жаңа процестерді іске қосу жай жіберілмейді, олардың барлығы алдын ала анықталған болулары керек.

Қазіргі уақытта нақты уақыт операциялық жүйелерінің көп түрлері бар: LynxOS, RTLinux, VxWorks және т.б. нақты уақыт операциялық жүйесінің ең кең таралған түрі QNX болып табылады, ол кей кезде үстел үстілік ретінде де қолданылады. Бұл коммерциялық таралған өнімдерден басқа жеке компаниялардың өздері әзірлеген операциялық жүйелер де бар, олар коммерциялық негізде таратылмайды, тек дайын бағдарламалық-аппараттық жиынтық құрамында қолданылады.

1.3.

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ДАМУ ДЕҢГЕЙЛЕРІ

Операциялық жүйелердің тарихи қызметтері есептеуші техниканың өзінің дамуымен бірге дамыды. Өз уақытында есептеуші машиналар

топтарын ерекшелеу қабылданады, олардың орындалуы үшін келесідей элементтік базаларға сүйенеді: электронды лампалар, жартылай өткізгіш транзисторлар, микросұлбалар және т.б. Дегенмен жаңа жүйелік бағдарламалық құралдардың шығуына ықпал еткен бұл қасиеттері емес.

Жалпыға арналған жүйелік бағдарламалық қамтылымдардың дамуына негізгі ықпал еткен төрт фактор бар: есептеуіш машиналар архитектурасының унификациясы, оперативті жад көлемі, процессордың тез әрекет етуі және перифериялық құрылғының құрамы. Осылайша, жұмысында негізінен құрастырушылары қатысқан алғашқы машиналар үшін ешқандай да унификация сөз болған жоқ. Әр ұжымда командалар құрамымен де есептеу разрядты ұяшықтар көлемімен де тәжірибелер өткізілді. Тапсырмамен жұмыс жасау барысында бағдарламалаушы және оператор бір адам есептеуіш құрылғының толыққанды иесі болды. Ол бағдарламаны өзі жүктеді, деректерді өзі енгізді және нәтижелерін бағалады.

Стандартты бағдарламалар кітапханасы. Сериялық шығарылатын машиналар шыққаннан кейін бағдарламалық қамтымды ойлап шығару амалын стандарттау мүмкін болды. Бағдарламалаушыларды пайдаланушылардың бөлек класына ерекшелеу орын алды. Бағдарламалау өтілін жинақтау және жалпылауға арналған құрал сол уақытта стандартты бағдарламалардың кітапханасы болды. О кітапхана келесідей типтік атқарымдарды жүзеге асырады: тригонометриялық (sin, tg, arcsin), математикалық (log, exp, sqrt), сыртқы жинақтауыштардан мәліметтерді енгізу, шығару, бір есептеу жүйесінен басқасына түрлендіру және т.б. Осындай кітапхананың әдеттегі мысалы ИЖ-2 стандартты бағдарламасының (интерпретациялайтын жүйе) М-20 машиналарына арналған кітапханасы бола алады. Сонымен бірге М-20 сериялық шығарылатын үш адрестік жүйе командалары бар машина болғанын ескерген жөн; оның командалар жүйесіне ұқсас командалар БЭСМ-3, БЭСМ-4, және кейінірек М-220 машиналарында болды.

ИЖ-2 кешенді бағдарламасының жиынтығын бағдарламалаушы оперативті жадыға негізгі функционалдық бағдарламаны жүктемей тұрып жүктейді. Орындалып жатқан бағдарламаға жүйелік кітапхананың бір атқарымына жүгінуіне мүмкіндік беретін стандартты интерфейс қолданылды. Ол үшін атқарымның қажетті коды мен өзара байланыс үшін жады аумағын көрсету керек, мысалы мәліметтерді жүктеуге арналған жады бөлігі.

Кейінірек есептеуіш атқарымдардың көп бөлігі бағдарламалау тілі кітапханасынан ауысты және тіпті мәліметтерді бір пішіннен екінші

түрге ауысты, ал жүктеу және шығарға қатысты типтік әрекеттер операциялық жүйенің ажырамас бөлігіне айналды.

Қазіргі таңда бағдарламалаушылар ортасында осындай атқарымдарға арналған операциялық орта үшін API (Application Programming Interface) термині қолданылады, ұқсас жүйелік құралдардың қолданбалы сипаттамасын ерекшелейді.

Осыған орай есептеуіш машиналардың архитектурасы типтестірілді және олардың тез әрекет етуі ұлғайған сайын, оперативті жадыны жүктеуге, мәліметтері бар жинақтауыштарды орнату, яғни тапсырманың ақпараттық ортасының инициалдануы және т.б. орындауға арналған бағдарламаларды дайындауға кететін уақытты жоғалту мәселесі қауырт болды. Шынымен де, процессор он мыңдаған операцияларды 1 секундта орындағанда, бағдарламасы бар перфокартаны негізге орнатуға және енгізуге жұмсалатын бір жарым – екі минут 300 000 – 500 000 командаларын орындау мүмкіндігін жоғалтуға әкеледі.

Пакеттік мониторлар. Шешім жүйелік бағдарламалауларды ойлап шығарумен табылды — мониторлар, бағдарламалар мен деректер пакетін алдын-ала дайындалған магниттік жинақтауыштардан (сол кезде бұл магниттік ленталар болды) тез жүктеуге мүмкіндік берді. Пакеттердің орындалуын сыртқы қызмет көрсету үшін мамандардың арнайы тобы шықты — операторлар. Олар магниттік жинақтауыштарға бағдарламалаушылар дайындаған пакеттерді жүктеді. Одан кейін мониторлық бағдарламаны іске қосты, ол өзі кезегімен оперативті жадыға кезекті тапсырманы ескерді, қажет ақпараттық ортаны жасап, бағдарламаны өзі орындауға жіберді.

Бағдарламаның тез орындалуы үшін нәтижелер бірден басылып шыққан жоқ, жинақтаушы құрылғыларға шығарылды — жиі осындай магниттік ленталарға. Тек барлық есептеу жұмыстары аяқталғаннан кейін ғана мәліметтер біртіндеп қағазға басылып шығарылды. Ол жұмыс жылдамдығы басып шығару жылдамдығынан мың есе асып түсетін процессорлардың тоқтап тұруын қысқартуға мүмкіндік берді.

Жүйе құралдарының дамуының бұл уақыты операциялық жүйе құрамына жүйелік енгізу бағдарламасын енгізумен сипатталды. Оның қатарында пакеттерді дайындауға арналған, жүйелік монитор бағдарламасы (кейде оны бағдарламаны немесе пайдаланушылар сеансын басқару бағдарламасын басқаратын диспетчер деп атады) және мәліметтер пакетін есептеу кезінде алынған қайта жүктеуге арналған деректерді шығаруға арналған құрылғы, мысалы баспаның жүйелік шығару бағдарламасы да бар.

Мониторлық пакетпен бірге бағдарламалаушылар өз

тапсырмаларын орындай алатын тіл пайда болды. Бірінші ол тапсырмаларды басқару тілі деп аталды. Кейінірек, «операциялық жүйе командаларының тілі» термині жиі қолданыла бастады, өйткені оның құраушы бөліктері ОЖ интерпретаторы командаларын орындайтын командалар болды.

Оперативті есте сақтау құрылғысының сыйымдылығы өскен сайын операторларда осы үш бағдарламалық құралдарды (енгізу, мониторингілеу және шығару) әрқашан есептеуіш құрылғы жадында ұстап тұруға мүмкіндіктері пайда болды. Нәтижесінде жұмыстың барлық кезінде жаңа тапсырмаларды енгізіп және дайын болғанда нәтижелерін басып шығару мүмкін болды. Енгізу және шығару артықшылығы төмен режимде жасалды, ал негізгі уақытта процессор тапсырмалар пакетінің тапсырмаларын шешу үшін пайдаланылады.

Тапсырмаларды басқару тілінің бар болуы бағдарламалаушыға оның шешімі кезінде қасында болмауға мүмкіндік берді. Оған есептеу кезінде орын алуы ықтимал әртүрлі оқиғаларды сипаттап, операциялық жүйенің сәйкес әрекет етуінің алдын алуы жеткілікті. Есептеудің одан кейінгі қызмет көрсетуі оператор міндетіне жүктелді. Осы уақытқа бағдарламалаудың әртүрлі тілінде есептеу бағдарламаларын құратын бағдарламашыларды осы бағдарламалар көмегімен қолданбалы тапсырмаларды шешкен, тапсырмаларды басқару тілінің көмегімен деректер пакеті мен деректерін біріктіретін пайдаланушылардан анық бөлінуін жатқызуға болады.

Мульти бағдарламалау, көп мақсаттылық. Процессор жұмысының жылдамдығының ары қарай өсуі және оперативті жады көлемінің артуы машинада бір мезгілде бірнеше пайдаланушылардың бағдарламалары орындалатындай жағдайға алып келді. Ол екі мәселені шешуді қажет етті — бір-біріне параллель орындалатын бағдарламалардың тәуелсіз орындалуын қамтамасыз ету және бағдарламалары қатар орындалатын әр түрлі пайдаланушылардың мәліметтерін қорғау.

Бірінші мәселені орындау үшін диспетчер қызметін дамыта бастады пакеттегі бағдарлама ауысымы бойынша жұмысты тек қана жоспарламай, белсенді бағдарламалардың қайсысын орталық ресурсына беруге болатыны туралы шешім қабылдайды. Оған бір мезетте қатар орындалатын бағдарламалар арасында жадыны бөлу мәселесін шешу қажет болды.

Өз кезегінде аппараттық құралдар бір процес екіншісінің жұмысына кедергі келтірмейтіндей бақылай бастады. Егер жады басқа тапсырма кеңістігіне жүгінетін болса, бағдарламаның дереу тоқтауына (үзілу) алып келетін жадыны қорғауға арналған әртүрлі

құрылғыларының есебінен қамтамасыз етілді

Көргеніміздей, пакеттік өңдеу кезінде мультибағдарламалану пайда болды. Мульти бағдарламалау — жүйелік енгізу, шығару және пайдаланушы пакет мониторы бағдарламаларының параллель орындалуы. Дегенмен жүйелік бағдарламалар бір-біріне жұмыс жасауға кедергі келтірмеуге бір-бірімен өзара «келісті».

Енді есептеуіш құрылғыда әдейі немесе кездейсоқ ақпараттық ортада басқа пайдаланушы деректерін бұзуы ықтимал әртүрлі пайдаланушылардың бағдарламалары параллель жұмыс жасады. **Деректерді басқару.** Өзге пайдаланушылар бағдарламасының оларға санкцияланбаған қолжетімділіктің алдын алатын сыртқы жинақтаушыдағы деректермен жұмыс жасаудың ережелерін ойлап табу қажет болды. Осы мақсат үшін деректерді жазуды деректер жинағы (Data set) жинақтауыштарына ұйымдастыра бастады. Бұл мәліметті кім, қашан, жасағаны туралы қосымша ақпаратпен қамтамасыз етті және оған қол жетімділікті анықтады.

Құрылғыға (ақпаратты жинақтауыш) тікелей қолжетімді пайдаланушылардың бағдарламасы деректер жинағын ұйымдастыруға қатысты келісімді бұзуы мүмкін екені анық болды. Сол себепті сыртқы құрылғылар арасында деректермен алмасу бойынша барлық операциялар операциялық жүйенің меншігіне айналды, солай жүйелік кітапхана құрамы кеңейтілді.

Егер бағдарламаға сыртқы құрылғыдан мәлімет алу қажет болса, ол сәйкес API операциялық жүйесіне жүгініп, өз жады аймағына деректердің кезекті бұғаттауын алады. Ақпарат алудың осындай ұйымдастыру тағы бір пайдалы қасиетті қалыптастырды — бағдарламалардың деректерді физикалық ұйымдастырудан тәуелсіздік. Құрылғы тек операциялық жүйемен жұмыс жасағандықтан, пайдаланушы бағдарламасы деректер жинақтауышының сипаттамасынан көп деңгейде тәуелсіз болды.

Бұдан басқа, операциялық жүйеге қолжетімділіктің *құқықтығын* тексеру қызметін өзіне алды. Пайдаланушы — деректер жинағының иесі — ол өз жинағымен жұмыс жасауға кімге рұқсат ететінін және қандай режимде (тек оқу, оқу және жазу, өшіру және т.б.) болуы қажет екенін көрсету керек. Кейбір жағдайларда операциялық жүйе пайдаланушыға берілген кілт бойынша деректерді шифрлеуді де қамтамасыз етті.

Жинақтауыштарда деректердің белгілі бір ұйымдастыруын (файлдық жүйе) қолдау операциялық жүйе құрамына жинақтауыштарды алдын – ала дайындауды орындайтын тағы бір арнайы бағдарламаны (утилита) қосуды талап етті. Сонымен бірге

жинақтауышқа пайдаланушы деректерін бұдан кейін де орналастыруды қамтамасыз ететін арнайы белгілеу жазылды.

Уақытты бөлу жүйесі. Жады көлемінің және өнімділігінің артуының келесі деңгейінде ірі есептеуіш құрылғы тек бір ұйымға ғана емес түгел бір ауданға қызмет көрсете алатыны түсінікті болды. Әрине бұл кезде пайдаланушылардың жүйеге алыстан қол жетімділігін қамтамасыз ету мәселесі туындайды. Қол жетімділік мәселесі телетайп негізіндегі арзан терминалдық құрылғыларды пайдалану есебінен шешілді.

Терминал (пернетақта және басым шығаратын құрылғы) есептеуіш құрылғыға қарапайым телефондық кабель (екі өткізгіші бар сым) арқылы жалғанды. Уақытты бөлу операциялық жүйесі бірнеше жүздеген терминалдардың қатар қызмет көрсетуін (енгізу/шығару) қолдап үлгерді, өйткені телетайпта енгізу және шығару уақыты секундына бірнеше ондаған символдардан аспайды. Пайдаланушыда өзінің жеке есептеуіш машинасына қол жетімділігі бар деген иллюзиясы пайда болды. Оған енді оператор көмегінің қажеті болған жоқ.

Әрине процессор уақытын бөлу мульти бағдарламалаумен қамтамасыз ету деңгейінде қолданылды. Бірақ салыстырмалы түрде жылдамдығы аз құрылғылар арқылы көптеген пайдаланушылардың қосылуы машина жадын қолдану арқылы уақытты бөлу мүмкіндігіне әкелді. Пайдаланушы терминалдағы хабарламаны оқып, жауап енгізгенше оның бағдарламасы тұрып қалды. Сол себептен күту режимінде тұрған бағдарламаны операциялық жүйе сыртқы жинақтауышқа (магниттік диск немесе магниттік барабан) ысырып тастап отырды. Пайдаланушыдан ары қарай жұмыс жасауға ақпарат түскен кезде бағдарлама оперативті жүйеге қайта қалпына келеді. Жұмыс режимінің мұндай түрі свопинг (ағылшын тілінен *swop* — орнын өзгерту) атауын алды.

Уақытты бөлу жүйесінің пайда болуына операциялық жүйелердің сыртқы құрылғылармен алмасу қызметін өз мойнына алуы ықпал етті, және пайдаланушы терминалын кез-келген пәтерден жалғауға мүмкіндік беретін пайдалануда айтарлықтай арзан телефон желілері пайда болуы оң әсер етті. Әртүрлі пайдаланушылардың жеке мәліметтерін дербестендіру алдыңғы деңгейде шешілді.

Механикалық телетайптардың сенімділігі жоғары деңгейде болған жоқ, сол себепті электронды-сәулелік түтік негізіндегі терминалдар тез пайда болды, олар шығарудың жоғары жылдамдығына ие болды және сенімділік тұрғысынан көрсеткіштері жоғары болды. Әдетте оларды мәліметтердің қатты көшірмелерін алу үшін шағын басып шығару

құрылғылары (принтерлер) толықтырып отырды.

Терминалдардың осындай конфигурациясы Олимпиада-80 ақпараттық кызмет көрсету үшін Мәскеуде 1980 ж. және 1985 ж. Жастар және студенттер фестивальін өткізгенде кеңінен қолданылды. CDC фирмасының оқу терминалдары құрылған, оларды электронды-сәулелік түтіктің орнына плазмалы панель орнатылған. Бұл символдардың бейнеленуінің жоғары тұрақтылығын қамтамасыз етті, оған қоса, экран жазықтығы оған микрофильмдер суреттерін проекциялау мүмкіндігін берді, осылайша байланыс жолағындағы мәтіндік ақпаратты толықтырды.

Терминалға мәліметтерді алдын ала өңдеуді тапсыруға да болатыны өте тез түсінікті болды: символдық жолақтарды редакциялау, шағын көлемді деректерді сақтау, баспаны басқару. Бұндай терминал байланыс желісінен де орталық есептеуіш құрылғының да жүктемесін жеңілдетеді. Интеллектуалдық терминал туралы айтыла бастады.

Дербес компьютерлер және желілер. Келесі қадам интеллектуалдық терминалды өзінің орталықтандырылған процессоры бар, өзінің оперативті жады және сыртқы құрылғылар жиынтығы бар өз бетімен есептеу құрылғысына айналдыру. Тіке қолжетімді магниттік жинақтаушы негізінде деректерді жинау шағын құрылғысының тез дамуы олардың сыйымдылығы және қолжетімділік жылдамдығы пайдаланушының жеке ақпараттарын орналастыруға толық жететін дәрежеге жетті. Бір сәтте пайдаланушылардың барлық мәселелері шешілгендей болып көрінді. Олар монополиялық иемденуге өздерінің жеке есептеуіштеріне ие болды — дербес компьютер (ДК, Personal Computer — PC).

ДК бірінші операциялық жүйелерінде мультибағдарламалану дамыған құрылғылары және деректерді сақтау құралдары болған жоқ. Бұл бір пайдаланушылы, бір мақсатты операциялық жүйелер болды, бірақ бұлай ұзаққа жалғасқан жоқ. Орталықтандырылған деректер қорына қолжетімділік алуға деген талпыныс байланыс желілердің дамуына алып келді. Пайдаланушының тапсырмаларын орындауда және әртүрлі мәселелер қатарында тек бір ДК ресурстарымен қамтамасыз етіле алмады. Жады көлемінің өсуі және ДК микропроцессорлардың тез әрекет етуі мульти бағдарламалау және көп мақсаттылыққа өтуге мүмкіндік берді.

Алдыңғы деңгейде дамыған телефон желілері деректердің қажет көлемін жіберуге шамалары келмеді. Көлемі жүз байт жолақтық ақпаратты орталық есептеуіштен терминалға жіберу кезінде жеткілікті болған секундына мың және он мыңдаған биттер жылдамдығы жеткіліксіз болды. Шынымен де, 1 Мбайт қарапайым суретті жолдау

үшін бір жарым-екі минут қажет болады.

Сол себептен ДК дамуы, олардың пайда болу бірінші деңгейіне қаншалықты қызық болып көрінгенмен жоғары жылдамдықты байланыс желілерінің дамуын лезде ынталандырды. Операциялық жүйелер құрамында желілік алмасу бағдарламалық қызметінің болуы ажырамас бөлікке айналды. Негізінде бұл атқарымдарды стандартты атқарымдар кітапханасының ары қарай дамуы деп қарастыруға болады. бір жағынан қарасақ — бұл желілік қолжетімділік ережелерін және ұйымдастыру туралы өз келісімдері бар деректерді басқарудың заманауи жүйесінің бөлігі.

1.4.

UNIX және WINDOWS ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕР ТЕГІ

Windows және UNIX тегінің операциялық жүйелері және олардың тармақталуы қазіргі уақыттағы ең танымал және белгілі болып табылады. UNIX операциялық жүйелері операциялық жүйелердің ішіндегі ең ескі тармағы болып саналады, UNIX-операциялық жүйелері әлі де кеңінен қолданылады және өз өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Бір операциялық жүйе туралы емес, UNIX тегінің операциялық жүйелері туралы айтудың басты себебі, UNIX -тегі әртүрлі, көп жағдайда бір-бірімен байланысты емес өнертапқыштар ұжымдарында ұзақ уақыт дамыды.

UNIX ОЖ алғашқы нұсқасы 1969 ж. AT&T фирмасының Bell Labs зертханасының бірнеше бағдарламашылары шығарды және PDP-7 компьютерінде жұмыс жасады. Операциялық жүйе зертхана қызметкерлерінің тәжірибелік тапсырма міндеттерін шешу мақсатында пайдаланылды және де оны кеңінен тарату жоспарда болған жоқ. Біршама уақыт өткеннен кейін операциялық жүйенің көп бөлігі ассемблер тілінен C тіліне қайта жазылды, бұл өз кезегінде операциялық жүйені басқа көптеген платформаларға ауыстыруға мүмкіндік берді. Қазіргі таңда UNIX көптеген ағымдағы архитектураларға жұмыс жасайды және көбісіне басты ОЖ болып табылады.

AT&T ойлап шығарылған UNIX-жүйелерінің ары қарай дамуы және олардың туындысы System V (бесінші нұсқа) деп аталады, қысқартылуы SysV (кейде AT&T-нұсқасы UNIX деген атау

қолданылады).

1970 ж. ортасында UNIX бастапқы код Беркли университетіне тап болды, ол жерде UNIX жаңа нұсқасы пайда болып, BSD UNIX (Berkeley Software Distribution) атау алды.

Қазіргі кезде UNIX көптеген нұсқалары System V немесе BSD (сурет - 1.3) негізделген.

Екі тармағы да әртүрлі стандарттарды әр алуан дәрежеде қанағаттандырады, олардың ішінде POSIX стандарты бар. Соңғы кезде бірдей стандарттар жасалу үстінде. Осы стандарттардың талаптарын



Сурет - 1.3. UNIX әртүрлі нұсқаларының генеалогиялық тармақ

әзірлеу Silicon Graphics), Digital OSF/1 (DEC әзірлеуі) және Энди Таненбаум ойлап шығарған MINIX негізделген ескі нұсқа Linux.

Одан бөлек, UNIX тобының ОЖ генеалогиялық тармағында отандық талдамасы жатқызуға болады: ЕС ЭВМ арналған операциялық жүйелер МОС ЕС, ЕС ЭВМ және СМ ЭВМ арналған ДЕМОС, СМ ЭВМ арналған ИНМОС [5].

Windows тобының операциялық жүйелері туралы сөз ететін болсақ мүлдем басқа көрініс орын алады. Бұл операциялық жүйелер 20 жылдан көп уақытта жалғыз бір компания ойлап шығарды және әлі де шығару үстінде.

Windows операциялық жүйелер тарихы өз бастауын 1985 ж. алады, сол кезде Windows 1.0 ОЖ ойлап табылды. Бұл жүйе толыққанды ОЖ болған жоқ, көп бөлігі MS DOS операциялық жүйесі үшін графикалық қабаты ғана болды. Ол көпмақсатты режимнің шектелген қолдауын ОС MS DOS бағдарламаларына ыңғайлап жүзеге асырды. Дәл осы уақытта Microsoft IBM фирмасымен бірге толыққанды, көпмақсатты, графикалық интерфейсі — OS/2 операциялық жүйені ойлап шығарды. Алғашқыда, дәл осы OS/2 операциялық жүйе ескірген MS DOS алмастыруға бағытталды, бірақ 1990 жылдардың басында Microsoft және IBM жолдары екіге бөлініп, Microsoft жеке өзінің Windows

негізіндегі операциялық жүйесін дамытуға бар күш-жігерін салды.

1990 ж. Windows операциялық жүйелер дамуының елеулі қадамы болған Windows 3.0 ОЖ жарыққа шықты. 1992 ж. Windows 3.x бұтағының айтарлықтай қайта өңделген жаңа нұсқасы шықты — Windows 3.1. ол нұсқада TrueType әріптерін пайдалану мүмкін болды, WYSIWYG режимінде баспа, жұмыс тұрақтылығы артты, мультимедиялық қасиеті және т.б. қосылды.

Windows операциялық жүйесі тармағының келесі даму деңгейі Windows 9x ұрпағы болып табылады. Бұл топқа операциялық жүйенің үш нұсқасы кіреді: Windows 95, Windows 98 және Windows ME. Бұл операциялық жүйелер жаңартылған пайдаланушылық интерфейсті, файлдардың ұзақ атауын қолдауды, 32-биттік қосымшаларды қолдауды, TCP/IP стек қолдаудан асып түсті. Осы операциялық жүйелер жұмысының тұрақтылығына байланысты айтарлықтай үлкен кейітулер шақырды. Бұл операциялық жүйелердің нақты ядросы бір-бірінен процестерді оқшаулауға мүмкіндік беретін ығыстыратын көп мақсаттылықты (свопинг) қолдайды және бір процестің тежелуі әсерінен барлық жүйенің тоқтатылуының алдын алады. Ядро бөлігінің орындалуы ОС Windows 3.x ядросынан ерекшеленбегендіктен, мысалы жүйедегі жалғыз 16-биттік қосымшаның қатып қалуы барлық операциялық жүйенің қатып қалуына әкеліп отырды.

Windows NT (New Technology) тармағы негізінде жүйелер мүлдем басқа қағидамен жасап шығарылды. Осы тармақтың Windows тобының операциялық жүйелерін шығару 1988 ж. басталды. Бұл ұрпағы Windows операциялық жүйелерінің дамуындағы ең сәтті тармақ болды.

Windows NT 3.1 бірінші нұсқасы 1993 ж. шықты. Содан кейін арасына жыл салып бірінен кейін бірі Windows NT 3.5, 3.51, 4.0 нұсқалары жарыққа шығып отырды. Windows NT 4.0 нұсқасының интерфейсі Windows 95 стилінде болды, бірақ DirectX — ойын қосымшаларын қолдауға арналған кітапхана қолдануының болмауынан зардап шекті.

2000 ж. Windows NT ядросы негізінде жаңа Windows 2000 операциялық жүйесі шықты. Жүйе жаңа пайдаланушылық интерфейсті қосты, NTFS 3.0 файлдық жүйесін қолдады, сонымен қатар құрамында айтарлықтай көп өзгерістер болды.

2001 ж. Windows XP операциялық жүйе пайда болды. Бұл нұсқа Windows 2000 операциялық жүйелер өзгертуге арналған, сонымен қатар, сол уақытта зерттемесі тоқтатылған Windows 9x бұтағының операциялық жүйесінің ауыстыру ретінде ұсынылды. Бұл операциялық жүйе жаңа графикалық интерфейске, барлық бар болуы мүмкін

мультимедиалық атқарымдардың кең қолдауына, жүйені қайта қалпына келтіру қызметіне, көне бағдарламалар мен ойындармен жақсартылған үйлесімділікке ие болды.

2006 ж. Windows Vista операциялық жүйесі жарыққа шықты. Бұл жүйе DirectX негізінде жаңа пайдаланушы интерфейсін Windows Aero қолдады, User Control (UAC) жүйесі пайда болды. Іс-әрекеттерді бақылау Data Execution Prevention және Address Space Layout Randomization (ASLR) және т.б. эксплойттарын қолданудың алдын алу технологиясы қолданылды.

Көптеген жаңадан енгізілулерге қарамастан бұл нұсқа кең талқыға түсті және әлем бойынша кең қолданысқа ие болған жоқ. Осы нұсқаны алмастыру ретінде 2009 жылы Windows 7 операциялық жүйесі шықты. Бұл жүйе жаңа DirectX 11-нұсқаға ие болды, ескі қосымшалармен үйлесімділігі артты (Windows Vista салыстырғанда), жүйенің пайдаланушылық интерфейсі өзгеріске ұшырады және т.б.

2012 ж. Microsoft фирмасы Windows 8 операциялық жүйесін шығаруға дайындады. Бұл жүйе құрамындағы ерекшеліктер дауысты тану механизмдерінде қосымша жақсартулар бар, зиянды бағдарламалардың енуінен қорғайтын жақсартылған жүйе, интерфейсі өзгерген, Windows Phone 7 мобильдік нұсқасының интерфейсіне ұқсайды, және т.б.

Операциялық жүйелердің пайдаланушыларға арналған нұсқасынан бөлек Windows топтары серверлерге, деректерді өңдеудің үлкен орталықтарына арналған арнайы нұсқалары бар. Пайдаланушыларға арналған әр жаңа Windows нұсқасы шыққанда, әсіресе Windows NT ядросы негізінде, операциялық жүйенің серверлік нұсқасы қатар шығады (іс жүзінде сол ядрода). Осылайша келесідей серверлік нұсқалар шықты, Windows Server 2003, Windows Server 2008, Windows Small Business 2008, Windows Server 2008 R2, Windows Server 8.

1.5.

«БІЛІМДІ БАҚЫЛАУ» МІНДЕТІНІҢ ҚОЙЫЛУЫ

Материалды түсіндіруді түсінікті ету мақсатында оқулықта келтірілген мысалдардың басым бөлігі қосымшаны біртіндеп жасап шығаруға арналады. Ол қосымша студенттерге бақылау жұмысын тарату және орындалған жұмысты оқытушыға қайтадан жинап беруді автоматтандырады. Қосымшаның шартты атауы — «Білімді тексеру».

Сонымен қоса оқытушы мен студенттер арасындағы қарым-қатынастың кейбір аспекттері материалды баяндауды қысқарту үшін әдейі жеңілдетіледі. Операциялық жүйе ұсынатын әртүрлі механизмдердің жұмысы мен қолданылуын көрсететін сәттер ғана ерекшеленеді. Бұл қосымшаға арналған жиынтық мысал 1-Қосымшада келтірілген.

Оқулықтың негізгі бөлімінде «Білімді тексеру» қосымшасын сипаттауға қатысты таңбасыз әріппен ерекшеленген және негізгі мәтінмен салыстырғанда сол жақтан үлкен бос жерден басталады (келесі абзацтағыдай).

«Білімді тексеру» қосымшасы оқытушының студенттерге бақылау жұмыстарын тарату процесін және орындалған жұмыстарды қайтарып алу процесін автоматтандырады (сурет-1.4).

Бұл қосымша негізгі пайдаланушының үш түріне арналған:

- қолданбалы бағдарламалаушы — қолданбалы жүйе зерттемесін орындайды, оның қызметін кеңейтеді;
- оқытушы — әртүрлі тақырыптар бойынша бақылау жұмысы нұсқаларының базасын қолдайды, студенттерге жұмыс нұсқаларын таратады, жазылған жұмыстарды жинайды да тексереді. Жұмыстарды талдау және баға қою жүйе шеңберінен шығарылған;
- студент — бақылау жұмысының алынған нұсқалар тізімін қарайды, оларды орындайды да, орындалған жұмысты оқытушыға қайтарады.



Сурет - 1.4. «Білімді тексеру» жүйесінің жұмыс жасау сұлбасы

«Білімді тексеру» Қосымшасы тақырып бойынша топтастырылған бақылау жұмыстардың нұсқалар базасын сақтауға арналған құралды ұсынуы қажет. Әр тақырыптың бірегей номері болуы керек, әр нұсқаның —тақырып айналасында бірегей болатын номері болады.

Студенттердің жұмысы үшін оқытушы орындауға арналған жұмыс нұсқаларын орналастыратын жұмыс алаңы бөлінеді.

Студенттің жұмыс алаңының ішінде арнайы бос алаң болуы қажет, ол жерге студент орындалған жұмыстарды салады. Дәл осы арнайы алаңнан оқытушы жұмыстарды тексеру үшін алады да өз жұмыс алаңына орналастырады.

Осылайша, «Білімді тексеру» қосымшасында сақталған негізгі объекттерді анықтауға және жүйе пайдаланушылары ол қосымшамен жүзеге асыратын әрекеттерді білуге болады:

- Бақылау жұмысының *база*сы — қолжетімді нұсқалар туралы ақпараттың негізгі қоймасы. Деректердің негізгі объекті — нұсқа. Нұсқалар тақырып бойынша топтастырылған, тақырыптар ортақ базаны құрайды;
- студенттің жұмыс орны — студентке берілген бақылау жұмысы нұсқасын сақтау қоймасы. Әр студентте өзінің жеке жұмыс орыны бар.
- Деректердің негізгі нысаны — бақылау жұмысының нұсқасы;
- студенттің дайын жұмыс аймағы — студенттер орындаған, тексеруге дайын бақылау жұмысын сақтайтын орын;
- мұғалімнің жұмыс аймағы — студенттерден жиналған бақылау жұмыстарын жинайтын орын;
- бақылау жұмысының нұсқасы — сұрақтар мен жолақтар тізімі, студент жауаптарын жазуға арналған;
- бақылау жұмысының орындалған нұсқасы — студент жауап үшін толтырған бақылау жұмысының нұсқасы.

Жүйе пайдаланушының негізгі әрекеттерін автоматтандыруы қажет.

Мұғалімнің жұмысы:

- белгілі бір тақырып бойынша нұсқалар санын тексеру;
- нақты бір студентке тақырып бойынша бір нұсқа беру;
- барлық студенттерге берілген тақырып бойынша нұсқаларын

тарату;
- орындалған жұмыстарды өз жұмыс орнына жинау.

Студенттің міндеті:
- бақылау жұмысында берілген нұсқаларды қарау;
- бақылау жұмысын орындау;
- бақылау жұмысын оқытушыға тапсыру.

«Білімді тексеру» қосымшасын жазған кезде келесі мәселелер ескерілуі қажет:

- ақпаратты дискті жинақтауышта орналастыру және құрылымдау;
- әртүрлі ақпаратты қолжетімділік құқығын анықтау;
- пайдаланушының әдеттегі әрекеттерін автоматтандыру құралдары.

Интернет-дереккөздері

https://secшewikimedm.org/wikipedm/ra/wiki/Нақты_уақыттағы_операциялық_жүйе
http://wwwrtsoft-trammg.ra/?p=600067&PHPSESSro=9f9bebc48282ab1cc30cd35794ccb576
https://secure.wikimedia.org/wikipedia/en/wiki/Real-time_operating_system
http://www.osp.ru/os/1997/05/179265/

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Операциялық жүйе қандай негізгі қызметтерді атқарады?
2. Көп пайдаланушылы және бір пайдаланушылы ОЖ ядроларының не айырмашылықтары бар?
3. Ядро құрамына не себептен кіріс/шығыс қызметі енеді?
4. Өз құрамында файлдық жүйе болмайтын ОЖ бар ма?
5. Қолданбалы бағдарламашы мен қолданбалы пайдаланушының операциялық жүйемен байланыс құралдары бір-бірінен қалай ерекшеленеді?
6. Операциялық жүйенің қандай қызметтері қолданбалы бағдарламаның деректерді жинақтауыштарда физикалық ұйымдастырудан тәуелсіз болуын қамтамасыз етеді?
7. Ядросында файлдық жүйені қолдайтын қызметі жоқ ОЖ болуы мүмкін бе?

Тарау 2

ФАЙЛДЫҚ ЖҮЙЕЛЕР

2.1.

ДИСКТЕ АҚПАРАТТЫ САҚТАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Жүйемен жұмыс сеансы барысында пайдаланушы өзінің деректерін жаңартады және өзгертеді, мысалы құжаттар, суреттер, бағдарламалар мәтіндері. Көп жағдайда пайдаланушы мәтін теріп, оның қатты көшірмесін шығару мақсатында баспадан шығарып өз жұмыс сеансын аяқтай алады. Бұл кезде пайдаланушы өз жұмысының нәтижесін алады — басып шығарылған нұсқасы, ал терілген мәтін аралық дерек болып саналады, оны сақтаудың қажеті жоқ. Көп кездесетін жағдайларда мәтін көлемі көп болып, пайдаланушы оны бір жұмыс сеансында аяқтай алмауы ықтимал. Ондай жағдай болса оны пайдаланушы жүйеге жүгінгенде сақтау қажет. Мәтін сақталатын дерекке айналады.

Пайдаланушы деректерін ұзақ сақтау үшін деректерді жинақтауыштар қолданылады. Олар — дискті (қатты дисктер, CD- және DVD-дисктер, флоппи-дисктер), ленталық (стримерлер) немесе қатты денелі (flash-жинақтауыштар). Жинақтауышпен байланысты операциялық жүйе жасайды, ал пайдаланушы деректерінің бірлігі бұл жерде файл болып саналады.

Файл (кейде оны деректер жинағы деп атайды) пайдаланушы белгілейтін бірегей атауы бар, дискте сақталатын деректер деп қарастыруға болады. Файл деректерінің пайдаланушының қолданбалы бағдарламалары қолдануына арналған форматтары болады. Мысалы, кітап дискте book.txt атауы бар файл түрінде сақтала алады, ал мәтіндік форматта txt.

Файлдар атауы ұзақтығы шектеулі символдық жолақтар (әдетте 8 дейін немесе 255 символға дейін), олар файлда сақталған деректердің идентификациясы үшін қызмет етеді. Ереже бойынша файлдар атауында қолдануға тыйым салынған таңбалар қатары бар. Мысалы, UNIX-жүйелерде *, ?, /, \, <, >, &, $, | және басқа да символдар қатары.

Осы формат файлымен жұмыс істейтін бағдарламаны салыстыруды жеңілдету үшін оның түрін беруге болады. Ереже бойынша файл типі кеңейтілу көмегімен беріледі, нүктемен бөлінген файл атауының бөлігі.

Осылайша book.txt атауының ішінде, book — атауы, ал txt — кеңейтілуі. Файлдың ішкі құрылымы кеңейтілуден тәуелді емес, ал файлдар типтендіру Windows жүйелерінде жасалғандай тек кеңейтілу көмегімен ғана жүргізілмейді. Мысалы, UNIX-жүйелерінде бағдарламалардың орындалу үстіндегі файлдары әдетте кеңейтілуі болмайды, оның орнына оларға «орындалу үстінде» арнайы атрибут меншіктеледі.

Файл атауында типін көрсету оның өңделу форматын анықтамайды. Файлмен жұмыс істейтін бағдарламаға байланысты мәліметтер мүлдем әртүрлі болуы мүмкін. Мысалы, мәтіндік редакторда ашық (txt кеңейтілуі бар) мәтіндік файл символдар кезегін білдіреді – мәтін, осындай жағдайда орфографияны тексеру үшін осы мәтінді құрайтын бөлек сөздер қажет. Резервтік көшіру бағдарламасы үшін дәл осы файл 16 Кбайт тұратын деректердің кезекті блогын білдіреді. Осылайша, файл құрылымы мен онымен жұмыс жасау тәртібін бағдарлама өзі енгізеді.

2.2.

ФАЙЛДЫҚ ЖҮЙЕЛЕР

Операциялық жүйе тарапынан файл дегеніміз не? Дәлірек тоқталсақ, файлдық жүйе тұрғысынан ОЖ ядросының бөлігі ретінде файл дегеніміз не?

Операциялық жүйе қолданбалы бағдарламаларға файлдарға қолжетімділік интерфейсін ұсынады, бірақ өздігімен файл қандай ақпараттан тұратынын қарайды. Автокөлік үлгісін жасап шығаруға болатын ойыншық құрастырғышты көз алдымызға елестетейік. Дәл осылай операциялық жүйе бөлек «бөлшектерден» — блоктардан файлдарды жинайды.

Осы ретте дәл құрастыру сұлбасы ішіне бірге салынған құрастырғыштағыдай ОЖ бөлек блоктарды құрастыру ережесін басшылыққа алады. Бұндай құрастырылған блоктардың жинағы деректер жинағы деген атауға ие болды. Деректер жинағы — бұл файлға қарағанда деректердің әлдеқайда төмен деңгейлі ұғымы. Оның ұйымдастырылуы көп жағдайда деректер жинақтауыштың қасиеттерімен анықталады.

Деректер жинағының файл секілді бірегей атауы бар, файл құрамында бар барлық ақпаратқа ие, бірақ бұл ақпараттардың құрылымы операциялық жүйенің ядросымен анықталады. Онымен қоса, деректер жинағына басқа бағдарламаларға қолжетімді емес. Қызметтік ақпарат

кіруі ықтимал.



Сурет-2.1. деректер жинағының барлық блоктарына сілтемелері бар файлдық жүйелер

Файлдық жүйе қолданатын барлық дискті кеңістік бөлек блоктарға, яғни кластерлерге бөлінеді (әдетте қолданатын көлемдері 1, 2, 4, 8 немесе 16 Кбайт). Әр кластердің өзінің номері бар, пайдаланушы ақпаратын немесе қызметтік ақпаратты сақтайды. Бұл қызметтік ақпарат деректер жинағына блоктарды жинау үшін де қолданылады. Кластер өлшемі файлдық жүйені жасаған кезде бекітіледі. Мысалы, қызметтік блок деректер жинағына кіретін блоктар номерінің кезегін сақтай алады (сурет – 2.1).

Деректерді осылай ұйымдастыру тәсілінің кемшілігі үлкен файлдарда блоктар номерлерінің тізімі бір кластерден көп кластерге орналасуы мүмкін. Нәтижесінде файл көлемі шектелген болып шығады. UNIX-жүйелерде осы шектеуді айналып өтудің бірнеше тәсілі бар, мысалы қызметтік блоктарды *дарақ*қа ұйымдастыруға болады, сонымен қатар әр қызметтік блок деректері бар блоктер кезегін және тармақтың келесі деңгейінің қызметтік блоктарын сақтайды.

Деректер блогын ұйымдастырудың басқа тәсілі келесідей: деректер жинағы кезекпен тұрған кластерлерге орналасады, бұл жағдайда қызметтік блокта бірінші және соңғы кластерлер номерлерін сақтаған жеткілікті (сурет -2.2).



Сурет-2.2. Деректер блогын кезекпен ұйымдастыру файлдық жүйесі



Сурет - 2.3. Деректер блоктарын тізім бойынша ұйымдастыру файлдық жүйесі

Деректердің жиі өзгеруі кезінде ұйымдастыру тәсілі қолайлы емес. Деректер жинағының көмегі ұлғайған кезде соңғы блоктан кейін қажет көлемде бос блоктар болуы керек немесе деректер жинағын әр сайын бір орынға орналастырып отыру қажет. Дегенмен деректерді ұйымдастырудың негізіне ұқсас қағидалары CD-ROM-жинақтауыштарға салынған, ал бұған дейін ОС РАФОС қолданылды.

Ұйымдастырудың тағы бір тәсілі әр блокта шағын қызметтік орын бөліп, сол жерге деректер жинағының келесі блок номерін жазып сақтау (сурет–2.3). Осылайша, деректер жинағы сызықтық тізімде ұйымдастырылады, ал қызметтік блокта пайдаланушы дерегімен бірге бірінші блоктың номерін сақтаған жеткілікті.

Жинақтауыштағы деректер жинағы құрылымы туралы келісім файлдық жүйенің бөлшегі болып саналады, ол үш құрауыштан тұрады:

1) Деректерді жинақтауышта сақтау құрылымы туралы келісім — жинақтауышқа орналастырылуы мүмкін ақпарат типін анықтау (мысалы пайдаланушының/қызметтік ақпарат), сонымен қатар жинақтауышта деректер орналасуына қатысты ережелер жинағы;

2) Деректерді өңдеу ережелері туралы келісім — ережелер жинағы осы ережелерді негізге ала отырып деректер өңделеді, мысалы «файл, оған деректер жазылмай тұрып ашық болуы тиіс»;

3) ОЖ ядросының құрамына кіретін деректерді өңдеу процесі де жоғарыда көрсетілген келісімдерге бағынады.

Сондықтан файлдық жүйе туралы айтқан кезде оның қай аспектісі туралы сөз қозғалып отырғанын жиі анықтау керек.

ОЖ арналған деректер жинағы идентификаторы ретінде әдетте қызметтік блок кластері алынады. Операциялық жүйе деректер жинағы идентификаторы мен файлдар атауы арасында сәйкестікті қолдайды. Бұл пайдаланушыдан деректерге жүгіну механизмін

жасыруға мүмкіндік береді — пайдаланушы файлды атауы арқылы іздейді, ал операциялық жүйе осы атау бойынша деректер жинағы идентификаторын табады.

Деректер жинағы идентификаторы мен файлдар атауы арасында сәйкестік файлдарды орналастыру кестесі деп аталатын дисктік кеңістіктің арнайы аумағында сақталады. Әр деректер жинағына файлдардың бірнеше атауы салыстырылуы мүмкін. Осындай әр сәйкестік файлдарды орналастыру кестесінде бөлек жазба болып жазылады және UNIX-жүйесінде қатты сілтеме деп аталады.

Қатты сілтеме бір дерекке бірнеше файлдар атауымен жүгінуге жағдай жасайды. Бұл деректі әрқайсысы тек белгілі бір кеңейтілуі бар файлдармен ғана жұмыс істейтін бірнеше бағдарлама көмегімен өңдеу қажет болса ыңғайлы.

Деректер жинағы қызметтік блогының UNIX-жүйесінде деректерге қолжетімділік режимі туралы ақпарат (қолжетімділік құқығы, 6.4 тарауды қарау қажет) сақталатындықтан, бұл ақпарат барлық қатты сілтемелер үшін бірдей болады.

Қатты сілтемелерден бөлек символикалық сілтемелер бар — осы сілтеме көрсететін файл атауын сақтайтын арнайы файлдар (сурет – 2.4). Осылайша символикалық сілтеме деректер жинағына емес файлға сілтеме жасайды. Бұл сілтеме жиі өзгертілгенде немесе әртүрлі сілтемелерге әр түрлі қолжетімділік құқығын беру қажет болған кезде ыңғайлы.

Деректер жинағының құрылымы көп жағдайда деректерге қолжетімділік режимін анықтайды. Мысалы, деректер жинағының блогын тізбекті кластерлерге орналастырған кезде немесе сызықтық тізім пішінінде ұйымдастырған кезде деректерге тізбектей қолжетімділікті ұйымдастырған оңай — берілген деректер орнына барлық жүгіну тек алдыңғы деректер блогының барлығын алдын ала асып кеткеннен кейін мүмкін. Блоктар номері тізімін сақтауды ұйымдастыру туынды қолжетімділілікті ұйымдастыру кезінде өте ыңғайлы — белгілі бір блокты алу үшін оның номері қызметтік блоктан тауып алған деп есептеу жеткілікті.

Деректерге қолжетімділік режимі тек файлдық жүйемен анықталмайды. Егер деректер құрылымын және оның ары қарай өзгеруін жинақтауыштағы деректердің физикалық құрылымына дейін қарай беруді жалғастырсақ, деректер бірнеше түрлендіруден өтетінін көруге болады (сурет – 2.5), сонымен қатар әр деректерді пайдаланушы (мысалы, пайдаланушы бағдарламасы немесе файлдық жүйе) өздерінің



деректеріне қолжетімділік режиміне өз шектеулерін қояды.

Сурет- 2.4. Деректер жинағы, қатты және символикалық сілтемелер



2.5. сурет мәліметтерді ұсыну деңгейлері

Жоғарыда көрсетілген деректерді ұсыну деректердің логикалық құрылымын қалыптастырады — бағдарламалық қамтылыммен пайдалануға ыңғайлы құрылым, жинақтауыштағы деректердің физикалық сипатталуымен ешқандай ұқсастығы жоқ. Егер деректердің физикалық құрылымын қарастыратын болсақ, ең төменгі деңгейде деректер дисктің минималды адрестелетін аумағы, яғни магниттік домен (қатты немесе иілгіш дискте) ретінде ұсынылған. Бір магниттік домен дегеніміз бір бит ақпарат, сектор көлемі әдетте 512 байт тең, дегенмен бұл мән дисктік бөлім жасаған кезде өзгеруі мүмкін. Көлемі 512 бастап 4 096 байт дейін диапазонында ауытқиды. Сектор санауыш бастиек номері көмегімен, жолақ номерімен және жолдағы сектор номерімен сәйкестендіреді. Секторды есептеу немесе жазу кезінде ОЖ ядросына кіретін осы дисктік жинақтауыш драйверімен басқарылатын дисктік бақылағыш арқылы өтеді.

Дисктік бақылағышы бар драйвер интерфейсі құрылғыға қолжетімділік режимін анықтайды: символдық қолжетімділік кезінде ақпарат біртіндеп бір таңбамен есептеледі, блоктық қолжетімділік кезінде — белгіленген көлем блоктарымен (әдетте сектор өлшеміне *еселі*).

Драйвер құрылымдамаған номерленген физикалық блоктар тізбегі түріндегі дисктік кеңістікті ұсынады. Физикалық блок көлемі әдетте

сектор көлеміне тең. Деректердің физикалық түрінен логикалыққа ауысқан кезде физикалық блоктар файлдық жүйе жұмыс істейтін кластерлерге біріктіріледі.

Осылайша, файлдармен жұмыстың барлық жүйесі негізгі төрт деңгейге бөлінген: жоғарғы екеуі деректердің логикалық ұсынысын анықтайды, ал екі төменгісі – физикалық түрлерін анықтайды.

Қолданбалы бағдарламалаушының UNIX-жүйесіндегі негізгі жұмысы файлдық жүйе деңгейінде жүретіндіктен жоғарыда тізілген файлдық жүйенің барлық қызметтерін біріктіру қажет:

- Ақпарат жинақтауышында деректерді ұйымдастыру туралы келісімді анықтау;
- Деректерге қолжетімділік жолдары туралы келісімді анықтау (тізбекті және еркінше);
- Файлдардың атауы туралы келісімді анықтау;
- Деректердің логикалық құрылымы туралы келісімді анықтау;
- ОЖ ядросы құрамына кіретін және жоғарыда көрсетілген келісімдер бойынша жинақтауыштардағы мәліметтермен жұмыс жасауға арналған тәсілдер жинағын анықтау.

2.3. КАТАЛОГТАР

Файлдарды реттеу және ұйымдастыру үшін операциялық жүйелерде каталог түсінігі бар. Каталог файлдар туралы және басқа каталогтар туралы жазбалардан тұрады. Қандай да бір каталогта жазбалары бар файлдар мен каталогтар осы каталог ішінде орналасқан деп саналады. Бұл анықтаманың рекурсивтілігі каталогтар өзегі туралы, сонымен бірге файлдарды ұйымдастыру үшін қызмет ететін иерархиялық жүйе туралы айтуға мүмкіндік береді (сурет-2.6).

Суретте келтірілген атауы dir деп басталатын элементтер каталогтар, ал атауы file деп басталатын элементтер — файлдар. Егер бір каталог екінші каталогтың ішінде орналасатын болса сыртқы каталог бірінші каталогқа аталық деп аталады немесе *шағын каталог*. Ішінде орналасқан каталог ішкі каталог деп аталады. Мысалы, dir3 каталогы dir5 каталогы үшін аталық, ал каталог dir2 —dir1 каталогының ішкі каталогы. Аталық каталогы жоқ, иерархияның жоғары деңгейінде орналасқан каталог түбірлік каталог деп аталады.



Сурет-2.6. файлдарды каталог бойынша орналастыру мысалы

Каталогтарды заманауи операциялық жүйеде пайдалану үш факторға негізделген:

1) Каталогтар операциялық жүйенің файлды іздеуін жылдамдатады. *Дарақта* іздеу немесе бірдей шарттарды іздеу әдетте сызықты тізімге қарағанда тезірек жүреді;

2) Каталогтар файлдар атауларының бірегейлігінен кетуге рұқсат береді. Әр файлдың атауы бірегей болуы керек, бірақ бұл бірегейлік каталог шеңберінен тыс болуы керек;

3) Каталогтар жинақтауыштардағы файлдарды жіктейді. Әдетте бір каталогқа қандай да бір ортақ сипатпен біріктірілген файлдарды орналастырады, мысалы, кітап тараулары немесе операциялық жүйенің жүктелген файлдар.

Сақтау тұрғысынан қарағанда файлдық жүйедегі каталог — бұл өзінің ішінде сақталған файлдар мен каталогтар атаулары мен атрибуттары жазылған арнайы түрдегі файл. Қарапайым файлдардан ерекшелігі каталогтарға тізбектей қолжетімділік мүмкін емес — каталогтармен жұмыс файлдармен жұмысқа қарағанда басқаша ұйымдастырылған. Каталогпен жұмыс жасаған кезде біз олардың ішіндегі бөлек жазбалармен жұмыс жасаймыз, яғни осы каталогта орналасқан файлдар мен каталогтар туралы ақпараттардан тұратын ақпараттық блоктармен жұмыс.

Қарапайым операциялық жүйелер тек бір каталогпен жұмыс істейтін файлдық жүйелермен жұмыс жасай алады. Ол файлдар сақталатын түбірлік каталог. Анағұрлым күрделі операциялық жүйелер шектелмеген тіркеме каталогтар тармағымен жұмыс жасайды. Каталогтар бұтақтарының тіркеме тереңдігін шынайы шектеулігі

тіркеме бұтақтың төменгі деңгейінде орналасқан файлдардың атауларының ұзақтығымен анықталады.

Файлдың толық атауы—мәтіндік жолақ, арнайы таңба-бөлгіштер арқылы барлық каталогтар атауы көрсетілген, тамырлық каталогтан файлға дейінгі жолды көрсетеді. UNIX-жүйелерінде бөлгіш ретінде қиғаш сызық таңбасы қолданылады «/». Мысалы, file6 файлының толық атауы /dir1/dir3/dir5/file6 болады.

Бірінші қиғаш түбірлік каталогты білдіреді, яғни түбірлік каталогта file1 орналасқан файлдың толық атауы /file1 болады. Толық атаумен берілетін жол файлдың немесе каталогтың абсолюттік атауы деп аталады. Мұндай атау жолы қатыстық абсолюттік санау нүктесінен басталады—түбірлік каталогқа байланысты.

Қатыстық жол түсінігін анықтау үшін ағымдағы каталог түсінігін енгізу керек. Пайдаланушының жұмыс сеансының ақпараттық ортасына пайдаланушы қазір жұмыс жасап отырған каталог туралы ақпарат кіреді.

Ағымдағы каталогта орналасқан файлдар мен каталогтардың атаулары толық атауды бермей ақ, тікелей көрсетіле алады. Мысалы, егер ағымдағы каталог dir4 болса, онда file4 және file5 файлдарына атауларын толық көрсетпей-ақ, олардың тек өздерінің атауларын (file4 және file5) қолданып қана жүгінуге болады.

Қатыстық жол ағымдағы каталогқа қатысты анықталады, бірақ каталогтың өзінің атауы көрсетілмейді. Дегенмен де UNIX-жүйелерінде жолдың ағымдағы каталогтан екенін көрсету үшін мнемоникалық белгілеулер «.» жиі қолданылады. Егер ағымдағы каталог dir3 болса, онда оған қатысты file6 файлға апаратын қатыстық жол то ./dir5/file6 атаумен сұралады.

Аталық каталог жолын беру үшін «..» мнемоника қолданылады. Мысалы, егер ағымдағы каталог dir7, қатысты файл атауы file1 болса, жолы ../../file1 болады. алғашқы екі нүкте каталогты көрсетеді, dir7 үшін аталық, —dir4 каталогы, екінші екі нүкте — каталогқа, dir4 үшін аталық, —dir1 каталогы.

UNIX-ұқсас операциялық жүйелердегі жүйелік файлдар бөлек каталогтарда орналастырылған. Бұл әр түрлі файлдарды оларды пайдалануына қарай жіктеуге мүмкіндік береді. Көптеген UNIX-жүйелерінде жүйелік каталогтардың стандартты құрылымы бар (сурет-2.7).

UNIX-жүйелерінде ядроны (/boot), жүйелік кітапхана (/lib), жүйелік утилита кітапханасы (/bin), күйге келтіру утилитасы (/etc), пайдаланушылық бағдарламалар (/usr), пайдаланушылар деректерін (/home) сақтауға арналған бөлек каталогтар әдетте осылай



Сурет -2.7. UNIX-жүйесінің негізгі каталогтары



Сурет-2.8. «Білімді бақылау» жүйесінің негізгі каталогтары

ерекшеленеді. UNIX-жүйесінің стандартты каталогтар құрылымы туралы толықтай 7.1- бөлімде қарастырылған.

Біздің «Білімді бақылау» қолданыстағы тапсырмамызды шешу үшін деректерді ұйымдастыру құрылымын анықтау қажет. Ол үшін жүйелік файлдар UNIX қалай орналасса соған ұқсас жасауға болады — мәліметтер мен бағдарламаларды бөлек каталогтарға орналастырып, қосымша жіктеуді қажет ететін мәліметтерді деректер каталогының ішкі каталогына орналастырады.

«Білімді бақылау» қосымшасының бағдарламаларын және барлық деректерін сақтайтын каталог түбірлік каталогтың ішкі каталогы болсын (сурет-2.8), және атауын check деп алайық.

Қосымшаның деректері екі каталог бойынша жіктеледі — check каталогында студенттердің (students) және оқытушының (teacher) жұмыс үстелдерін сақтауға арналған каталог орналасады. Жүйедегі басты әрекеттерді орындауға арналған тапсырмалар scripts каталогына орналастырылады. Каталогтардың толық атаулары төмендегідей болады:

```
/check
/check/students
/check/teacher
/check/scripts
```

Әр студенттің жұмыс үстелі каталог болып табылады, оның атауы студенттің жүйедегі тіркелу атауымен сәйкес келеді. Әр студенттің каталогында орындалған жұмыстарға арналған бөлек ready ішкі каталогы бар.

Оқытушының жұмыс үстелінде әр тақырыпқа бір каталогтан арналады, тақырыптар нөмірленеді, ал каталогтар атаулары themel, theme2 және т.б. түрлері болады. Студенттерден жиналған жұмыстар үшін оқытушының жұмыс үстелінде арнайы бөлек каталог works болады.

2.4. ФАЙЛДАР МЕН КАТАЛОГТАРҒА ЖҮРГІЗІЛЕТІН ОПЕРАЦИЯЛАР

Файлдарға қолжетімділік үшін операциялық жүйе файлдармен жұмыстың негізгі қызметін жүзеге асыратын жүйелік шақыртулар жинағын ұсынады (кесте-2.1) [16].

Кесте- 2.1. Файлдармен жұмыс жасауға арналған жүйелік шақыртулар

Жүйелік шақырту	Сипаттама
Create	Шақырту кезінде ішінде деректер жоқ бос файл пайда болады. Шақырту файлға бірінше жазба жазылар алдында жасалады.
Delete	Файл атауын өшіреді. Егер деректер блогымен байланысты басқа файл атаулары жоқ болса, онда деректер блогы өшіріледі де, дисктік кеңістік босайды.
Open	Бұл шақырту кез-келген файлмен жұмыс басталар алдында жүргізілуі керек. Шақыртудың негізгі мақсаты — оперативті жадыға файл параметрлерін *оқу*, файлға кіріс-шығыс дисктік буфер бөлігін алып қою, және файлды ашқан бағдарлама жұмысы барысында файлға уақытша пайдаланушы идентификаторын тағайындау.
Close	Кіріс-шығыс буферіндегі, файл деректер жинағын сақтайтын дисктегі мәліметтерді жояды, буфер ресурстарын босатады, уақытша пайдаланушы идентификаторын өшіреді.
Read	Файлдан жалпы аумағына берілген байттар санын оқуға арналған. Оқу файлдағы ағымдағы позициядан басталады. Оқытылғаннан кейін ағымдағы позиция оқылған деректер соңынан баратын байтқа *көшіріледі.*
Write	Ағымдағы позициядан бастап мәліметтерді файлға жазуға арналған. Егер ағымдағы позиция файл соңымен сәйкес келсе деректер жинағы артады. Егер ағымдағы позиция файл ортасында орналасса, онда бар деректер жоғалады.

Жүйелік шақырту	Сипаттама
Append	Бұл жүйелілік шақырту Write шақыртуының қысқартылған пішінін білдіреді. Оның негізгі қызметі — файл соңына деректерді қосу.
Seek	Файлдағы ағымдағы позицияны белгіленген орынға апаруға арналған шақырту. Әдетте позиция файл басынан басталған байттар санымен беріледі.
Get Attributes	Файл атрибутын алуға арналған шақырту, мысалы оның пайда болған уақыты.
Set Attributes	Файл атрибуттарын орнатуға арналған шақырту.
Rename	Файл атауын өзгертуге арналған шақырту. Бұл шақырту ОЖ әруақытта бола бермейді, өйткені файлды жаңа атаумен көшіріп, ескісін кезде де немесе деректер жинағына қатты сілтеме жасап, ескі қажет емес сілтемені өшіру арқылы осы нәтижені алуға болады.

Каталогтарға қолжетімділік үшін операциялық жүйе шамамен файлдармен жұмысқа арналған қызметтерді жүзеге асыратын жүйелік шақыртулар жинағын ұсынады (кесте-2.2). дегенмен каталог ішіндегі ақпаратты мәтін секілді оқу мүмкін болмағандықтан айтарлық өзгешеліктер бар.

Кесте-2.2. каталогтармен жұмысқа арналған жүйелік шақыртулар

Жүйелік шақырту	Сипаттама
Create	Тек элементтерден тұратын бос каталог жасалады «.» және «..»
Delete	«.» және «..» элементтерден басқа ешқандай басқа файлдар мен каталогтары жоқ бос каталогтар өшіріледі.
OpenDir	Бұл шақырту кез-келген каталогпен жұмыс басталмай тұрып орындалуы керек. Шақыртудың негізгі мақсаты — оперативті жадыға каталог параметрлерін жазу. Жалпы алғанда бұл шақырту файлға арналған Open шақыртуына ұқсас.

Жүйелік шақырту	Сипаттама
CloseDir	OpenDir шақыртуымен оқылған, каталог параметрлерінің соңы арналып белгіленген жадыны босатады
ReadDir	Каталог элементін оқуға арналады. Файлға арналған Read шақыртуымен салыстырғанда бұл шақыртудың ақпарат бірлігі файлдардың қасиеттерін анықтайтын деректер құрылымы
Rename	Файлға арналған Rename шақыртуымен бірдей
Link	Каталогтағы файлға қатты сілтеме жасау
Unlink	Каталогтағы файлға арналған қатты сілтемені өшіру. Егер файлға соңғы сілтеме өшірілсе, бұл файлдың деректер жинағына қолжетімділік жоғалады, ал деректер қоры алып жатқан дисктегі кеңістік бос болады.

Файлдармен жұмыс жасау үшін пайдаланушы қандайда бір белгіленген тіл қолданады. Тілдің иілгіштігіне байланысты пайдаланушыға жоғарыда көрсетілген жүйелік шақыртылуға сәйкес тілдің синтаксикалық құрылысы ұсынылады немесе жүйелік шақыртулар бөлігі тіл құрылысымен жасырынады.

UNIX-жүйелерінде файлдармен жұмыс жасаудың әдеттегі тәсілдерінің бірі осы мақсатта UNIX командалық түсіндіруші және оларға ұсынылатын команда тілін пайдалану. Командалық түсіндіруші мүмкіндіктеріне келесі тарауда шолу жасалады.

2.5.

UNIX ЖӘНЕ WINDOWS ФАЙЛДЫҚ ЖҮЙЕЛЕРІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚАҒИДАЛАРЫ

2.5.1. UNIX файлдық жүйелерін ұйымдастыру қағидалары

Қарапайым s5fs файлдық жүйе негізінде UNIX ОЖ файлдық жүйесінің ұйымдастырылуын қарастырамыз.

Дискіде деректер жинағын сақтау үшін UNIX-жүйелерінде келесі тәсіл қолданылады: дискте сақталатын әр деректер жинағы блоктарға бөлінеді (бір блок көлемі диск секторының көлеміне тең). Деректердің бүтіндігін қамтамасыз ету үшін қызметтік блоктарда оның ішіне кіретін блоктарға сілтеме болады.

Бұл қызметтік блоктар бұтақ тәріздес құрылымға ұйымдастырылған, яғни әр блок басқа қызметтік блоктарға және пайдаланушы деректері блогына сілтеме жасалады (сурет-2.9).

Бұтақ тамыры индекстік блок (i-node), ол жерде файлдар атрибуттары (модификация уақыты, соңғы жүгіну уақыты, қолжетімділік құқығы, файл типі және т.б.) және деректер блоктарына сілтемелер массиві сақталады.

Сілтемелер массивінің көлемі шектелген. Егер блоктар саны массив көлемінен асып түссе жалаң сілтемелік блок жасалады да i-node элементтерінің біреуі соған сілтемені жасай бастайды. Жалаң сілтемелік блок деректер блогына сілтеме жасайды.

Сілтемелер массивінің де көлемі шектеулі болғандықтан индекстік блокта және жалаң сілтемелік блокта барлық сілтемелерді толтырып тастаған жағдайда қос сілтемелік блоктар жасалады. Дара блокқа жасалған сілтемелер екілікке ауысады да, индекстік блок қос блокқа сілтенеді.

Осылайша, сілтемелер ағашының тереңдігі өседі. Егер барлық деректер блогының сілтемелік блоктарына жинақтың ішіне кіретін *еселік* сілтемелер жетпесе,



Сурет-2.9 UNIX-файлдық жүйесінде деректер жинағының құрылымы

Үш есе сілтемелік блоктар жасалады.
өте терең деңгейге салынған сілтемелік блоктар болмайды, өйткені деректер блогын іздеуге жұмсалатын уақыт өте көп болып кетеді[16].

123	
4356	
12	File.txt
4356	Sudbir2

Сурет-2.10. Каталогты ұйымдастыру мысалы

Бұл файлдық жүйелердегі каталогтар арнайы файлды құрайды, оның ішінде файлдар мен каталогтар тізімі болады (2.10 сурет).
Бұл файлды әрқайсысы 16 байт көлемді жазбалар орналасқан, олардың ішіндегі ақпарат: бірінші екі байтта i-node файлының номері, ал қалған 14 байтта — файл атауы. Осылайша, бұл файлдық жүйелерде файл атауының ұзақтығы тек 14 символмен шектелген.

i-node номері астына тек 2 байт бөлінетіндіктен, каталогтағы файлдардың ең көп саны 65 535-санынан аса алмады. Бұл кестеде тек үш номер каталогтың өзін сипаттау үшін сонымен қатар оның аталық каталогын, алыстатылған файл (0 мәні) белгіленуін сипаттау мақсатында резервтелген, осы арқылы каталогтағы файлдың жалпы саны қысқарды.

Әр файлда өзінің жеке i-node болады. Ол жерде файл туралы барлық қызметтік ақпарат бар, оның көлемі, қолжетімділік құқығы және т.б. i-node жалпы құрылымы 2.3-кестеде келтірілген.

di_mode жолағы биттік жолақ, файлға қолжетімділік түрін және құқығын анықтайды (сурет-2.11).

Кесте-2.3. i-node құрылым элементтері

Жолақ	өлшемдер, байт	Сипаттама
di_mode	2	Файл түрі және қолжетімділік құқығы
di_nlinks	2	Файлға қатты сілтемелер саны
di_uid	2	Файл иесінің сәйкестендіргіші
di_gid	2	Топ иесінің сәйкестендіргіші
di_size	4	Файл өлшемі, байт
di_addr	39	Жады блоктарының адрестері бар индекстік блок
di_atime	4	Файлға соңғы қолжетімділік уақыты
di_mtime	4	Файлдың соңғы модификациялану уақыты
di_ctime	4	Индекстік дескриптордың соңғы өзгеру уақыты

Тип 4 бит	SUID	SGID	Sticky	User read	User Write	User exec	Group read	Group write	Group exec	Others read	Others write	Others Exec

Сурет-2.11. di_mode жолағы

Файл түрі алғашқы төрт битпен беріледі, және файл блоктық құрылғының тұрақты файлы ма, каталогы ма сол анықталады. Басқа биттер жүйе пайдаланушылары файлына қолжетімділік құқығын анықтайды, сонымен қатар арнайы орнатылған құқықтардың бар немесе жоқтығы туралы деректерді сақтайды.

Бұл файлдық жүйе қарапайымдылығымен ерекшеленеді. Дегенмен бұл қасиеті сенімділік, өнімділік және жан-жақты қызмет көрсету белгілі бір мәселелерінің теріс жағы болып табылады. Файлдық жүйеде деректердің жоғалуы немесе файлдық жүйе құрылымының бұзылуы орын алған жағдайда жады блогының қосымша адресаттары қолданылады. Тағы бір өзекті кемшілігі файл атауына және каталогтағы максимал файлдар санына қойылатын шектеу.

Linux тобының операциялық жүйелерінде соңғы уақытқа дейін негізгі файлдық жүйе ext2fs болды. Ол Linux операциялық жүйелерінің ең алғашқы нұсқаларында қолданылған Minix операциялық жүйесінің файлдық жүйесінің орынын алмастыруға келді. Ол 16-биттік архитектурасының шектеулілігі біліне бастаған, 1990 жылдарда ескіріп қалған s5fs файлдық жүйесіне қатты ұқсады. Сол себепті бірінші кеңейтілген extfs файлдық жүйе ойлап шығарылды, одан кейін ext2fs оның ізін жалғастырды.

Ext2fs файлдық жүйесі файл көлемінің шектеулілігін 2 Гбайт дейін кеңейтті және файл атауының ұзақтығын 255 таңбаға дейін арттырды. Одан бөлек, бұл файлдық жүйеде POSIX стандартының кейбір элементтері жүзеге асты. Өз негізіне байланысты ол классикалық s5fs файлдық жүйеге өте ұқсас.

Ол файлдық жүйенің ары қарай дамуы ext3fs болды. Оның алдындағы жүйелерден айырмашылығы журналдау механизмін қолдау болды.

Журналдау — кейбір қызметтік мәліметтерді арнайы файлға (журнал) жазу процесі. Ол ауытқу болған жағдайда файлдық жүйе құрылымын немесе оның ішіне болған мәліметтерді де қайта қалпына келтіреді. Заманауи файлдық жүйелердің көпшілігі журналдау және деректерді сақтаудың жоғары сенімділігін қамтамасыз етеді.

Журналданудың үш түрі бар: 1) writeback, тек құрылымдағы өзгерістер туралы ақпараттар сақталады, журналдағы жазба деректер жазбасымен синхрондалмаған;

2) ordered деп аталатын түрі writeback ұқсайды, бірақ журналға жазба файлда өзгерістер болғаннан кейін жүргізіледі; 3) journal, файлдық жүйе құрылымы туралы ақпаратпен бірге деректердің өзгерісі туралы да ақпараттар сақталады. Ең сенімді және ең баяу журналдау түрі journal болып табылады, ал сенімділік аз және тез журнал — writeback.

ext3fs файлдық жүйе журналданудың осы барлық түрлерін қолданды және ext2fs салыстырғанда әлдеқайда сенімді болды. Бірақ оның үлкен кемшілігі ext2fs қарағанда жылдамдығының өте төмен болуы.

Файлдық жүйе жұмысының жылдамдығымен мәселені шешу үшін және де басқа параметрлерін жақсарту үшін ext4fs файлдық жүйесі ойлап шығарылды. Бұл файлдық жүйе де журналданады, сонымен қатар, ол көлемі өте үлкен бөлімдерді қолдайды. Сонымен қатар оған экстенттерді сүйемелдеу қосылған, яғни файлдарға тек блоктанып бекітілген жады көлемін ғана емес, сипаттамасы үшін бір дискрептор қолданылатын, бірнеше блоктарды біріктіретін үлкен жады көлемін бөліп беру мүмкіндігі бар. Бұл файлдық жүйе ext3fs және оның алдында пайда болған файлдық жүйелерде шектеулі болған 32 000 каталогтарды жасауға мүмкіндік берді.

2.5.2. Windows файлдық жүйелерін ұйымдастыру процесі

Ең көне және ең танымал файлдық жүйелердің бірі FAT. Ең бірінші MS DOS операциялық жүйесі үшін жасалған файлдық жүйе қарапайымдылығына, жылдамдығына және тиімділігіне байланысты кең таралды.

Бұл файлдық жүйенің құрылымы өте қарапайым болды (сурет-2.12). алдымен жүктеу секторы орналасады, одан кейін — файлдарды орналастыруға арналған екі кесте (File Allocation Table — FAT, файлдық жүйенің атауын осылай етіп алынды, екінші FAT біріншісінің толық көшірмесі және оның зақымдалғанда қажет болады деген мақсатта сақталады), түбірлік каталог және файлдар.

Жүктеу секторы	ФЖ жайлы мәлімет	Қосымша секторлар	FAT#1	FAT#2	Түпкі каталог (FAT 12/16)	Мәліметтер

Сурет-2.12. FAT файлдық жүйесінің құрылымы

Бұл файлдық жүйеде барлық дисктік кеңістік кластерлерге бөлінеді, FAT кестесі әр кластерге қызметтік ұяшықтар береді. Файл туралы ақпарат тізімді білдіреді. Егер ұяшық файлдағы соңғы кластерге сәйкес болса ол FFFF мәнінен тұрады. Қолданылмаған кластерлер 0000 болып белгіленген, ал алыстағы кластерлер — FFF7. Файлды өшірген кезде тек каталогта жазба жасалады, ал кластерлер тізімі бұзылмайды. Егер кестеде ұяшықтардың тұтастық тізбегі бұзылмаған болса, файлды тез қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

Бұл файлдық жүйенің беріктілігі жоғары. Файлдар және бос кластерлер туралы ақпараттар бір кестеде сақталады, сол себепті әдетте екі операция арқылы орындалатын файл жазбасы FAT ішінде бір әрекетпен орындалады.

FAT файлдық жүйесі бірнеше операциялық жүйелерді және бірнеше инкарнациядан өтті. Қазіргі таңда FAT төрт нұсқасы бар: FAT12, FAT16, FAT32 және exFAT. Осы уақытқа дейін файлдық жүйенің осы форматы, әсіресе тасымалдаушы флэш-жинақтауыш секілді деректерді жинақтауыштары үшін белсенді түрде қолданылады.

NTFS файлдық жүйесін Microsoft фирмасы 1990 жылдардың басында шығарды. Бұл жүйе көп жағдайда өз уақытында OS/2 операциялық жүйеде новатор болып қолданылған HPFS файлдық жүйесінің ұрпағы болып саналды. Бұл операциялық жүйе Microsoft және IBM фирмалары бірге ойлап шығарды. Бірақ одан кейін Microsoft фирмасы өзінің жекеменшік операциялық жүйесін Windows дамыту туралы шешім қабылдады және HPFS файлдық жүйесінің зерттемесі негізінде оған арналып жаңа файлдық жүйе жобаланды.

Windows 3.xx және Windows 9x ядроларына негізделген Windows ескі нұсқалары, тек FAT файлдық жүйесімен жұмыс жасады. FAT өте көп модификациясы бар болғанымен және олардың жұмыстарының жоғары жылдамдығы шағын файлдардың көп санымен жұмыс жасауымен ерекшеленсе де олардың басым бөлігі UNIX/Linux-жүйелеріне жол береді.

FAT ұрпағы файлдық жүйелерімен байланысты негізгі мәселелер келесідей:

- Файлдық жүйелер FAT файлдық жүйенің жалпы өнімділігін бәсеңдететін деректер фрагменттеуге өте сезімтал;
- Логикалық бөлімдердің айтарлықтай үлкен көлемдеріне дисктік кеңістікті шығындайды.
- кенет ақау болған кезде немесе қайта жүктелу кезінде файлдық жүйенің жұмыс қабілеттілігін қайта қалпына келтіруге мүмкіндік беретін қателерден қайта қалпына келтіру механизмдерін қолдамайды;

- бірнеше ұйымдар мен серіктестіктерге Windows операциялық жүйесін пайдалануға кедергі жасаған POSIX қолдауы жоқ;
- Пайдаланушылар арасында деректерді бөлу құралы және қолжетімділік құқығын басқару құралдары жоқ.

NTFS файлдық жүйе FAT файлдық жүйесіне тән кемшіліктерді ескере отырып жасалды. Осы файлдық жүйеге тән негізгі қасиеттер:

- Сенімділік және қайта қалпына келушілік. NTFS файлдық жүйесі кіріс/шығыс операциялары транзакцияны білдіретіндей жобаланған. Бұл транзакциялар бөлуге келмейді, яғни талап етілген операция толық аяқталады немесе мүлдем аяқтамайды. Бұл файлдық жүйе күйін ақау болған жағдайда кейін қайтару операцияларын ауырсындырмай жасауға мүмкіндік береді;
- Қауіпсіздік және деректерге қолжетімділікті бақылау. NTFS файлдық жүйесі Windows қауіпсіздігінің жалпы архитектурасына сәйкес файлдар мен каталогтарды қорғалған нысан ретінде түсіндіреді. Бұл мәліметтерге белгілі бір пайдаланушылардың немесе пайдаланушылар тобының қолжетімділігін шектеуге мүмкіндік береді;
- Дисктік кеңістікті тиімді бөлу. NTFS файлдық жүйесі дисктік кеңістікті басқарудың механизмдердің тұтас қатарын қолданады, олардың ішінде каталогтар мен дисктерді қысуды қолдау, кесілген файлдармен жұмысты қолдау, мәліметтерді дефрагменттеу үшін мамандандырылған API бар болуы;
- POSIX қолдауы, қатты сілтемелер, ұзын атаулар, мәліметтерді шифрлеу, көлемі Гбайт көп логикалық томдармен жұмыс жасауды қамту.

NTFS файлдық жүйесі құрамында бірнеше жүйелік аумақ және деректерді сақтау алаңы бар. NTFS файлдық жүйесі жалпы құрылымы 2.13-суретте көрсетілген.

Негізгі жүйелік алаңдардың бірі Master File Table (MFT) алаңы болып табылады. Бұл алаңда жүйедегі барлық файлдар туралы ақпарат бар, MFT өзі туралы ақпаратта кіреді. Қандайда бір жаңа файл жасалғанда немесе жүйеден өшірілген кезде, сәйкес өзгерістер MFT ішінде де жүреді.

MFT кестесіндегі алғашқы 16 жазба қызметтік файлдар туралы ақпараттарды сақтау үшін резервтелген. Кестедегі алғашқы жазба MFT өзі туралы ақпаратты сақтауға арналған.

Жүктемелік	Мастер File Table	Резерв	Жүйелік	Қарапайым	MFT алғашқы 16	Қарапайым
Сектор		MFT	Файлдар	файлдар		файлдар

Сурет-2.13 NTFS файлдық жүйесінің құрылымы

Екінші жазба кестесінің көшірмесі туралы ақпараттан тұрады. Бұл көшірме әдетте диск ортасында орналасады да негізгі MFT зақымдалған болса, қайта қалпына келтіру үшін қолданылады. MFT кестесіндегі үшінші жазба файлдарды қайта қалпына келтіру үшін қолданылатын жүйелік журнал. 4 бастап 16 дейінгі жазбалар басқа қызметтік файлдар туралы ақпараттардан тұрады, ал 17 және одан кейінгі жазбалар қарапайым файлдар туралы ақпараттарды сақтауда пайдаланылады.

Қызметтік файлдарға мета деректер файлдары деп аталатын файлдар жатады. Метадеректер файлдары файлдық жүйені өшірген кезде автоматты түрде пайда болады. Мета деректердің негізгі файлдары және олардың сипаттамалары 2.4-кестеде келтірілген.

NTFS файлдық жүйесінің қызықты ерекшеліктерінің бірі файлдардағы ақпарат ағынын қолдау. *Осы ретте,* файлмен ақпарат ағынының біреуі емес бірнешеуі байланыстырылуы мүмкін. Бұл файлда тек негізгі деректерді сақтап қана емес ұқсас деректер ағынына қосымша ақпараттарды сақтауға рұқсат береді.

Кесте-2.4. NTFS мета деректерінің файлдары

Файл Метадеректер	Сипаттама
$MFT	Master File Table таныстырады
$MFTmirr	Диск ортасында орналасқан алғашқы 16 жазбаның MFT көшірмесі
$LogFile	Файлдық жүйелерді қайта қалпына келтіруге арналған файлдық операциялардың жүйелік журналы
$Volume	Деректер томы туралы ақпарат — белгі, файлдық жүйенің нұсқасы және т.б.
$AttrDef	Файлдардың стандартты атрибуттарының тізімі
$.	Түбірлік каталог
$Bitmap	Томдағы бос орын картасының орны
$Boot	Жүктемелі сектор
$Quota	Пайдаланушыларға арналған дисктік кеңістік шектеуліктері туралы ақпарат ақпарат сақталатын файл
$Upcase	Файлдар атауындағы үлкен және жазба әріптерінің сәйкестік кестесі. Файлдар атауындағы Unicode қолдауымен байланысты

Мысалы, файл автор туралы ақпарат, көшіру құқығы және т.б. файлға қатысты әр ағын тәуелсіз ашыла алады. Бір файлмен байланысқан барлық ағындар, бір атрибуттарға ие.
Ағындарды пайдалану мысалы ретінде келесі листингті қарастыруға болады:

```
C:\>echo data > data.txt C:\>echo
data1 > data.txt:stream1 C:\>echo
data2 > data.txt:stream2 C:\>more <
data.txt data
C:\>more < data.txt:stream1
data1
C:\>more < data.txt:stream2
data2
```

data.txt файлының негізгі ағыны ішінде data хабарламаның бар екені көрініп тұр, екі баламалы деректер ағыны өздерінің меншікті ақпараттарынан тұрады. Бірақ файлдық жүйеде бұл ақпараттар ағынының барлығы бір-дара файл болады.

Файлдарды, каталогтарды және бөлек томдарды автоматты түрде қысу NTFS файлдық жүйесінің ерекшелігі болып табылады. Қысылған файлдар Windows кез-келген қосымшасымен қысылмаған кезіндегідей өзгертіледі/оқылады, яғни файлдардың қысылуы және ашылуы нақты уақыт масштабында жүзеге асады. Дегенмен қысылған файлдармен, каталогтармен және томдармен жұмыс жасау қысылмаған файлдарға қарағанда көп уақытты қажет етеді.

Қолдауы файлдық жүйе NTFS енгізілген тағы бір механизм туралы айтып кеткен жөн — қатты сілтемелермен жұмыс. Бұл механизм POSIX стандартын қолдайтын жалпы механизмнің бөлігі ретінде енгізілген және бір дерекке сілтемеленетін әр түрлі файлдар жасауға мүмкіндік береді. Оған қоса ол мәліметтер қайталанбайды, дисктік кеңістікті үнемдейсіз. Қатты сілтемеден біреуін өшірген жағдайда деректердің өздері өшірілмейді. Деректер толық өшіріледі егер олармен байланысты қатты сілтеме өшірілген болса.

Windows қатты сілтемелер жасау үшін fsutil командаңың hardlink create параметрімен қолдануға болады. Бұл команда қолданыста бар файл үшін қатты сілтеме жасай алады.

Қатты сілтеме жасау мақсатында бұл команданы шақыртудың жалпы форматы келесідей:

fsutil hardlink create қатты_сілтеме_атауы бар_файлдың_атауы.

Жалпы алғанда NTFS өте бір қуатты және сенімді файлдық жүйе болып саналады. Бойында дисктік жинақтауыштарда мәліметтерді

сақтауда және өңдеуде сенімділікті нығайтып, жұмысын жеңілдететін қасиеттері бар. Және Microsoft корпорациясының келесі операциялық жүйелері бұл файлдық жүйені қолданудан бас тартқалы отырған жоқ. Болашақ Windows-жүйелеріне пайдалануға арналған. Өңделген файлдық жүйе WinFS, тәуелсіз болмайды. Ол NTFS файлдық жүйесіне қондырма бөлім ретінде шығатын деректердің реляциялық базасын білдіреді.

Б
ҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. файлдық жүйе қандай негізгі қызметтер атқарады?
2. Жинақтауышта деректердің логикалық және физикалық құрылымының негізгі ерекшеліктері неде?
3. NTFS деректерінің құрылымы қандай?
4. *Ата-ана каталог*ы дегеніміз не?
5. Ағымдағы каталог дегеніміз не?
6. Файлдардың абсолюттік және қатыстық атауларының айырмашылықтары қандай?
7. Операциялық жүйелердің қандай атқарымдары қолданбалы бағдарлама мен деректерді жинақтауышта физикалық ұйымдастыру арасында байланысты қамтамасыз етеді?
8. Файлдың қатыстық атауы абсолюттік атауынан ұзақ болуы мүмкін бе?

ТАРАУ 3

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІҢ ЖАДЫН БАСҚАРУ

3.1. ЖАЛПЫ ТҮСІНІК

Көбінесе оперативті жады деп аталатын жады кез-келген есептеуіш жүйесінің маңызды ресурстарының бірі. Сол себепті жадыны басқаратын қосалқы жүйе операциялық жүйенің маңызды қызметі. Бағдарламалар есептеуіш жүйенің процессорымен орындалуы үшін бағдарламаның орындалатын коды негізгі жадыға жүктелген болуы тиіс.

Негізгі жадыда деректердің өңдеудің жылдамдығы әдетте бағдарламаларды сақтайтын сыртқы жинақтауыштарда деректерді өңдеу жылдамдығынан айтарлықтай тез. Сол себептен операциялық жүйені жасау барысында жүктеме процесін және бағдарламаның орындалуын әр орындалып отырған процеске оперативті жадыдан жеткілікті орын жететіндей оңтайландыруға тырысады. Бұл біріншіден ағымдағы процестің орындалуын жылдамдатады, екіншіден операциялық жүйенің басқа процестерінің жұмысын баяулатпайды.

Командалық интерпретатордың пайдаланушымен байланыс жасауының негізгі тәсілі командалық жолақ интерфейсі болып табылады. Бұлай қатынас жасау тәсілінде жүйемен жұмыс жасауға арналған негізгі құрал ретінде *терминал* қолданылады. Терминал ақпаратты шығару және пайдаланушы ақпаратты енгізу үшін қызмет етеді. Физикалық терминал— бұл монитор және пернетақта. Логикалық, операциялық жүйе тұрғысынан терминал — бұл екі файлдан құралған жинақ. Бұл файлдың біреуі ақпаратты енгізу үшін пайдаланылады (пернетақтадан келетін ақпарат), екіншісі – ақпаратты шығаруға арналады (экранға шығарылатын ақпарат).

Кейбір операциялық жүйелерде терминал жазба үшін де ақпаратты оқу үшін де пайдаланылатын бір файлдан тұрады.

Осы ретте физикалық құрылғы файлмен жұмыс жасау режимімен анықталады — файлға жазылатын деректер экранға шығады, пернетақтадан енгізу оқылатын файлдағы ақпаратты толықтыра түседі.

Жұмыс басталуы үшін сигнал ретінде экранға шығатын *командалық жолақтың шақыртуы* немесе жай ғана *шақырту* қызмет етеді — интерпретатор команданы енгізуді күтіп тұрғанын көрсететін символдар тізбегі.

Команданы енгізу [Enter] клавишін басумен аяқталады, содан кейін интерпретатор команданы орындауды бастайды. Мысалы, терминалға сәйкес келетін файл атауын шығаруға болады. Ол tty команданы көмегімен орындалады:

```
$ tty <Enter>
/dev/console
$
```

Бұл жерде /dev/console — деректерді шығаруға және пайдаланушы енгізген деректерді оқуға қолданылатын файл атауы.

Пайдаланушының командалары терминалдан диалогтық режимге (командалық жолақ интерфейсі арқылы) немесе пайдаланушының қатысуынсыз пакеттік режимге беріле алады. Пакеттік режимде жұмыс жасаған кезде командалар тізбегі мәтіндік файл түрінде рәсімделеді. Командалардың тізбегі командалық интерпретатормен орындалатын тапсырманы анықтайды. Сол үшін командалық интерпретатор тілдерін тапсырмаларды басқару тілі деп те атайды. Тапсырманы анықтайтын файл көбіне сценарий деп аталады.

Тапсырмаларды басқару тілі келесі қасиеттерге ие болуы тиіс:

- Тапсырмалардағы бағдарламаларды орындау тізімін анықтайтын құралдары және қолданылатын ресурстарды анықтау құралы болуы керек;
- Бағдарламаны орындау типін анықтайтын құралдар болуы керек (негізгі режим, фондық режим, артықшылықты анықтау және т.б.);
- тапсырма бөлігінің орындалу шартын және тапсырманың тармақтану шарттарын орындау құралдары болуы тиіс;
- ОЖ (файлдар мен процестер) ресурстар күйін және олардың қасиеттерін (мысалы, қолжетімділік құқығы) тексеру құралы болуы керек.

5.2. ПАКЕТТІК ӨҢДЕУ

Тапсырмамен жұмыс екі режимде орындалады: диалогтық режимде және пакеттік өңдеу режимінде.

Диалогтық режимде жұмыс жасау дегеніміз тапсырманы орындау кезінде пайдаланушымен әрқашан диалог жасап отыру. Пайдаланушымен диалог жасау барысында қажеттіліктің пайда болуына байланысты тапсырмаға, бағдарлама құрамына кіретін командалар мен бағдарламалардың орындалу параметрлері

анықталады.

Егер тапсырманы орындау уақыты ұзақ болса (сағат немесе күн), онда диалогтық режиммен жұмыс жасау ақылға қонымсыз, өйткені тапсырма орындалу кезінде терминалда оператор отыру керек.

Бұл жағдайда операторға жүктемені азайтудың бір тәсілі — тапсырманы пакеттік режимде орындалатындай етіп құрастыру.

Пакеттік режимде барлық қажет деректер мен параметрлер тапсырмасы пакеттік режимде орындалар алдында дайындалады. Тапсырманың орындалуы оператордың қатысуынсыз жүргізіледі, ал барлық диагностикалық хабарламалар және қате туралы хабарламалар орындалу хаттамасы файлында жинақталады. Диагностикалық хабарламалар пакеттік режимде пайда болуына байланысты терминалға шығарылуы мүмкін, бірақ пайдаланушыға тапсырма орындалып болғаннан кейін экранға шығарылған тек соңғы хабарлама ғана қолжетімді болады. Егер диагностикалық хабарламалар саны терминал жолақтарының санынан асып кетсе, бірінші хабарламалар автоматты түрде өшіріліп қалады.

Тапсырмаға орындалмай тұрып мәліметтерді беру үшін тапсырма параметрлері қолданылады. Егер тапсырма командалық жолақ интерфейсі болып саналатын командалық интерпретатормен өңделсе, тапсырма параметрлері командалық жолақ параметрлері ретінде анықталады.

Командалық жолақ дегеніміз шақыртылатын тапсырманың атауы және оған берілетін параметрлер көрсетілген мәтіндік жолақ. Барлық параметрлер бір-бірінен бөлгіш-таңбалар арқылы бөлінеді, мысалы бос орындармен. Параметрлер — символдар тізбегінің, файлдар мен құрылғылар атауының және т.б. сандық тұрақтылар көрсететін жолақтар. Параметрлер интерпретациясы позиционды: параметрлер бөлгіштер арқылы ерекшеленеді, сол себепті бірінші және екінші параметрді анықтамай үшінші параметрді анықтауға болмайды. Берілетін параметрлердің құрамында жалпы айтқанда бөлгіш-символдардан және әртүрлі басқарушы кодтар болмау керек. Дегенмен параметр мәтінінде бос орынды қолдануға болады: оны қос жақшаға алады.

Команданы беруге болатын параметрлердің максимал саны алынған команда мен жүйенің максимал ұзындығымен анықталады. Әр түрлі жүйелерде бұл сан ауысып отырады. POSIX стандартына сай бұл мән 4 096 кем болмау керек. Жолақтың шектеуін анықтаудың ең оңай тәсілі — мына команданы орындау

```
xargs --show-limits
```

бұл команда сіздің жүйеңізге салынған шектеуді анықтауға ықпал етеді. Осылайша, «Білімді бақылау» жүйесінде give.sh тапсырмасы бар, ол белгілі бір студентке өткен тақырып бойынша бақылау жұмысының нұсқаларын таратуға арналған. Осы тапсырманы шақыртуға арналған қарапайым командалық жолақ төменде берілген:

```
give.sh 1 5 vasya
```

Бұл жерде give.sh — тапсырма атауы; 1 — тақырып санын анықтайтын тапсырманың бірінші параметрі; 5 — нұсқа номерін анықтайтын тапсырманың екінші параметрі; vasya — тапсырма берілетін студент атын анықтайтын үшінші параметр.

Тапсырманы орындау нәтижесі тапсырманың ақпараттық ортасының, яғни файлдар мен каталогтар күйі мен құрамының өзгертілуімен, пайдаланушының басқа тапсырмалары мен бағдарламаларының іске қосылуы мен тоқтауымен сипатталады. Тапсырманың орындалғаны туралы есеп жоғарыда айтылғандай экранға шығарылады немесе файлға барады. Тапсырманың орындалу нәтижесін автоматты түрде өңдеуді жеңілдету үшін оны орындап болған соң қайтару коды қалыптасады— орындалудың сәтті шыққанын сипаттайтын сандық мән. Қайтару кодының нақты мәні тапсырма мәтінінде анықталады. Тапсырманы қайтару кодына қолжетімділік аяқталғаннан кейін, командалық интерпретатордың арнайы құралдары көмегімен тікелей алуға болады.

Осылайша, «Білімді басқару» жүйесіне look.sh тапсырмасы кіреді, оқытушының жұмыс аймағында орналасқан берілген тақырып бойынша нұсқалар санын қарауға арналған. Осы тапсырманы іске қосу үшін оған тақырып номері беріледі:

```
look.sh 3
```

тапсырма өзінің орындалу нәтижесінде тақырып бойынша берілген нұсқалар санына тең қайтып келу сандық кодын қалыптастырады да оны өзі аяқталғанда қайтарады. Бұл қайтару кодын пайдаланушы немесе басқа тапсырма көре алады.

Қазіргі таңда диалогтық режим соңғы пайдаланушы үшін әлдеқайда ыңғайлы (мысалы, Windows операциялық жүйесінің бақылауымен жіберілетін көптеген бағдарламалар дәл осы диалогтық режимде жұмыс жасайды). Дегенмен, орындалудың пакеттік режимі көптеген бұрынғы операцияларды орындауда ыңғайлы болуы мүмкін. Сол себепті барлық дерлік операциялық жүйелерде командалық

интерпретаторлар немесе оларға ұқсас тапсырмаларды пакеттік режимде орындауға мүмкіндік беретін бағдарламалық құралдар бар.

5.3. BASH ИНТЕРПРЕТАТОРЫ ТІЛІНІҢ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Тапсырманы басқару тілінің синтаксисі пайдаланылатын командалық интерпретатормен анықталады. Осы оқулықта базалық ретінде командалық интерпретатор BASH (Bourne - Again Shell) қолданылады. BASH команданың диалогтық режимде жұмыс жасаған кезде командалық жолақ шақыртуына жауап пернетақтадан енгізіледі.

Файлдар түрінде рәсімделетін тапсырма екі бөліктен — командалық интерпретатор атын және оған апаратын жолды анықтайтын тақырыптан және тапсырма мәтінінен тұрады. Тақырып тапсырма файлының бірінші жолағының бірінші таңбасынан басталады және BASH интерпретаторы үшін әдетте келесідей жазылады:

```
#!/bin/bash
```

Бұл жерде «#» — түсініктеме таңбасы. Жолақтағы «#» таңбасынан кейін орналасқан барлық таңбаларын интерпретатор команда ретінде қабылдамайды, тапсырма орындаған кезде еленбейді.

Тақырыпта ерекше түрдегі түсініктеме болып саналады, өйткені «#» таңбасынан кейін бірден «!» таңбасы қойылған. «#!» конструкциясы тапсырма файлының алдына орналастырылғанда, одан кейін командалық интерпретатордың орындалатын файлының толық атауы жазылатыны туралы ескертеді.

Тақырыптан кейін сценарийдің негізгі бөлігі— командалар тізбегі жүреді. Сценарийдің бір жолағы бір немесе бірнеше командалардан, түсініктемелерден тұруы мүмкін немесе бос болуы да ықтимал. Ереже бойынша сценарийдің бір жолағы бір командан тұрады, егер командалар саны көп болса бір жолақта олар өзара үтір нүктемен бөлінеді.

BASH көптеген командаларының синтаксистік шақыртуы екі бөліктен тұрады:

```
<команда атауы> <параметрлер>
```

Команда аты ретінде BASH ішкі команданы немесе бағдарлама коды мен тапсырма мәтінінен тұратын файл атауын пайдалануға болады.

BASH жиі қолданылатын командалары және сыртқы бағдарламалар бойынша қысқаша анықтама 2 Қосымшада келтірілген.

Егер команда және оның параметрлері өте ұзын болса, алмастырып

қою таңбасын қолдануға болады «\». Осы таңбаны көрсеткеннен кейін команданы келесі жолақта жалғастырып жаза беруге болады, ал командалық интерпретатор ауыстыру таңбасынан кейінгі жазбалардың барлығын команданың жалғасы ретінде қабылдайды.

BASH командасы бойынша құжаттаманы қарау үшін кіріктірілген man анықтамалық жүйе қолдануға болады. Көмек парақшасын BASH шақырту үшін «man bash» енгізу қажет. BASH кіріктірілген командаларының сипаттамасы BUILT-IN COMMANDS бөлімінде орналасқан.

UNIX кез-келген команда бойынша анықтамалық команданы қарау үшін – команда атауы көрсетілген параметрі бар man шақырту маңызды. Командалар атауын іздеу үшін және олар туралы қысқаша ақпараттар алу үшін apropos бағдарламасын қолдануға болады. Мысалы, apropos edit шақыртуы бағдарламалар бойынша атауында edit кездесетін барлық анықтамалық парақтарды экранға шығарады.

5.4. АЙНЫМАЛЫЛАР

Тапсырмаларды жазған кезде айнымалыларды (жоғары деңгей тілдерінде бағдарламалау жасалғанға ұқсас) анықтау және пайдалану мүмкіндігі бар. Айнымалылардың екі түрі бар: ішкі айнымалылар және айнымалы орта, яғни ОЖ арнайы аймағында берілген және барлық орындалып жатқан бағдарламаларға қолжетімді айнымалылар. Айнымалылар ортасы — пайдаланушы бағдарламасының орындалуына ықпал ететін ақпараттық ортаның бөлігі.

5.4.1. Айнымалылар мәндерімен жұмыс

Тапсырманы орындау барысында мәні анықталмаған айнымалыға жүгінген кезде қате шығатын болады. Бұл BASH ішінде мәннің жоқ болуы мен бос жолақ арасында айырмашылық болуымен байланысты. Қателіктің пайда болуының алдын-алу үшін айнымалы мәндеріне қолжетімділіктің әртүрлі тәсілдері бар:

- $var — var айнымалысының мәнін немесе егер ол инициализацияланбаған болса бос мәнді алу;
- ${var} — $var барабар;
- ${var:-string} — егер анықталған болса var айнымалысын алу, немесе егер var айнымалысы анықталмаған болса string жолағын

шығару;

- ${var:=string} — егер анықталған болса var айнымалысын алу, немесе егер var айнымалысы анықталмаған болса string жолағын шығару. Онымен қоса егер айнымалысы анықталмаған болса оған string мәні меншіктеледі;
- ${var:?string} — егер анықталған болса var айнымалысын алу, немесе егер var айнымалысы анықталмаған болса string жолағын шығарылады да тапсырма аяқталады.
- ${var:+string} — егер var] анықталған болса, string мәнін алу, немесе егер var айнымалысы анықталмаған болса бос мән алынады[8].

Айнымалы мәнінің орнына string мәнін алмастырып пайдалану өте қолайлы, мысалы келесі жағдайда: тапсырма экранға файлды cat команданы арқылы шығарады деп болжайық. Шығарылатын файлдың атауы айнымалы ортада бар. Егер айнымалы орта берілмесе — файлдың алдын-ала берілген атауы алмастырылып қойылады:

```
cat ${FILENAME:-/home/sergey/default.txt}
```

Осылайша, егер айнымалы FILENAME анықталмаған болса, cat команданы экранға шығарады:

```
/home/sergey/default.txt.
```

5.4.2. Жүйелік айнымалылар

Пайдаланушы анықтайтын айнымалыдан басқа BASH командалық интерпретатордың кіріктірілген жүйелік айнымалылары бар. Бұл айнымалылардың стандартты атаулары және белгіленген түсіндірмесі бар, сонымен бірге олардың мәндері командалық интерпретатормен беріледі, пайдаланушы оны тек оқи алады, бірақ өзгерістер енгізуге болмайды.

BASH ішінде келесідей кіріктірілген айнымалылар анықталған:

1. $? — соңғы команданы қайтару коды. Сценарийден қайтару exit командасымен қайтару кодын көрсету арқылы жүргізіледі:

```
(exit <қайтару коды>)
```

Қайтару коды тапсырманы орындауды басқару үшін қызмет етеді, мысалы файл ішінде жолақты тізбектей іздеген кезде керек. Бағдарламаның қайтару кодына байланысты grep файлда жолақты іздеуде егер қажет жолақ табылмаса қателік туралы хабарлама беруге болады немесе келесі келесі жолақты іздеуді жалғастыру керек.

2. $# — тапсырманы шақыру командалық жолағының параметрлер саны;

$1, ..., $9 — бұл айнымалылардың көмегімен тапсырманы шақырған командалық жолақта параметрлерге мән беру орындалады. Айнымалы $1 бірінші параметрге сәйкес келеді, айнымалы $9 — тоғызыншы.

Тоғызыншыдан кейін егер параметрлерге қолжетімділікке қажеттілік туындаса, параметрлерді тізім бойынша тоғыз параметр бойынша «терезені» оң жаққа жылжытатын shift командасы қолданылады (сурет-5.1).

shift командасын орындағаннан кейін, екінші айнымалы $1айнымалы арқылы қолжетімді болады, ал онынші айнымалы—$9 командасы арқылы қолжетімді болады. Shift командасын орындау саны шексіз. Дегенмен командалық жолақтың соңғы параметрі айнымалы мәніне $1 ауыстырып қойған кезде алынады, ал $2, ..., $9 айнымалыларының мәндерін алмастырып қойған кезде тек бос жолақтар алынатын болады. Параметрлерді кері қайтарып жылжыту қарастырылмаған.

Көп жағдайда тапсырманы айнымалы атауынан және белгіленген бөліктен тұратын жолаққа жазу қажеттілігі туындайды, мысалы $ABC түрдегі жолақ, бұл жерде $A — айнымалы, ал BC —белгеленген мәтіндік жолақ. Осындай жазба түрінде BASH айнымалы атауының соңы мен мәтіндік жолақтың басын ажырата алмайды, өйткені A айнымалысы және BC жолағы немесе AB айнымалысы және C жолағы екені немесе тіпті ABC айнымалысы екені белгісіз.



Сурет-5.1. Параметрлер терезесінің жылжуы

Дәл осы мәселеге байланысты айнымалы жүйелерінің $1, ..., $9 көмегімен 9 командалық жолақтан көп параметрлерге жүгіну мүмкін емес; $19 жазбасынан командалық жолақтың 19-параметрі сұратыла ма немесе артында «9» мәтіндік жолақ тұрған бірінші параметр қажет болды ма, ол жағы белгісіз.

Осы мәселенің шешімін табу үшін BASH (2.0 және одан жоғары) жаңа нұсқаларында айнымалылар атауын ерекшелеу таңбалары қосылған —фигуралы жақша. Айнымалыны шақыру үшін синтаксис ${айнымалы аты} қолданылады.

Атауын ерекшелеу таңбасының көмегімен 9 көп параметрлерге қолжетімділік мүмкіндігі бар: ол үшін айнымалы атауының орнына параметр саны көрсетіледі (${n} түрінде, бұл жерде n — кез-келген толық сан). Сондай-ақ ${n} көмегімен параметрлерге қолжетімділік

кезінде shift командaның әрекеті ескеріледі:

- $* — бұл айнымалыда тапсырмаға берілген командалық жолақтың барлық параметрлері сақталады. Бұл айнымалыда барлық параметрлер бір жақшаға алынған, яғни $* = "$1 $2 $3
- $@ — бұл айнымалыда тапсырмаға берілген командалық жолақтың барлық параметрлері сақталады. Бұл айнымалыда әр берілген параметр жеке-жеке жақшаға алынған, яғни $@ = "$1" "$2" "$3" ...;
- $0 — бұл айнымалыда орындалып жатқан тапсырманың файл атауы сақталады. Оның көмегімен файл атауына тәуелді емес тапсырманы рекурсивті шақыруды ұйымдастыруға болады. Басқаша айтқанда, шақырту әрқашан сол тапсырманы оның атауына тәуелсіз рекурсивті шақырады.

```
exec $0
```

жүйелік айнымалыларды пайдалану мысалы ретінде BASH тілінде келесі тапсырманы келтіреміз:

```
#!/bin/bash

while [ "$1" != "" ] ; do
echo $@
shift
done
```

Айнымалыдағы тапсырма echo командaның көмегімен оған берілген барлық параметрлерді шығарады. Әр шығарған сайын параметрлер терезесі shift командасының көмегімен жылжиды. Тапсырманың орындалуы параметрлер тізімі таусылғанда аяқталады, яғни shift командaның соңғы орындағаннан кейін бірінші параметр бос жолаққа тең болып қалады (Қолданылған командалар туралы толығырақ 2-қосымшадан қараңыз).

Тапсырманы орындау нәтижесінде экранға келесі шығатын болады:

```
$ ./test.sh 1 2 3 4 5
1 2 3 4 5
2 3 4 5
3 4 5
4 5
5
```

Әр жаңа айналым итеративті жүйелік айнымалының $@ мәні параметрлер терезесінің ағымдағы орналасуына сай өзгеретінін және қолжетімді параметрлердің жалпы саны біртіндеп азаятынын көруге болады.

5.4.3. Тапсырма айнымалыларын ортаға көшіру

Тапсырманы орындау барысында «=» операциясы көмегімен мәндер меншіктелген айнымалылар тек тапсырма ішінде және тек тапсырманың орындалу кезінде қолжетімді. Осындай айнымалылар жергілікті тапсырманың орындалуында сыртқы ортадан оқшауланған болып қарастырыла алады.

Кейбір тапсырмалармен инициализацияланған айнымалыларды дәл сол командалық интерпретатор ортасында орындалатын басқа тапсырмаларға қолжетімді ету үшін айнымалыларды ағымдағы тапсырманың ортасына көшіру командасын қолдануға болады.

Тапсырма ортасына айнымалыларды көшіру export командасымен жүргізіледі. Оны шақыртудың екі түрі бар:

1) export <айнымалы аты> — инициализацияланған айнымалыны тапсырма орындалу ортасына көшіреді;

2) export < айнымалы аты > = <мән> — айнымалыға мән меншіктейді және айнымалылар ортасының алаңына көшіреді.

Тапсырманы орындау ортасында жарияланған айнымалылардың жиынтығы әдетте осы тапсырманың айнымалылар ортасының жинағы деп аталады. Барлық жарияланған айнымалыларды қарау үшін set командасы қызмет етеді:

```
$ set
PATH=/bin:/sbin:/usr/sbin
PWD=/home/nick
TTY=/dev/tty6
```

Командалық интерпретатордың жаңа көшірмесін жіберуде (мысалы, орындалатын bash файлын шақыру көмегі арқылы) анықталған барлық айнымалылар ортасы қалады. Сонымен қатар, командалық интерпретатор дәл сол айнымалылардың жаңа көшірмесін алады. Командалық интерпретатор ортасындағы айнымалы мәндерінің өзгеруі тек өзінің орындалу ортасына әсер етеді, бірақ шақырып отырған командалық интерпретатордың орындалу ортасын өзгертпейді.

Осылайша, пайдаланушымен келесі диалогта A мәнімен айнымалы ортасы анықталады, одан кейін командалық интерпретатордың жаңа көшірмесі іске қосылады, онда айнымалының мәні MYVAR иеленеді, содан соң қайта анықталады. Жаңа командалық интерпретаторды аяқтағаннан кейін және алдыңғы мәнге қайта келгесін MYVAR айнымалысы қайта қалпына келеді. Келесі мысалда пайдаланушымен

диалогтық режим жұмысы қарастырылатын болғандықтан жартылай қою әріппен жүйенің шығарған нәтижесі ерекшеленеді, жартылай қою курсивпен — пайдаланушының енгізулері белгіленеді, жақшадағы курсивпен орындалу барысына түсініктеме жазылады:

$ export MYVAR=A $ echo $MYVAR A

$ bash *(командалық интерпретатордың жаңа көшірмесін іске қосу)*

$ echo $MYVAR

A *(MYVAR мәнін иеленген)*

$ export $MYVAR=B $ echo $MYVAR

B *(MYVAR мәні ағымдағы интерпретатор ортасында қайта анықталған)*

$ exit *(алдыңғы интерпретаторға шығу)*

$ echo MYVAR

A *(мән қайта қалпына келген)*

Кейбір айнымалы қоршаулар пайдаланушы жүйеге кірген бойда іске қосылатын негізгі командалық интерпретаторды орындау ортасында жарияланады (8.2-тарауды қараңыз). Бұл айнымалы мәнін пайдаланушының жұмыс сеансы кезінде іске қосылған командалық интерпретатордың кез-келген көшірмесінде қолдануға мүмкіндік береді.

Мұндай айнымалы қоршауға PATH мысал бола алады. Бұл айнымалының мәні каталогтар атауының абсолютті тізімі болып табылады. Каталогтар атауының абсолютті тізімі егер файлдарды іске қосқан кезде тек файлдың атауы ғана беріліп, оған қатысты немесе абсолют жолды көрсетпеген болса орындалып жатқан файлдар (тапсырмалар мен бағдарламалар) іздестіру жүргізгенде қолданылады. Каталогтар тапсырмаларының тәртібі іздеу стратегиясын қалыптастырады, яғни командалық интерпретатор каталогтарын қарау тізбегі. Қарау тізімі егер дискте бір атаумен бірнеше орындалатын файлдар бар болған жағдайда қажет. Егер нақты каталог берілмесе алдымен орындалатын PATH айнымалысы тізімінің басына жақын орналасқан каталогтың файлы жіберіледі.

Пайдаланушыда өзінің орындалатын файлдары бар каталогы болуы мүмкін және ол каталогты тізімге қоса алады:

```
export PATH=$PATH:/check/scripts
```

Осылайша, PATH айнымалысына келтірілген мысалда «:» бөлгіш таңбасымен тіркескен оның ескі мәні меншіктеледі және каталогтың жаңа атауы мен орындалатын файлдар жазылады /check/scripts. Осы ретте PATH айнымалысының жаңа, қайта анықталған мәні пайдаланушының командалық интерпретаторы ортасында болады және пайдаланушының жүйемен жұмыс сеансы барысында ғана қолжетімді

болады. Басқа пайдаланушылар өз айнымалыларының мәндерін өздерінің анықталған командалық интерпретаторлары орталарында көретін болады.

Айнымалы қоршауларының мәндері пайдаланушы тапсырмасына ықпал етуі мүмкін болғандықтан, мысалы пайдаланушының файлдары орналасқан каталогтардың атауларын анықтау, олар пайдаланушы сеансының ақпараттық ортасына кіретін болады. Егер бұл ретте қандай да бір айнымалылар тапсырманың орындалуына әсер ететін болса олар сол тапсырманың ақпараттық қоршауына кіретін болады.

Мысалы, «Білімді басқару» жүйесінің құрамына кіретін тапсырмалардың көп бөлігі құрамында жүйенің файлары бар каталог аты ретінде BASEDIR айнымалының мәнін қолданады. Егер бұл айнымалы анықталмаған болса, онда тапсырма орындалуын өзі тоқтатады:

```
if [ "${BASEDIR:-DUMMY}" == "DUMMY" ] ; then
echo "Переменная \$BASEDIR не задана" exit
100 fi
```

5.4.4. Айнымалылардың мәндеріне қолжетімділік

Айнымалының мәнін меншіктеу келесі құрылым көмегімен жүзеге асады:

`<айнымалының аты>=<мән>` немесе

`let <айнымалының аты>=<мән>`

Мәнді меншіктеуде ескере кететін жағдай, айнымалы атауы мен теңдік белгісі арасында, сондай-ақ теңдік арасы мен мән арасында бос орын қалдырылмайды.

Тапсырманы орындау кезінде айнымалы мәніне қолжетімділік алу үшін «$» алмастырып қою операциясын қолдану қажет. Тапсырма мәтінінде айнымалының атауын тікелей көрсету жолақ ретінде қабылданады. Егер атауды алмастырып қою операциясымен алдын алса, тапсырманы орындау кезінде айнымалы мәнін алмастырып қою «$» таңбасынан кейін атауды көрсету арқылы жүргізіледі. Оны мысал ретінде түсіндірейік:

```
#!/bin/bash
variable=Hello
```

```
echo variable
echo $variable
```

Осындай тапсырманы орындап болған соң, экранға шығады:

```
variable
Hello
```

Жоғарыда айтылғандарды ескере келе бір айнымалының мәнін екінші айнымалының меншіктеп алуы төмендегідей жазылатынын білу қиын емес:

```
var1=$var2
```

5.5. ТАПСЫРМАНЫ ОРЫНДАУҒА ЖІБЕРУ

Тапсырманы орындауға жіберу үшін оны командалық интерпретаторға жіберу керек. Ол тапсырма мәтінін талдайды және тапсырма командаларын операциялық жүйенің жүйелік шақыртуына ауыстырады. Бұл ретте командалық интерпретатор тапсырманың ақпараттық қоршауын қолдайды, яғни тапсырманы орындауға қажетті барлық уақытша деректерді сақтайды, мысалы ағымдағы терминалмен байланысу, жергілікті айнымалылар, файлдық дескрипторлар. Тапсырма ағымдағы командалық интерпретаторға орындауға берілуі мүмкін — бұл кезде ағымдағы ақпараттық қоршау сақталады (сурет-5.2).

Сонымен қатар, ағымдағы командалық интерпретатор құралдарымен командалық интерпретордың жаңа процесін құрастыра



алады (сурет-5.3).

Сурет-5.2. Ағымдағы командалық интерпретатор мәтінінде тапсырманы іске қосу



5.3-сурет. Жаңа командалық интерпретаторда тапсырмалардың іске асырылуы

Бұл кезде басқару командалық интерпретатордың жаңа процесіне беріледі, ол өз кезегінде өзіне жүктеген тапсырманы орындайды. Тапсырманы орындап болған соң командалық интерпретатордың жаңа процесі басқаруды оны шақыртқан командалық интерпретаторға кері қайтарады. Жаңа командалық интерпретатордың ақпараттық ортасы да жаңа болады, бірақ ол осыған дейін болған командалық интерпретатордың ақпараттық қоршауының кейбір қасиеттерін өзіне қалдырады, мысалы, айнымалылардың мәндері, тапсырмамен өзгеретін файлдың ішіндегі ақпараттар және т.б.

Тікелей пайдаланушы тапсырманы орындауға командалық жолақтан жібере алады немесе басқа тапсырма арқылы жіберуге де болады. Екінші жағдайда іске қосылатын тапсырманың аты оны іске қосып жатқан тапсырманың мәтінінде команда ретінде жүреді. Іске қосатын тапсырманы аталық деп, іске қосылып жатқан тапсырманы еншілес тапсырма деп аламыз. Жаңа командалық интерпретатор жасау кезінде де солай, туындататын интерпретаторды жаңа пайда болған интерпретаторға қатысты аталық, жаңадан пайда болған интерпретаторды еншілес деп аламыз.

Тапсырманы жіберудің келесідей нұсқалары бар:

1) Тапсырма файлының атын көрсету арқылы (толық атауы немесе файлға қатысты жолды):

/check/scripts/teacher/gather.sh

Іске қосудың осы тәсілін пайдалану үшін тапсырмасы бар файлдың «орындалатын» атрибуты болуы қажет.

Тапсырманы жіберудің осы түрінде командалық интерпретатордың жаңа көшірмесі іске қосылады, оның жолы тапсырма тақырыбының атауында көрсетілген. Тапсырма аяқталған соң басқару аталық командалық интерпретаторға қайта оралады. Егер тапсырма басқа тапсырмадан жіберілген болса аталық тапсырма өз орындалуын келесі командамен жалғастырады. Егер тапсырманы пайдаланушы командалық жолақтан жіберген болса аталық интерпретатордың командалық жолағына шақыртудың қайтарылуы болады.

Егер осы тәсілмен іске қосылатын тапсырма жолағында тапсырма файлының жолы толық немесе қатысты көрсетілмесе, тапсырма файлын іздестіру әдеттегі орындалатын файлды іске қосатындай PATH айнымалылар қоршауында келтірілген каталогтарда жүргізіледі;

2) Тапсырма файлының атын параметр ретінде көрсету арқылы командалық интерпретаторды жіберу жолымен:

```
/bin/bash /check/scripts/teacher/gather.sh
```

Осы тәсілмен жіберген кезде тапсырмасы бар файлдың «орындалатын» атрибуты болуы шарт емес. Сонымен қатар тапсырма мәтінінде тақырыптың атауы болу қажеттілігі жоқ — командалық интерпретаторды таңдауды тапсырманы орындалуға жіберетін пайдаланушы жасайды, сол себепті орындауға жіберудің бұл тәсілінде тақырып ат ескерілмейді.

Орындауға жіберудің бірінші тәсіліне қарағанда, тапсырма файлына абсолют немесе қатысты жолдың болмауы жағдайында, оны іздестіру ағымдағы каталогта жасалады. Ол бұл жағдайда файл аты командада интерпретатордың параметрі ретінде беріліп, орындалып отырған файл аты болып пайдаланылмайтынына байланысты. Басқасынан жіберу тәсілі алдыңғы тәсілге ұқсас;

3) exec командаңы көмегімен жүзеге асыру:

```
exec /check/scripts/teacher/gather.sh
```

Осылай жіберілу кезінде басқару еншілес командалық интерпретаторға қайтарымсыз беріледі— іске қосылған тапсырманы орындайтын аталық командалық интерпретатор толық еншілеске ауысады. Еншілес тапсырманың орындалуы аяқталғаннан кейін аталық тапсырманы орындауға қайта ауыстырылмайды. Тапсырманың файлы іске қосудың осы түрінде «орындалатын» атрибутына ие болуы керек;

4) сол командалық интерпретаторды жүзеге асыру жолымен:

```
. /check/scripts/env.sh
```

Егер жүргізілетін тапсырма атауының алдына бос орын тастап, нүкте қойса, онда тапсырманың орындалуы іске қосылған командалық

интерпретатор көшірмесімен жалғасады, сонымен қоса жаңа тапсырмаға дәл сол орындалу ортасы пайдаланылады.

Осылай іске қосқан кезде жаңа тапсырма өзінің қолдануына оны шақырған тапсырма пайдаланудан айнымалыларды алатынын түсіну қиын емес — командалық интерпретатордың көшірмесін сақтаған кезде оның ішкі күйі де және айнымалылары да сақталады. Шақыртылған тапсырмалардағы жарияланған және инициализацияланған барлық айнымалылар, ол аяқталғаннан кейін де, шақырған тапсырмаға басқару берілген кезде де сол мәндерге ие болады.

5.6. ЕНГІЗУ/ШЫҒАРУ. КОНВЕЙЕРЛІК ӨҢДЕУ

Тапсырманы орындау кезінде терминалға шығатын және терминалдан алынатын деректер ол жерге тікелей түспейді. Деректерді алу және жіберу үшін енгізу/шығару буфері қолданылады — оперативті жадының аралық бөлігі, ол жерде ОЖ терминалға тікелей жібермес бұрын және терминалдан алғаннан кейін деректерді жинайды. Енгізу/шығару буферлерін басқару операциялық жүйенің ядросына кіретін енгізу/шығару ішкі жүйесінің пайдаланушысынан тәуелсіз жүреді. Енгізу/шығару буферлеріне қолжетімділік файлдарға қолжетімділікке ұқсас жүргізіледі: қалыптасқан ереже бойынша енгізу/шығару жүйесі үш виртуалды файлдарға ашық қолжетімділік жасайды, олардың екеуі деректерді экранға шығару үшін қызмет етеді, ал біреуі – терминалдан ақпарат алады. Бұл файлдар енгізу/шығару ағынының атауын алды:

- stdout — шығару ағыны, әдепкі қалпы бойынша — терминал экраны;
- stderr — қатені шығару ағыны, әдепкі қалпы бойынша — терминал экраны;
- stdin — енгізу ағыны, әдепкі қалпы бойынша — пернетақта.

Енгізу/шығару ағынына түсетін ақпараттар, әдетте терминал құрылғысына сәйкес келетін /dev каталогтағы файлға бағытталады. Тапсырманы орындау кезінде пайдаланушы деректерін файлға алып кету үшін немесе файлдан кіріс ақпараттарды алу үшін енгізу/шығару қайта бағытталуы ықтимал. Осы сәтте әдетте экранға шығарылатын ақпараттар көрсетілген файлға қайта бағытталады, ал әдетте пернетақта арқылы енгізілетін деректер файлдан алынады. Қайта бағыттау қосылып тұрған кезде экранға деректерді шығару немесе

оларды пернетақта көмегімен алу жүзеге асырылмайды, яғни файлдар толықтай терминал құрылғысын алмастырады. Деректерді қайта бағыттауды басқару енгізу/шығаруды қайта бағыттау команданың көмегімен жүргізіледі.

Бағдарлама шығарып жатқан деректерді (оның ішінде тапсырмалар да бар) file.txt файлына қайта бағыттау үшін шығаруды қайта бағыттау таңбасын «>» көрсетіп бағдарламаны жүктеу керек:

```
prog > file.txt
```

Егер file.txt файл жоқ болса, осындай қайта бағыттау кезінде ол жаңадан пайда болады да, терминалға шығуы керек барлық деректер соның ішіне жиналады. Егер file.txt файл бар болса, оның ішінде қайта бағытталуды жүктегенге дейін болған ақпараттар жаңа деректермен өшіріліп тасталады.

Бірнеше бағдарламалардың алатын деректерді бір файлға жинаған кезде деректерді файлда бұдан бұрын болған деректер астына орналастыру қажет болады. Ол үшін шығаруды қайта бағыттау таңбасын пайдалануға болады «>>»:

```
prog >> file.txt
```

Бағдарлама шығарған деректерді осылай шақырған кезде олар файл file.txt соңына қосылатын болады. Егер бағдарламаны шақырған кезде ондай файл жоқ болса, оған деректер енгізер алдында жаңасы пайда болады.

Енгізу ағынын қайта бағыттау үшін енгізуді қайта бағыттау белгісін қолдану қажет «<». Енгізуді file.txt файлынан қайта бағыттау үшін шақырту келесідей болады:

```
prog < file.txt
```

Егер бір мезетте infile.txt файлынан енгізу және outfile.txt файлынан шығару қайта бағыттаулары қажет болса, онда шақырту келесідей болады:

```
prog < infile.txt > outfile.txt
```

Бір бағдарламаның шығару ағынын екінші бағдарламаның енгізу ағынына қайта бағыттау үшін енгізу/шығару конвейерін қолдануға болады. Конвейерді бекіту «|» таңбасымен жасалады. Осылайша, prog1 бағдарламасын шығаруды prog2 бағдарламасының енгізуіне қайта бағыттау келесідей болады:

```
prog1 | prog2
```

Енгізу/шығару конвейері UNIX - жүйесінің негізіне салынған

декомпозиция қағидасының негізгі ережелерін пайдаланудың қарапайым мысалы. Кез-келген күрделі тапсырмалардың әрқайсысы өзінің спецификалық тапсырмасы орындалатын бірнеше тізбектей жасалатын деңгейлерге бөлінуі мүмкін. Бұндай тәсілді пайдалану өте тиімді, өйткені бір әрекет бірнеше тапсырмаларда қатар қолданыла алады. Мысалы, екі тапсырманы алайық— біріншісі, тапсырмалардың алынған нұсқасының тізімін қарап, оны алфавиттік қатармен шығарады, екіншісі берілген тақырып бойынша нұсқа тізімін қарап оны алфавиттік қатармен шығарады.

Тұтас бағдарлама ретінде орындалғандықтан бұл екі тапсырма бір-бірінің функционалдығын қайталайды. Егер біз тек екі әрекетті қолдансақ— мәтіндік файлды шығару ағынына шығару және кіретін ағымдағы шығатын деректер ретінде дайындап саралау. Біз бөлек командалардан декомпозицияланатын екі қарапайым тапсырманы ала аламыз.

Ол кезде бірінші тапсырма келесідей түрленеді:

```
ls /check/students/vasya | sort
```

екіншісі —

```
ls /check/teacher/themel | sort
```

Бұл жерде ls командасы берілген каталогта файлдар тізімін шығарады, ал sort команданы осы ағында іріктейді де, сұрыпталған нәтижені қалыпты жағдайда шығару ағынына жібереді.

5.7. АЛМАСТЫРЫП ҚОЮ

5.7.1. Бағдарламаның қорытындысын алмастырып қою

Тапсырманы жазған кезде қандай да бір бағдарлама енгізетін ақпаратты сақтап қою қажеттілігі туындайды. Кейін тапсырманың орындалу барысында осы деректерді салыстырмалы түрде оңай қолдану үшін оларды тапсырма айнымалысында сақтауға болады. Ол үшін $( ) және ' ' (кері жақша) қолдану керек. Тапсырма мәтінінің ішіне кіргізілгеннен кейін олар тапсырма орындалу кезінде команда шығаратын деректерге ауысады.

'команда' жазбасының пішінін BASH командалық интерпретаторының барлық нұсқалары қолдайды. Мысалы,

```
var='ls /check'
```

команда /check каталогта бар барлық файлдар тізбегіне сай var мәнінің айнымалысын иемденеді.

Жазбаның жаңа нұсқаларын $(команда) тек BASH 2.0 және одан жоғары нұсқалар сүйемелдейді және бір-біріне кіріктірілген алмастырып қоюларды жасауға ықпал етеді. Мысалы, команда

```
var=$(ls /$(ls /check))
```

команда /check каталогта бар барлық файлдар тізбегіне сай var мәнінің айнымалысын иемденеді.

5.7.2. Топтық таңбалар

Алдыңғы бөлімде қарастырылған каталогтағы барлық файлдардың тізімін алу тапсырмасы ауыр болуы мүмкін. Пайдаланушыға каталогтағы барлық файлдардың тізімі емес, тек белгілі бір критерий бойынша анықталатын файлдар қажет болуы мүмкін, мысалы атауы А әрпінен басталатын немесе 8 таңбадан аспайтын файлдар қажет болуы мүмкін. Осындай өлшемдерді анықтау үшін файл атауының маскасы немесе жай маска қолданылады. *Маска* дегеніміз файл атауына қойылатын секілді шектеулер жасалған мәтіндік жолақ. Масканың басты ерекшелігі оның құрамына фай атауында пайдалануға болмайтын алмастырып қою таңбалары кіре алады. Файл атауының маскаға сәйкестігін тексергенде алмастырып қою таңбаларын атаудың бір немесе бірнеше таңбасы өзгереді.

Көп қолданылатын алмастырып қою таңбалары «*» және «?».

«*» алмастырып қою таңбасы файл атауында оның орнында таңбаның кезх-келген саны тұра алады дегенді білдіреді. Осылайша, text*.doc маскасына text1.doc, text123.doc және тіптен text.doc файл атаулары қанағаттандыратын болады.

«?» алмастырып қою таңбасы, оның орнында файл атауында бір таңба болады немесе ешқандай таңба қойылмайды дегенді білдіреді. Осылайша, text?.doc маскасына text1.doc, text.doc файл атаулары қанағаттандырылады, бірақ text12.doc атауы қанағаттандырылмайды.

Масканы қанағаттандыратын файлдар тізімін алу үшін маска ls команданың параметрі ретінде көрсетіле алады. Мысалы, ls *~ команда ағымдағы каталогтан атауының соңы мәттегі (әдетте ішіндегі деректері ескірген файлдар осылай аталады) аяқталатын барлық файлдарды экранға шығарады.

ТАПСЫРМАНЫҢ ОРЫНДАЛУ ҚАДАМЫН БАСҚАРУ

5.8.1. Командалардың орындалу тізбегі

Ең қарапайым тапсырмалар пайдаланушының командаларын тізбекпен орындау, сонымен қатар алдыңғы командалардың орындалу нәтижелері келесі командалардың орындалуларына еш әсер етпейді. Сонымен қатар, командалар қалай орындалып жатқандығы ескерілмейді. Жоғарыда қарастырылған қарапайым тапсырмаларда командаларды орындау кезегімен жүргізіледі.

Командалардың қалай орындалып жатқандығын анықтау қажет болса — тізбектей және параллель — бөлгіш-таңбаларды пайдалану қажет «;» және «&».

5.8.2. Командалардың параллель орындалуы

Бірнеше командаларды тізбек бойынша орындау үшін олар «;» таңбасымен ажыратылады. Нәтижесінде кезекті команданы орындау тек алдыңғы команданың жұмысы аяқталғаннан кейін ғана басталады. Егер «;» бөлгішінің орнына командалар арасына «&» бөлгіш-таңба қолданылса, онда бөлгішке дейін тұрған әр команда фондық режимде орындалады, ал келесі команда алдыңғы команда іске қосылған сәтте бірден орындалады. Осылайша, параллель іске қосу және екі немесе одан да көп командаларды қатар орындау мүмкіндігі бар.

Екі командалардың тізбектей орындалуына арналған өрнек синтаксисі келесідей анықталады:

команда1 ; команда2

Параллель орындалу үшін де солай жасаймыз:

команда1 & команда2

Бөлгіш-таңба «;» әдетте тек бірнеше команданы бір жолаққа орналастыру қажеттілігі туындағанда қолданылатынын ескере кеткен жөн. Егер бөлгішті «;» жолақ соңындағы таңбаға өзгертсек те сол нәтижені алуға болады.

Егер «&» бөлгішін қолданған кезде, тек бірінші командасына көрсетсе (команда &), онда команда фондық режимде орындалады, ал орындалуы келесі жолақта орналасқан тапсырма командасына беріледі. Егер фондық режимде команданы іске қосу командалық жолақтан

жүргізілсе, онда команда өз орындалуын фондық режимде бастайды, ал басқару бірден командалық интерпретаторға беріледі.

5.8.3. Командалардың шартты орындалуы

Әр команданың орындалуына жіберу алдыңғы команданың орындалу нәтижесінен (қайтару коды) тәуелді болатын командаларды кезегімен орындау үшін && және II бөлгіші қолданылады.

Команда1 орындау үшін және егер ол сәтті орындалған болса, команда2 орындау үшін келесі жазба қолданылады:

```
команда1 && команда2
```

Команда1 орындау үшін және егер ол сәтсіз орындалған болса, команда 2 орындау үшін келесідей ұқсас жазба қолданылады:

```
команда1 | | команда2
```

Команданың сәтті орындалуы қайтарылу кодына байланысты анықталады. Сонымен қоса, нольге тең қайтару коды команданы сәтті орындады деген мағынаны береді; нольге тең емес қайтару коды – сәтсіз.

Ішінде && және || бөлгіштері бар командалық жолақ логикалық өрнек ретінде қарастырылады, оның мәні командалық интерпретатормен команда орындалуы бойынша есептеліп шығарылады. && және || бөлгіштер сәйкесінше логикалық қосу және логикалық көбейту операциясы ретінде қарастырылады. Логикалық атқарымдар аргументі ретінде команданы қайтару кодтары пайдаланылады. Қайтарудың нольдік коды нақты мәнге сәйкес келеді, нольден ерекше код— жалған мән.

Бөлгіштердің бұндай интерпретациясында олардың жұмыс жасау ережелері логика тілімен сипатталуы— егер && операциясымен бөлінген алғашқы екі команданың жұмысының қайтару коды нольге тең емес болса (жалған мән), демек логикалық атқарымның барлық мәндері жалған болады және екінші команданы орындау қажеттілігі жоқ. Сәйкесінше, егер || операциясымен бөлінген алғашқы екі команданың жұмысының қайтару коды нөлге аяқталса (нақты мән), демек логикалық атқарымның барлық мәндері нақты болады және екінші команданы орындау қажеттілігі жоқ.

|| және && операцияларының интерпретациясы солдан оңға қарай жүргізіледі, сонымен қоса олардың артықшылықтары бірдей. Артықшылықты өзгерту үшін дөңгелек жақшаларды пайдалану талап етіледі. Осылайша, command1 || command2 && command3 өрнектері (command1 || command2) && command3 өрнектеріне тең, бірақ

command1 || (command2 && command3) өрнектерімен тең емес.

```
команда! > файл; команда2 >> файл
```

5.8.4. Бағдарламаның шығару ағынын қосу

Командаларды шартты орындау тұрғысынан қарағанда фигуралық жақшалар топтастырылған таңбалары болып табылады. Дегенмен, олар бірнеше бағдарламалардың шығу ағынын біреуге қосу үшін қолданыла алады. Енгізу/шығаруды бірнеше командаға қайта бағыттау үшін жазуға болады.

```
{ команда1; команда2; } > файл
```

Сонымен қатар, жақшаға алынған командалардың тізбегін командалық интерпретатор деректері шығару ағынына түскен бір команда ретінде қарастырады.

5.8.5 Тапсырма айнымалыларының көріну аймағы

Дөңгелек жақшаларды ( ) пайдалану аймағы жай ғана командалар топтастырылуынан әлдеқайда ауқымды. Егер командалар тізбегін дөңгелек жақшаға орналастырсақ, командалар тізбегін орындап болған соң командалар өзгерткен айнымалылардың мәндері қайта қалпына келеді.

Мысалы, келесі тапсырма:

```
var="global"; (var="local"; echo "var is $var"); \ echo
"var is $var"
```

шығарады:

```
var is local var is global
```

Бұл жерде var айнымалысына алдымен "global" мәні меншіктеледі, одан кейін ол "local" өзгереді var айнымалысының мәнін өзгерткен команда дөңгелек жақша ішінде орналасқандықтан, ол орындалып болған соң бастапқы мәні қайта орнына келеді. Осылайша, дөңгелек жақша арқылы көріну аймақтарын басқаруға — тек тапсырманың жергілікті айнымалыларын және қоршаудың ғаламдық айнымалыларын да ажыратып қана емес, сонымен қатар бір тапсырма ішіндегі көріну аймағын анықтау.

5.8.6 Шартты оператор және айналым операторы

Тапсырманы орындау қадамын басқару тәсілдерінің ішінен кейбір тапсырмаларды жазу жеткіліксіз, мысалы, берілген өлшем бойынша файлдарды келесі айналымды өңдеу немесе ұйымдастыру үшін таңдау. Тапсырманы басқару тілінде объекттерді таңдау үшін шартты өрнек түсінігі қолданылады. *Шартты өрнек* — эталонды анықтайтын өрнек, оған қарап эталонға сәйкес келетін объектіні таңдау және эталонға объектінің сәйкес келу деңгейі анықталады.

Мысалы, K > 2 өрнегінде K айнымалысы сәйкестік анықталатын объекті болады, теңестіру операциясы «>» эталонға сәйкестік дәрежесін береді, ал тұрақты 2 — эталонның өзі. Шартты өрнектің тексеру нәтижесі егер объект эталонға берілген дәлдікпен сәйкес келсе логикалық шындық болады немесе логикалық жалған егер объект эталонға сәйкес келмесе.

BASH тілінде шартты өрнектерді тексеру үшін test команданы қолданылады. Оны шақыртудың екі форматы бар:

```
test <өрнек>
```

немесе

```
[ <өрнек> ]
```

Екі нұсқада да команда параметр ретінде көрсетілген логикалық өрнектің мәнін есептейді. Егер өрнек шын болса қайтару коды 0 қайтарады және егер жалған болса – 1 қайтарады. Өрнек арасындағы бос орынға және екінші мысалдағы тік жақшаға назар аударған— олар міндетті түрде орындалу керек, бос орынды тастап кету көптеген қателіктер туындатады.

Қасиеттері өрнектерде тексерілетін объектілері файлдар, жолақтар және сандар болуы мүмкін. Файлдар, жолақтар және сандардың қасиеттерін тексеру үшін кейбір өрнектердің форматтары төменде келтірілген. Ары қарай мәтінде материалды мазмұндау барысында test команданың көмегімен орындалатын қосымша тексеріс түрлері келтірілген.

- -z <жолақ> — жолақтың ұзындығы нольге тең (жолақ бос);
- -n < жолақ> — жолақтың ұзындығы 0 үлкен (жолақ бос емес);
- " жолақ1" == " жолақ2" — екі жолақ бір біріне тең;
- " жолақ1" != " жолақ2" — екі жолақ бір біріне тең емес;
- сан1 -eq сан2 — сандар тең;
- сан1 -ne сан2 — сандар тең емес;

- сан1 -lt сан2 — 1 саны 2 санынан кіші;
- сан1 -le сан2 — 1 саны 2 санынан кіші немесе тең;
- сан1 -gt сан2 — 1 саны 2 санынан үлкен;
- сан1 -ge сан2 — 1 саны 2 санынан үлкен немесе тең;
- -s <файл> — файлдың көлемі 0 көп(файл бос емес);
- -f <файл> — файл бар және ол қарапайым файл болып табылады;
- -d <файл> — файл бар және ол каталог.

Кез-келген өрнек алдында логикалық терістеу таңбасын қоюға болады «!»:

- ! <өрнек> — <өрнек> шын болған кезде, барлық өрнек жалған. өрнек>. <өрнек> жалған болған кезде, барлық өрнек шын.

Өрнектер логикалық ЖӘНЕ және логикалық НЕМЕСЕ операцияларының көмегімен біріге алады:

- < өрнек1> -a < өрнек2> — барлық өрнек шын, < өрнек1> ЖӘНЕ < өрнек2> өрнек шын болған кезде;
- < өрнек1> -o < өрнек2> — барлық өрнек шын, < өрнек1> НЕМЕСЕ < өрнек2> өрнек шын болған кезде.

Жоғарыда келтірілген өрнектер тармақталу командаларын тексерген кезде немесе тапсырма кезінде шарт айналымға негізделсе қолдануға болады. Мысалы, тармақталу блогының синтаксисі if шарты бойынша келесідей анықталған:

```
if <логикалық өрнек -1> ; then <командалар-1>
elif <логикалық өрнек-2> ; then
<командалар-2>
else
<командалар-3>
fi
```

Бұл жерде <команда-1>блогы <логикалық өрнек-1> шын мәнінде орындалады, <команда-2> командалар блогы <логикалық өрнек-2> шын мәнінде орындалады. Сонымен қатар бағдарламалаудың құрылымдық тілі Else If конструкциясына сәйкес elif өрнегінің көмегімен көптеген тексерістерге рұқсат беріледі. Барлық тексерілген логикалық өрнектер теріс болса, else негізгі сөзінен кейін <команда-3> блогы орындалады. Блок fi басты сөзімен аяқталады.

«;» таңбасы осы фрагментте командаларды бөлу таңбасы болып қолданылады, өйткені синтаксис тұрғысынан BASH if және then — бұлар әр түрлі командалар, оларды «;» таңбасымен бөлу керек немесе тапсырма файлында әртүрлі жолақтарға орналастыру керек.

Тармақталу команданы үшін логикалық өрнек ретінде кез-келген

команда орындала алады, ал мәні оның қайтару кодымен тексеріледі. Көбінесе бұндай команда ретінде жоғарыда қарастырылған test команда қолданылады.

Мысалы, тапсырманың келесі фрагменті тапсырмада берілген командалық жолақтың бірінші параметрі бос па соны тексереді. Егер, бірінші параметр бос жолақ болса, тапсырмаға командалық жолақтың бірде бір параметрі берілген жоқ деген хабарлама келеді және тапсырманың орындалуы қайтару коды аяқталады. Мұндай тексерістің ең оңтайлы түрі берілген параметрлер $# -eq 0 санын тексеру болып табылады. Тапсырмада параметрлерді беру позициялық болғандықтан, бірінші параметрдің бостығын тексеру рұқсат. Дегенмен мұндай тексеріс алғашқы параметр ретінде бос жолақты көрсету кезінде де жүзеге асады (экрандайтын таңбалар көмегімен – екі тырнақша):

```
test.sh "" A B
```

Екінші тексеріс берілген параметрлер санымен жұмыс жасайды — егер олар үштен көп болса, сәйкес хабарлама шығады және тапсырманың орындалуы 2 қайтару кодымен аяқталады:

```
if [ -z $1 ] ; then
echo "No command line parameters are specified"
exit 1
elif [ $# -gt 3 ]; then
echo "Too many parameters are specified"
exit 2 fi
```

Логикалық шарт циклды шектеуші ретінде де қолданыла алады. Осылайша while ... do ... done конструкциясында, төменде келтірілген синтаксис, логикалық өрнек шын болған кезде (0 тең) операторлар блогы орындалады <операторлар>:

```
while <логикалық өрнек> ; do
<оператор>
done
```

Кодтың келесі фрагменті тапсырмаға берілген барлық параметрлерді шығарады. Оған қоса жоғарыда айтылып өткен shift командаңы қарастырылады. Циклдың орындалуы бірінші параметрдің мәні бол болмағанша жалғаса береді. Сонымен бірге, айналымның әр итерациясында параметрлер терезесінің ығысуы және оларды қайта номерлеу болады (5.1-бөлімін қараңыз):

```
while [ ! -z $1 ] ; do
echo $1
```

```
shift
done
```

Берілген тізім мәндері бойынша циклды ұйымдастыру үшін for ... in ... do ... done конструкциясы қолданылады, жалпы синтаксисі төменде келтірілген:

```
for <цикл> in <тізім> do
<оператор>
done
```

Мәндер тізімі <тізім> бөлгіштері бар мәтіндік жолақ. Бөлгіштер ретінде бос орындар, табуляция таңбалары және жолақты ауыстыру таңбалары қолданылады. Циклде көрсетілген айнымалы тізімдегі элементтердің мәндерін тізбек бойынша иеленеді және операторлар <операторлар> блогында іске қосылуы ықтимал. Бұл цикл итерациясының саны тізім элементтерінің санына тең.

Тапсырманың келесі фрагменті алдыңғы фрагмент орындағандай әрекеттер жасайды, тапсырмаға берілген барлық параметрлерді шығарады. Тізім ретінде бұл жерде BASH кіріктірілген айнымалысы қолданылады, оның құрамында тапсырманың командалық жолағындағы барлық параметрлер бөлгіштер арқылы көрсетілген (4.2-бөлімді қараңыз):

```
for i in $@ do
echo $i
done
```

for циклының тізімі ретінде белгіленген мәндер өте сирек қолданылады. Әдетте тізім тапсырманы орындау кезінде мәнді алмастырып қоюмен генерацияланады. Жаңа ғана келтірілген мысалда айнымалы мәнін алмастырып қою қолданылған. Дәл осылай қандай а бір команданың шығарылуын алмастырып қою арқылы қолдануға болады. Мысалы, кодтың келесі фрагменті ағымдағы каталогтағы барлық файлдар ішіндегісін шығарады, әр шығару алдына өздерінің атауларын тіркейді:

```
for i in 'ls .' do echo === $i
=== cat $i done
```

5.9. WINDOWS ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕРІНДЕ ТАПСЫРМАНЫ БАСҚАРУ ТІЛІ

5.9.1. Windows командалық интерпретатор

Дәл Linux секілді, Windows операциялық жүйелері командалық интерпретатор интерфейсімен жұмыс жасайды. Көбіне оның қасиеттері MS DOS операциялық жүйесінің командалық интерпретаторынан алынған және UNIX/ Linux операциялық жүйелеріне тән ерекшеліктермен толықтырылған. Бұл бөлімде Windows операциялық жүйелеріндегі Windows XP жүйесінде орындалған командалық интерпретаторға негізделген қосалқы жүйенің кейбір қасиеттерін қарастырамыз.

Windows операциялық жүйелерінде Windows NT ядросына негізделген командалық интерпретаторды іске қосу үшін cmd.exe бағдарламасы қолданылады. Командалық жолақ интерфейсін жүргізу үшін Іске қосу (Start) мәзірін ашу керек, мәзірден Орындау (Run) тармағын таңдап, бағдарламаны cmd.exe іске қосамыз.

Командалық интерпретаторды іске қосқан соң, стандартты жұмысқа шақыру терезесі ашылады. Windows XP операциялық жүйелерінде мұндай шақырту келесідей болады:

```
Microsoft Windows XP [Version 5.1.2600]
(C) Copyright 1985-2001 Microsoft Corp.

C:\>
```

Бірінші екі жолақ пайдаланушы операциялық жүйенің нұсқасы туралы ақпараттандырады және Microsoft фирмасының артықшылыққа ие құқықтарымен таныстырады. Соңғы жолақ командаларды енгізуге арналған стандартты шақырту немесе пайдаланушыдан тапсырма алуға арналған шақырту болады.

Бұл интерпретаторда командаларды енгізу Linux операциялық жүйелеріндегі деректерді енгізумен бірдей. Мысалы, операциялық жүйенің нұсқасын келесі жолмен шығаруға болады:

```
C:\>ver <Enter>
Microsoft Windows XP [Version 5.1.2600]
C:\>
```

5.9.2. Windows пакеттік өңдеу

Тапсырмамен жұмыс жасау механизмдері мен құралдары Linux операциялық жүйелеріне қолданылатын тәсілмен ұқсас. Сонымен қатар тапсырма мәтіндік файлдар түрінде де рәсімделеді, ішінде командалық интерпретатормен орындалуы қажет командалар тізімі болады. Файлдардың өздерінде .bat немесе .cmd кеңейтілуі болуы шарт. Ал Windows орындалуы, параметрлерді беру механизмі және командалық сценарий жұмыстарының нәтижесі дәл Linux бірдей. Windows командаларды шақырту екі бөліктен тұрады:

```
<команда аты> <параметрлер>
```

Команда аты ретінде командалық интерпретатордың ішкі команданы қолданылады немесе сыртқы бағдарлама коды бар орындалатын файл аты алынады.

Параметрлердің максималды рұқсат етілген саны UNIX- ұқсас жүйелеріндегідей жолақтың максимал ұзындығымен анықталады.

Windows 2000 және Windows NT 4.0 операциялық жүйелері үшін жолақтың рұқсат етілген максимал ұзындығы 2 047 таңба, Windows XP және соңғы шыққан операциялық жүйелердің нұсқалары үшін 8 191 таңбаны құрайды.

Командалық интерпретатор қолдайтын командалардың толық тізімін алу үшін help команданы қолданылады. Қандай да бір команданың спецификалық қасиеттері туралы ақпарат алу үшін келесі команданы орындау қажет:

```
help <команда>
```

командалық жолақпен жұмысты қолдайтын барлық кіріктірілген командалар және көптеген сыртқы бағдарламалардың өзара кіріктірілген параметрлері бар. Осы параметрмен команданы шақыртқан кезде, басқа командаға беруге болатын оның арналуы және параметрлері туралы ақпарат шығады.

5.9.3. Айнымалар

Командалық сценарий жасаған кезде пайдаланушы айнымалы қоршаулармен операциялар орындауға мүмкіндігі бар. Айнымалылар бірнеше жерден келіп түсуі мүмкін. Айнымалы ортасының қай көзінен келіп түскенін анықтауға арналған айнымалылардың үш түрі бар: кіріктірілген жүйелік, кіріктірілген пайдаланушыға арналған және жергілікті.

Кіріктірілген жүйелік айнымалылар операциялық жүйе деңгейінде анықталады және пайдаланушыдан тәуелсіз барлық процестерге қолжетімді. *Кіріктірілген пайдаланушыға арналған айнымалылар* пайдаланушы жүйеге кірген уақытынан бастап анықталады және пайдаланушының жұмыс сеансы аяқталғанша болады. Ортаның барлық айнымалылар тізімін және олардың ағымдағы мәндерін алу үшін (жүйенің және пайдаланушының) set команданы қолданылады.

Кіріктірілген айнымалыларға қарама-қайшы *жергілікті айнымалылар* командалық сценарийді орындай деңгейінде анықталады. Жаңа айнымалыны анықтау үшін және оның ағымдағы мәнін өзгерту үшін тағы да set команданы орындалады:

```
set <айнымалының аты>=<мән>
```

Айнымалының ағымдағы мәнін алу үшін тек айнымалы атын көрсеткен жеткіліксіз. Сонымен қатар, жүйеге айнымалының нақ мәні керек екендігін көрсету қажет. Ол үшін «%» таңбалары айнымалы атының басында және соңында қолданылады. Бұл таңбаларды қолданбасақ жүйе айнымалы атын қарапайым жолақ ретінде қабылдайды.

Айнымалылармен жұмыстың бұл ерекшелігін келесі мысалда көрсетуге болады:

example1.bat
```
@set
variable=value @echo
variable @echo %variable%
```

Бұл мысалда echo команданы таңбалар тізбегі консольға шығару үшін қолданылады. Әр команда алдында болатын @ таңбасы командалық интерпретаторға команданы оның орындалуы алдында консольға шығарудың қажеттілігі жоқ екендігін хабарлайды. Егер бұл таңбаны көрсетпесе сценарийдің орындалуы кезінде консольға әр команда орындалар алдынды шығып отырады. example.bat файлы орындалып болған соң экранға төмендегідей жолақтар шығады:

```
C:\>example.bat
variable
value
C:\>
```

Осы мысалдан көрініп тұрғандай, бірінші жағдайда таңбалардың тізбегі variable жүйемен қарапайым таңбалық жолақ ретінде түсіндіріледі, екінші жағдайда сәйкес айнымалымен ұқсастырылған мән қайтарылады. Осылайша, тек қана жергілікті айнымалылардың

мәндеріне ғана емес кіріктірілген айнымалылардың мәндеріне де қолжетімділік алуға болады.

Айнымалыларға белгілі мәндерді меншіктеген кезде барлық таңбаларды тікелей қолдануға болмайды, өйткені кейбір таңбалар қатары резервтелген және жүйе оларды командалар немесе қызметтік символдар деп белгілейді. Оларға @, <, >, &, | жатады. Егер осы таңбаларды айнымалыларды белгілегенде пайдалану қажет болса, олар « » жақшаға алынулары тиіс.

```
set var=login^@e-mail.com
```

Айнымалылардың мәні ретінде тек жолақтарды емес, сандарды да, арифметикалық өрнектерді де қолдануға болады. Сандық мәндерді меншіктеу үшін set/a конструкциясы қолданылады. Математикалық өрнектерде тек -231 бастап 231 – 1 дейін диапазоны аралығындағы толық сандар қолданыла алады.

Өрнектерде арифметикалық операцияларды да қолдануға болады, олар + (қосу), - (алу), * (көбейту), / (бөлу), % (бөлгеннен қалған қалдық). Сонымен қатар біріктірілген, меншіктеу операторлары бар += (қосы және меншіктеу), - = (алу және меншіктеу), *= (көбейту және меншіктеу), / = (бөлу және меншіктеу) және % = (бөлуден қалдықты алу және меншіктеу).

```
set /a var=1
set /a res=%a%+%b%
set /a total+=1
set /a count*=(%amount%+1)
```

Алдында анықталған жергілікті айнымалыны өшіру үшін келесі команда қолданылады:

```
set <айнымалының аты>=
```

жергілікті айнымалылар командалық қабықтың тек ағымдағы данасына ғана және осы ағымдағы данадан туындаған қабықтың даналарына да қолжетімді. Бірақ егер де кейбір айнымалыларды қабықтың ағымдағы данасының деңгейінде ғана емес, басқа да жергілікті деңгейде локальды ету қажет болса, онда мына командаларды қолдануға болады: setlocal және endlocal. Айнымалы қабатында аумақтың ішінен пайдаланушы жасаған кез-келген өзгертулер, endlocal команданы орындалғаннан кейін іске аспай қалады. Осы командаларды пайдалану мысалын қарастырайық:

example2.bat

```
@set variable=global value
```

```
@echo Before setlocal @echo
%variable%
@setlocal
@set variable=local value
@echo After setlocal @echo
%variable%
@endlocal
@echo After endlocal @echo
%variable%
```

Осы сценарий жұмысының нәтижесінде консольға келесідей хабарламалар шығарылатын болады:

```
Before setlocal
global value
After setlocal
local value
After endlocal
global value
```

Жергілікті блоктан шыққаннан кейін пайдаланушы жасаған барлық өзгерістер еленбей қалды, ал айнымалылардың мәндері қайта қалпына келді.

Дәл Linux секілді пайдаланушы тек кіріктірілген және жергілікті айнымалыларға ғана емес, арнайы жүйелік айнымалыларға да қолжетімді. Бұл айнымалылар шақырылатын сценарийде берілетін параметрлерге қолжетімділікті орындауға мүмкіндік береді.

Windows командалық интерпретаторда арнайы айнымалылар %0..%9 анықталған. Айнымалы %0 сценарийдің орындалудағы атымен ығыстырылады, ал %1..%9 сценарий параметрлерінің алғашқы тоғыз параметрлермен ығысады.

Тоғызыншыдан кейінгі параметрге қолжетімділікке ие болу үшін shift командаңы қолданылады. Оның қызметі BASH ішіндегі аттас командаңың тәртібіне ұқсаған: бұл командаңы бір рет шақырғаннан кейін айнымалы %1 екінші параметрмен салыстырылады, ал %2 — үшіншімен және т.б.

Барлық параметрлердің тізімін алу үшін арнайы кіріктірілген айнымалы %* қолданылады. shift командаңы позициялық айнымалылардың %1, %2 және т.б. мәндеріне ғана ықпал етіп қоймайды, ол %* айнымалымен қайтып келетін мәнге де ықпал ететінін ескеру қажет.

Командалық жолақ параметрлері тікелей қолданумен қатар, оларға арнайы модификаторлар қолдануға болады. Бұл модификаторлар командалық жолақ параметрлерінен файлдар, каталогтар аттарын, сәйкес файлдар және т.б. жасау уақытын ерекшелеу үшін қызмет етеді. Модификаторларды қолдану үшін %~ тізбегі пайдаланылады, одан кейін осы модификатор қолданылатын параметрдің модификаторы мен позициялық номері жүреді. Командалық жолақ параметрлерінің модификаторлар тізімі 5.1-кестеде келтірілген.

Модификаторлар тек жеке емес, бір-бірімен бірлесіп те пайдаланыла алады. Мысалы, %~nx1 комбинациясы бірінші параметрді бөлшектейді, оның ішінен файл атын, кеңейтілуін алады, ал %~ftza1 комбинациясы консолға бірінші параметрді dir команданы шығаратын үлгіде шығарады.

Кесте-5 Командалық жолақ параметрлерінің модификаторлары

Модификатор	Сипаттама
%~	Параметр мәнін қайтарады. Егер қоршаған екі қайтара жақшалар бар болса оларды өшіреді.
%~f	Файлға параметр берген апарар жолды қайтарады
%~d	Файлға параметр берген сақталатын диск әрпін қайтарады
%~p	Файлға параметр берген апаратын толық жолды қайтарады
%~n	Файлға параметр берген атауын қайтарады
%~x	Файлға параметр берген кеңейтілуін қайтарады
%~s	Файлға параметр берген апарар жолды қайтарады, 8.3-форматын қолданады
%~a	Файлға параметр берген атрибутты қайтарады
%~t	Файлға параметр берген мерзімді және уақытты қайтарады
%~z	Файлға параметр тағайындаған өлшемін қайтарады
%~$PATH:	PATH айнымалысында анықталған каталогтар тізімін сканерлейді, және осы каталогтарда параметр тағайындаған файлдың атын іздейді. Егер ондай файл табылса, ең бірінші табылған файлға толық жол қайтарылады. Егер ондай файл табылмаса бос жолақ шығады

5.9.4. Енгізу/шығару. Конвейерлік өңдеу

Ақпаратты енгізу/шығару механизмін ұйымдастыру Windows консольдік қосымшаларында осы механизмді Linux ұйымдастыру механизммен ұқсас. Консольдан оқу немесе консолға жазу операциялары тікелей емес, құрылғылардың виртуал файлдары арқылы орындалады.

Нақ Linux секілді, бұл файлдардың стандартты атаулары бар және әрқайсысының артында стандартты файлдық дескрипторлар бекітілген, олар кез-келген консольдік қосымшалар орындалған кезде автоматты түрде ашылады. Бұл виртуалды файлдар енгізудің стандартты ағынын (0 дескрипторымен байланысты), шығарудың стандартты ағынын (1 дескрипторымен байланысты) және қателерді шығарудың стандартты ағынын (2 дескрипторымен байланысты) қамтиды.

Стандартты ағынмен қауымдастырылған енгізу/шығару файлдарына қайта бағыттау мүмкіндігі бар.

Бұл үшін енгізу/шығару қайта бағыттау операциялары қолданылады. Осы операциялардың синтаксисі мен семантикасы Linux пайдаланатынмен бірдей. Сол себепті оларды түсіндіру толығырақ тоқталмаймыз, бұл операцияларды бір 5.2-кестесіне біріктіреміз.

Сондай-ақ Linux бірдей бұл операцияларды біріктіріп командада бір уақытта бірнеше операцияларды қолдануға болады.

Кесте-5.2. енгізу/шығаруды қайта бағыттау операциясы

Операция	Сипаттама
>	*Команда1 > файл* Команданы стандартты шығару ағыны файлмен немесе құрылғымен байланысады. Егер ол файл бұрын жоқ болса, онда жаңадан құрылады. Егер бар болса, файл қайта жазылады
>>	*команда1 >> файл* Команданы стандартты шығару ағыны файлмен немесе құрылғымен байланысады. Егер ол файл бұрын жоқ болса, онда жаңадан құрылады. Егер бар болса, файл толықтырылып жазылады
<	*команда1 < файл* Команданы стандартты енгізу ағыны файлмен байланысады.
n >	*команда1 n> файл* файлдық дескрипторы бар команданы шығару ағыны n файлмен байланысады. Файлдық дескрипторлар 0 — 2 енгізу/шығару стандартты құрылғысымен байланысқан. Егер ол файл бұрын жоқ болса, онда жаңадан құрылады. Егер бар болса, файл қайта жазылады
n >>	*команда1 n>> файл* файлдық дескрипторы бар команданы шығару ағыны n файлмен байланысады. Егер ол файл бұрын жоқ болса, онда жаңадан құрылады. Егер бар болса, файл толықтырылып жазылады
n >& m	*команда1 n>& m* n файлдық дескриптор команданың шығыс ағыны m файлдық дескриптор ағынымен байланысады
n <& m	*команда1 n<&m* n файлдық дескриптор команданың кіріс ағыны m файлдық дескриптор ағынымен байланысады
|	*команда1| команда2* Бір процестің шығатын стандартты ағынын екінші процестің стандартты кірісімен байланыстырады

Мысалы, кейбір командалар шығаратын барлық деректерді стандартты шығару құрылғысы секілді және қатені шығарудың стандартты құрылғысы секілді қайта бағыттау үшін келесі команданы қолдануға болады:

```
команда >> output.log 2>&1
```

Осындай жолмен процессор аралық байланысты ұйымдастырудың бірнеше операцияларын біріктіруге болады:

```
команда1 | команда2 >log.txt
```

Бұл жағдайда команда1 стандартты шығысынан стандарт кіріс команда 2 деректер келіп түседі, ол стандартты команда 2 шыққан мәліметтер файл log.txt келіп жиналады.

5.9.5. Тапсырманы орындау қадамын басқару

Windows бағдарламаны орындау қадамын басқарудың бірнеше сан алуан механизмдерін қолдайды. Бұл командаларды, командалар тобын, командалардың шартты орындалуын сонымен қатар орындалу мен айналымдардың шартты операторларының орындалу механизмдері.

Командаларды орындаудың тізбектей және шартты орындау құралдары Linux жүйесінде анықталған құралдарға өте ұқсас. Осы құралдардың қысқаша сипаттамасы 5.3-кестеде келтірілген.

Бұл операцияларды қажет болса бір жолақта жинақтауға болады. Сонымен қатар, тек бір ғана операциялардың пайдаланылуын ғана емес, бір командаға бірнеше түрлі операцияларды біріктіруге рұқсат. Мысал ретінде төмендегі командалардың пайдаланылуын қарастыруға болады:

```
(((cd c:\logs && dir) > list.txt 2>&1) || echo Unable
to get list of logs) & start list.txt
```

Осы мысалда c:\logs каталогына ауысу әрекеті жасалады. Егер осы операция сәтті аяқталса, онда ағымдағы каталогтағы файлдар тізімін алу үшін dir команданы орындалады да осы тізім list.txt файлында жазылады. Егер операциялардың біреуі сәтсіз аяқталса, консалға «Unable to get list of logs» хабарлама шығады, ал list.txt файлына пайда болған ауытқу туралы жүйелік ақпарат жазылады. Командалар деректері жұмыстары аяқталғаннан кейін .txt (мысалы, notepad) кеңейтілуімен байланыстырылатын қосымша жіберіледі және оған list.txt файл параметр ретінде беріледі.

5.3-Кесте. Командалардың тізбектей және шартты орындалу механизмдері

Операция	Сипаттама
&	*команда1 & команда2* Бір жолақтағы бірнеше командаларды бөлу үшін қолданылады. Алдымен бірінші команда орындалады, оның жұмысы аяқталған соң екіншісі орындалады
&&	*команда1 && команда2* Бірнеше командаларды шартты орындау үшін қолданылады. Бірінші команда орындалады, егер ол сәтті аяқталса (яғни қайтару коды ретінде 0 қайтарды), онда екіншісі орындалады
	команда1 || команда2 Бірнеше командаларды шартты орындау үшін қолданылады. Бірінші команда орындалады, егер ол сәтсіз аяқталса (яғни 0-ден ерекше кодты қайтарды), онда екіншісі орындалады
()	*(команда1 & команда2)* Командалар тізбегін топтастыру үшін қолданылады
; немесе ,	*команда1 параметр1;параметр2* Командада командалық жолақта берілетін параметрлерді бөлу үшін қолданылады

Тапсырманы сипаттаудың көптеген тілдеріндегідей, Windows командалық тілінде де шартты операторлар қолданылады. Бұған қоса шартты операторларды берудің де бірнеше мүмкін формалары бар. шартты операторды жазудың жалпы формасы келесідей:

```
if өрнек команда1 [else команда2]
```

Осы жағдайда команда 1 тек егер өрнек орындалса ғана орындалады. ол шарт орындалмаса команда 2 орындалады. Сонымен бірге else шартты операторын қолданған кезде, конструкцияда else операторы if операторы орналасқан жолақта орналасқан болуы керек. Осы шарт орындалмаса интерпретатор сценарий кодында қате бар деп шығарады.

Өрнек ретінде шартты операторлардың мақсатына байланысты бірнеше конструкция қолданылуы ықтимал. Ол өрнектер тізімі 5.4-Кестеде келтірілген.

Циклды ұйымдастыру үшін командалық қабат интерфейсі Windows жалғыз ғана операторды ұсынады — for.

5.4-кесте Логикалық шарттар пішіні

Логикалық шарт	Сипаттама
[not] errorlevel *номер*	if not errorlevel 0 echo Operation is failed алдағы команда немесе операция орындалуының сәтті немесе сәтсіз болуын талдау үшін қолданылады. 0 коды көбінесе алдыңғы команда сәтті орындалғанын хабарлайды, 0 санынан басқа код көбінесе команда сәтсіздікпен аяқталды егенді білдіреді.
[not] *жолақ1 = =жолақ2*	if %1 = = %VAL% (echo Strings are the same) else (Strings are different) Екі жолақты тең/тең емес екендігін тексеруде қолданылады. Егер else операторлы пішін қолданылса, шартты оператор денесіндегі командалар () конструкциясы көмегімен топталуы керек, өйткені барлық операциялар жолақ соңында таңбамен аяқталуы шарт. Олай болмаған жағдайда интерпретатор бұл командаларды орындай алмайды және оларды елемей өте шығады.
[not] exist *файл атауы*	if exist temp.txt del temp.txt файл атауы мен файлдың бар болу/болмауын тексереді. Файл атауы жолды жазудың қатыстық түрінде сондай ақ абсолютті түрінде беріле алады.
if [/i] *1-бет Салыстыру 2-бет*	if /i %2 EQU /a echo Archive option is specified жолақтық айнымалыларды немесе командалық жолақ параметрлерін салыстыру үшін қолданылады. Салыстыру ретінде төмендегідей үш әріпті операциялар қолданылады: EQU — тең; NEQ — тең емес; LSS — қарағанда аз; LEQ — аз немесе тең; GTR — қарағанда үлкен; GEQ — үлкен немесе тең. Егер параметрі көрсетілсе, жолақтар регистр тіркеуі салыстырылады

5.4-кестесінің соңы

Логикалық шарт	Сипаттама
if cmdextversion *номер*	if cmdextversion 2 echo The operation is supported командалар кеңейтілуінің ағымдағы нұсқасын тексеру үшін қолданылады. Егер команда кеңейтілуінің ішкі номері берілген номерден үлкен немесе тең болса нақты мәнді қайтарады. Бірінші нұсқаның ішкі номері 1
if defined *айнымалы*	If defined Offset set /a MainAddr+=%Offset% айшықтандырылған айнымалының бар болуын тексеру қолданылады

Бірақ шартты оператор секілді айналым операторы оны әр түрлі мақсатта қолдануға мүмкіндік беретін әртүрлі нұсқаларға ие.

for операторы жазбасының жалпы пішіні келесідей:

```
for [параметр] {%айнымалы|%%айнымалы} in (жиынтық) do
команда [опциялар]
```

Параметр *%айнымалы* немесе *%%айнымалы жиынтықтан* элементтерді іріктеп алатын параметрді қамтиды. Жазбаның бірінші түрі егер айналым командалық жолақтан ұйымдастырылса қолданылады, ал екіншісі — егер айналым сценарий бөлігі болса.

Жиынтық элементтерінің тізімі айналымда өңделетін элементтер жинағын білдіреді. Бұл файлдар, жолақтар, мәндер диапазоны және т.б. болуы мүмкін. *Жиынтықтан* шыққан элементтер айналымда тізбектей сұрыпталады да опция ретінде командаға немесе бағдарламаларға беріледі.

Жиынтық тізіміне кіретін элементтер түрлері, опциялы for параметрмен анықталады. Параметрлер тізімі мен элемент түрлері 5.5-Кестесіне келтірілген.

Атқарым параметрлеріне командалық жолақ параметрлері үшін қолданылатын модификаторларын қолдануға болады. Мысалы, келесі мысалда ағымдағы каталогта орналасқан, dir командасымен файлдар тізімі шығарылатын форматта консолға .log кеңейтілуі бар файлдар тізімі шығарылады:

```
for %%I in (*.log) echo %%~ftzaI
```

Командалардың тізбегін өзгерту үшін сөзсіз ауысу goto операторы қолданылады:

```
goto белгі
```

Кесте-5.5. *for* айналымының элементтері	
Айналым	Элементтер түрімен сипаттамасы *for %%i in* (*.doc) *do echo %%i* Файлдар тізімін өңдеу үшін қолданылады. Файлдар тізімі тапсырмасы үшін * және ? мета таңбаларын қолданумен шаблондар қолданылады.
/D	*for /D %%dir in* (*) *do echo Directory %%i* каталогтар тізімін өңдеу үшін қолданылады. Каталогтар тізімі тапсырмасы үшін * және ? мета таңбаларын қолданумен шаблондар қолданылады.
/R *[_түбірлік каталог]*	*for /R C:\Windows %%dir in* (*) *do echo Directory %%i* Каталогтар дарағын рекурсивті тексеру үшін қолданылады, *түбірлік каталогтан* бастап. Егер каталог көрсетілмесе, ағымдағы каталогтан каталогтарды рекурсивті тексеру басталады. Тізім элементтері каталогтарда орналасқан файлдар. Егер жиынтық элементі ретінде "." элементі көрсетілсе, онда тізім файлдардың ішіндегі каталогтардан құралады
/L	*for /L %%i in (1, 1, 5) do set /a Res+ = i* Берілген диапазонда, берілген қадаммен мәнді іріктеп алу үшін қолданылады. Элемент тізімінің форматы *(басы, қадам соңы)*
/F *["параметрлер"]*	*for /F "tokens*= 1-3"» %%i *in (log.info) do @echo Time:* %%i, *Date: %%j, Event: %%k* *for /F "tokens= 1,2*" %%i in ("12.34 05.08.08 ev_3456 - String is too long") do @echo Time:* %%i, *Date:* %%j, *Event*: *%%k* *for /F "tokens*= 1,2*" %%i *in ('type log.info') do @echo Time:* %%i, *Date:* %%j, *Event: %%k тікелейс немесе басқа бағдарламадан берілетін Файлдан немесе жолақтан алынатын* жолақтар тізімін өңдеуге арналады

Осы команданы орындағаннан кейін сәйкес белгі берілген жолаққа ауысу орындалады. Егер ондай белгі табылмаса, сценарийдің орындалуы тоқтайды да белгі табылмағаны туралы ақпарат шығады.

Оператор goto сценарийдің орындалуын уақытынан бұрын үзу үшін қолданылуы мүмкін. Ол үшін келесідей жазба қолданылады:

```
goto :EOF
```

goto операторының тағы бір ерекшелігі таңдау операторын алмастыру ретінде қолданыла алатындығы.

```
goto lab%1 :lab1
echo Variant 1 goto :EOF :lab2
echo Variant 2 goto :EOF :lab3
echo Variant 3 goto :EOF
```

Бұл мысалда 1 бастап 3 дейін диапазондағы командалық жолақтан параметр қолданылады және осы параметр мәніне тәуелді сәйкес нұсқа таңдалады.

Бір командалық файлды басқасынан шақырту үшін call команданы қолданылады. Шақырту форматы келесідей:

```
call [диск:][жол]файл_атауы [параметрлер]
```

Осы кезде *диск, жол* және *файл_атауы* орындалған болуы қажет командалық файл атауын береді. Бұл файлдың кеңейтілуі .bat немесе .cmd керек. Егер қажет болса, командалық файлға параметрлер беріле алады:

```
call checkdate.bat file1.txt
```

Бірақ call команданы тек сыртқы командалар файлын іске қосу үшін ғана емес, сонымен қатар, атқарымдар мен процестерді шақыртуды ұйымдастыруда қолданылады. Ол үшін осы команданың келесі пішіні қолдданылады:

```
call :белгі [параметрлер]
```

Атқарымды шақыруды ұйымдастырған кезде: *белгі* шақырылған атқарымның басын көрсету керек. Шақырту кезінде берілетін параметрлер атқарым ішінде %1, ..., %9 позициялық параметрлерін қолдану кезінде қолжетімді.

Атқарымнан қайтару үшін /b кілті бар exit команда қолданылады:

```
exit /b [қайтару_коды]
```

Атқарымдар мен процестерді ұйымдастыру механизмі өте қуатты. Ол рекурсивті шақыртуды ұйымдастыруға көмектеседі. Процестермен жұмыс мысалы ретінде келесі сценарийді қарастыруға болады:

Fibonacci.bat:

```
@echo off
rem Командаларды шығару режимін сөндіреміз
```

```
set N=%1
call fib %N%
echo %RESULT%
exit /b

rem Фибоначчи fib сандарын есептеу атқарымы
if %1 == 1 ( set RESULT=1 exit /b )
if %1 == 2 ( set RESULT=1 exit /b )
rem санды есептейміз N-2 set /a M=%1-2
rem фибоначчи санын шығарамыз, номер N-2 call fib %M%
rem номер N-2 фибоначчи шығарылған санын стекте
сақтаймыз
set /a M=%1-2
set RES%M%=%RESULT%
rem Фибоначчи номер N-1 санын есептеп шығарамыз set /a
M=%1-1 call fib %M%
rem стектен номері N-2 фибоначчи санын шығарамыз, N-1
номерлі фибоначчи санымен қосамыз және нәтижесін  RESULT
айнымалысына жазамыз set /a M=%1-2
for /F %%i in ('echo %%RES%M%%%') do set /a RESULT+=%%i

exit /b
```

Осы орындалу үстіндегі сандық параметрі бар файлды шақырған кезде экранға оның факториалына сәйкес келетін сан шығады:

```
C:\>Fibonacci.bat 8 21
```

Өкінішке орай рекурсивті шақыртуларды ұйымдастырған кезде айнымалылардың мәндері сақталмайды. Бұл мәндер бағдарламалаушылардың өздерінің ұйымдастыруларына алып келеді. Сол себепті жоғарыда көрсетілген мысал Фибоначчи сандарын классикалық үлгіде орындаудан ерекшеленеді.

Мысалда бұдан бұрын алынған аралық нәтижелерді сақтау үшін айнымалылар стегі ұйымдастырылады (set RES%M% = %RESULT% командасы). %M% саны стектің ағымдағы деңгейін береді. Одан кейін команданың шығуын алатын және стектен мәндерді алып тастау үшін оның айнымалыларын жазатын for операторы қолданылады. Осы мәндер Фибоначчи сандар есептеуде қолданылады.

5.9.6. PowerShell командалық қабаты

Windows операциялық жүйелерінің командалық жолақ құралдары UNIX/Linux- жүйелерінің түрлі қабаттарында ұсынылатын құралдарға қуаты және ыңғайлылығы жағынан артта қалады. Microsoft фирмасының өңдеушілері үнемі командалық интерпретатордың бар функционалдығын арттырып отырады және жаңа құралдар қосады, бірақ бұл командалық сценарий құру мәселесін түбегейлі өзгертпейді—олардың зерттемесі әлі күнге дейін айтарлықтай ауыр және ыңғайсыз.

Осыған байланысты Microsoft фирмасы командалық жолақ интерфейсі және сценарийлерді құруға арналған кіріктірілген тілі бар жаңа қабат шығару туралы шешім қабылдады. Бұл қабат PowerShell деген атауға ие болды. Бұл қабат Cmd.exe/Command.com, BASH, WSH, Perl және басқа да қабаттардың қасиеттерін дамытады. Бұл қабат платформамен біріктірілген. .NET Framework мына операциялық жүйелерде пайдалануға болады: Windows XP SP3, Windows Server 2003 SP2, Windows Vista SP1, Windows Server 2008, Windows 7 және Windows 8.

PowerShell COM және WMI толық қолжетімділікті ұсынады, ол әкімшілерге жергілікті және алыс жүйелерді басқаруға мүмкіндік береді.

PowerShell ішіндегі әр команда *командлет* деп аталады, ол берілген операцияны орындайтын арнайы классын .NET қамтиды. Бірнеше командлеттерді бір сценарийге немесе тәуелсіз орындалатын бинарлы бағдарламаға біріктіруге болады.

Windows PowerShell сырттан келген қосымшаларға PowerShell командлеттерін қолдануға мүмкіндік беретін арнайы механизм ұсынады. Мысалы, Microsoft Exchange Server 2007 осы механизмді PowerShell ортасында әкімшілерге басқарудың өз механизмін ұсыну үшін қолданады. Оған қоса, жүйе әкімшісінде деректер базасының күйімен командлеттер интерфейсі арқылы басқару мүмкіндігі туады.

PowerShell төрт түрлі команданы орындай алады:

1) командлет .NET жабын ядросымен жүктелетін және орындалатын арнайы кітапхана түрінде беріледі;
2) PowerShell сценарийлері (.ps1 кеңейтілуі бар);
3) PowerShell атқарымдары;
4) бинарлық бағдарламалар.

PowerShell командаңың мысалы ретінде келесі мысалдарды қарастыруға болады.

Барлық алдын-ала анықталған командлеттерді қарау үшін Get-Command командасын енгізу жеткілікті. PowerShell бойынша анықтама алу үшін Get-Help командасын енгізу қажет.

P таңбасынан басталатын барлық процестерді аяқтау үшін келесі команданы енгізу жеткілікті:

```
PS> Get-Process p* | Stop-Process
```

Қандай процес аяқталғанын тексеру үшін немесе процес тоқтағанша сценарийдің орындалуын тоқтату үшін келесі команданы енгізеді:

```
PS> $processToWatch = Get-Process Notepad
PS> $processToWatch.WaitForExit()
```

Синонимдер механизмін пайдаланып, бұл сценарийді әлдеқайда қысқартып жазуға болады:

```
PS> (ps notepad).WaitForExit()
```

Get-Process командлетінде ps синонимі бар. Осы синонимді пайдаланып, сценарийді қысқартуға болады. Көптеген синонимдер толықтай осы жабындағы командалармен ұқсас болғандықтан, оларды BASH сценарийіне ұқсас етуге болады. Барлық синонимдер тізімін алу үшін Get-Alias командлетін орындау жеткілікті.

.NET Framework негізінде PowerShell құрылғандықтан және оның көптеген қасиеттерін иеленетіндіктен, .NET тәсілдерін және класстарын қолдану мүмкіндігі пайда болады. Мысалы, сценарийде қандай да бір саннан түбір табу қажет болса, ол үшін Sqrt() статикалық тәсілін шақыруға болады:

```
PS> [System.Math]::Sqrt(16) 4
```

Жалпы айтқанда бұл жабын әкімшілердің мүмкіндіктерін айтарлықтай кеңейтеді, .NET барлық қуатын пайдаланып, анағұрлым оңай сценарийлерді жазу мүмкіндігін береді және графикалық жабынды қолданбай-ақ жүйенің барлық қызметтеріне қолжетімділікке ие болады, әдетте жасалатын әрекеттер үшін өте ыңғайлы.

Б
А
ҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Операциялық жүйедегі тапсырманы сипаттау тіліне қандай қасиеттер тән?
2. Операциялық режимдегі диалогтық және пакеттік режимдердің айырмашылығы неде?
3. Орындалу үстіндегі тапсырмаға командалық жолақтың параметрлері қалай беріледі?
4. Командалық жолақтың тоғыз және одан көп параметрлеріне қалай қол жеткізуге болады?
5. Енгізу/шығару, қайта бағыттаудың қандай құралдары операциялық жүйе арқылы қамтамасыз етіледі?
6. Тапсырма айнымалыларын тапсырманы орындау ортасына көшіру қалай орындалады? Қандай шектеулер бар?
7. Пайдаланушы тапсырманы орындау тілінде қалай бағдарлама жасай алады?

Тарау 6

ЖҮЙЕ ПАЙДАЛАНУШЫЛАРЫ

6.1. ЖҮЙЕ ПАЙДАЛАНУШЫЛАРЫ ЖҮЙЕГЕ КІРУ

Алдыңғы тарауда, пайдаланушыға қолжетімді, операциялық жүйемен өзара әрекеттесетін негізгі тәсілдер көрсетілген. Осы ретте, осы кітапта негізгі қаралатын - UNIX операциялық жүйесі - көп пайдаланушы екендігін ұмытпаған жөн. Осы тарауда көп пайдаланушыны сүйемелдеу қалай ұсынылатыны, яғни негізінен, сеанстарды басқару мен ақпараттарды қорғау қозғалады.

UNIX-жүйесімен жұмыс сеансын бастау үшін өзіңіздің есептікке алу деректеріңізді — *жүйеге кіру шақыртуына* жауап ретінде пайдаланушының аты мен паролін енгізу қажет. Жүйеге кіру шақыртуы әдетте, жүйенің жүктелімі аяқталған соң, терминалда пайда болады. UNIX орнатылған серверге қосылу *telnet* терминалының желілік хаттамасы арқылы жүргізіледі. Мұндай желілік қосылу кезінде пайдаланушы компьютерінің экранына, сервермен қызмет көрсетілетін логикалық терминалдың бірінің экранынан ақпараттар жіберіледі, ал пайдаланушының пернетақтамен енгізген ақпараттары, серверге жіберіледі.

Екі жағдайда да, жүйеге кіруге шақырту шамамен осылай көрінеді:

login:

Бұл шақыртуға жауап ретінде, өзіңіздің есептікке алу деректеріңізді енгізу талап етіледі, осыдан кейін экранға пароль сұрау салу шығады.

password:

Егер пайдаланушымен енгізілген есептікке алу деректері (логин) мен пароль дұрыс болса, онда жүйеге кіру жүргізіледі және негізгі командалық интерпретатор іске асырылады, яғни пайдаланушының жүйедегі жұмыс сеансы кезіндегі белсенді болып табылатын, командалық интерпретатор. Бұл командалық интерпретатордың аяқталуы, пайдаланушы жұмыс сеансын аяқтайды. Әдеттегідей жүйелердің көбісі, пайдаланушылар үшін BASH командалық интерпретаторы колданылады.

Егер жүйенің пайдаланушысы адам болып табылса, жоғарыда қарастырылғандардың бәрі әділетті. Дегенмен бұл әрқашан дұрыс болмайды - жүйенің пайдаланушысы ретінде, операциялық жүйе ұсынатын, обьектіні пайдалану құқығы бар, кез келген обьекті болуы мүмкін. Мұндай құқықтарға үлгі болып, нақты файлдарға қол жеткізу құқықтары қызмет етеді, бағдарламалар орындалуының іске қосылуы, басып шығару құрылғыларына қол жеткізу.

Пайдаланушылардың рөлінде, белгілі бір құқықтар жинағымен іске асырылатын бағдарламалар болуы мүмкін. Мұндай бағдарламалар нақты пайдаланушының атымен іске асырылады, мұндай жағдайда олар *псевдопайдаланушы* деп аталады. Мысалы, UNIX- жүйедегі типті псевдопайдаланушы — mail есептікке алу деректері бар пайдаланушы. Бұл пайдаланушының атына, электронды пошталардың хабарламалар кезегін басқару, хабарламаларды жеткізу және мекенжайларға тасымалдау жүргізіледі. Қарапайым пайдаланушы, әдетте псевдопайдаланушы атымен жүйеге кіре алмайды, себебі жүйеге кіру шақыртуының көмегімен қолжеткізу мүмкіндігі, псевдопайдаланушылар үшін блокталған.

Қарапайым пайдаланушылар мен псевдопайдаланушылардан басқа, жүйеде жүйе әкімшісідің қызметін атқаратын, ең кемі бір *суперпайдаланушы* бар. Бұл пайдаланушыда операциялық жүйемен ұсынылатын, барлық ресурстарға қолжеткізу мүмкіндігі бар. UNIX-жүйелерінде бұл пайдаланушы әдетте root есептікке алу деректерге ие.

6.2. ПАЙДАЛАНУШЫЛАРДЫҢ ҮЙ КАТАЛОГЫ

Операциялық жүйеде жұмыс істейтін әр пайдаланушыға жеке файлдарын сақтайтын және жұмыс жасауға арналған каталогтар бөлінеді. Мұндай каталог дәстүрлі үй каталогы деп аталады. Әдетте үй каталогтары пайдаланушының логиніне сәйкес келетін атауларға ие және /home каталогында орналасқан. Мысалы sergey пайдаланушысы үшін үй каталогы әдетте /home/sergey атауына ие.

Үй каталогын атаулы жолмен көрсету үшін ~ мнемоникасы қолданылады. Мысалы өзіңіздің үй каталогыңызға өту үшін команданы енгізу қажет. Үй каталогының dirname шағын каталогына өту үшін

```
cd ~/dirname
```

командасын енгізу қажет.

Пайдаланушының белгілі логинмен үй каталогына өту үшін ~<login name> мнемоникасы қолданылады. Мысалы, nick пайдаланушысының үй каталогына өту үшін

```
cd ~nick
```

енгізуі талап етіледі.

Осы ретте «бөгде» үй каталогына өту, осы каталогқа қолжеткізу құқықтары жеткілікті болғанда ғана жүзеге асады (6.4 тармағын қараңыз).

Бұдан басқа, үй каталогының атауы дәстүр бойынша, $HOME айнымалы шеңберінде тұрады. Сәйкесінше, кез келген уақытта

```
cd $HOME
```

командасының көмегімен, өзінің үй каталогына өтуге болады.

Бұл айнымалының мәнін BASH құралдарымен өзгертуге болады, бірақ былай жасауға кеңес берілмейді —UNIX жүйелік утилиттардың көбісі бұл айнымалының мәнін, бұл бағдарламалардың баптауларымен бірге файлдарды сақтау үшін мүмкін болатын жолдарды анықтау үшін қолданады. Егер $HOME айнымалысында еркін мәндері көрсетілсе, баптауларды сақтау мүмкін емес болады, ал кейбір бағдарламалар жұмысқа қабілетсіз болып қалады.

6.3. ПАЙДАЛАНУШЫЛАРДЫ СӘЙКЕСТЕНДІРУ

Жүйенің әр пайдаланушысы берілген жүйенің шегінде бірегей есептікке алу деректеріне (логин) ие болады. Бірақ, бұл атау тек пайдаланушының ыңғайлылығы үшін тағайындалады — операциялық жүйе пайдаланушыларды бірегей *идентификаторы бойынша* айырады — UID (User IDentifier). UID идентификаторы бүтін санды, үлкен немесе нөлге тең санды ұсынады. UID, пайдаланушының есепке алу аты сияқты бірегей.

Одан басқа, әр пайдаланушы үшін UID және логин, пароль, паспорттық атауы, үй каталогына жол, әдеттегідей командалық интерпретатордың орындалатын файлының толық атауынан тұратын

жүйелік және анықтамалық ақпараттарды, атрибуттар жинағын анықтайды. Бұл ақпараттар /etc/passwd файлында сақталады. Әр пайдаланушы туралы ақпарат жеке жолда тұрады, атрибуттары «:» қос нүктемен бөлінген. Атрибуттардың сатылығы мынадай: тіркеме атауы, пароль (қысқартылған түрде) 6 пайдаланушының идентификаторы (UID), топтардың идентификаторы (GID), паспорттық атауы, үй каталогына жол және командалық интерпретатордың толық атауы. Мысалы, UID 1001 ие пайдаланушы Вася Пупкин, /etc/passwd файлында келесі жолмен ұсынылады:

```
vasya:Fes8s9xapl:1001:10:Vasya Pupkin:/home/vasya:/bin/bash
```

Пайдаланушы әрқашан бір немесе бірнеше пайдаланушылар тобының мүшесі болып табылады. Егер де пайдаланушы, жүйеге қолжетімділігі бар тек бір адам болса, онда ол минимум «Жүйенің пайдаланушылары» (әдетте users атауымен) немесе «Әкімгерлер» тобының (әдетте root атауымен) мүшесі болып табылады.

Пайдаланушылар тобы — тізім ретінде берілетін, пайдаланушылардың көпшілігі. Пайдаланушылардың топқа бірігуі, әдетте пайдаланушылармен орындалатын міндеттерді шектемеу принципі бойынша жүргізіледі. Осылай, жеке топтарға жүйенің әкімгерлері бөлінеді.

«Білімді бақылау» жүйесінде пайдаланушылардың келесі топтарын бөлуге болады: жүйенің өңдеушілері, студент, оқытушы. Осылай топтарға бөліп, бірінші кезекте пайдаланушылардың жүйеге рұқсатының әр түрлі деңгейлеріне ие болуымен байланысты.

Осылай, өңдеуші, жүйенің негізін құрайтын тапсырмаларын жаңалап отыруға және жүйенің каталогтар құрылымын жетілдіре алатын мүмкіндікке ие болуы керек; оқытушы бақылау жұмыстарының базасын жаңалауға және орындалған жұмыстарды тексеретін құқыққа ие болуы керек, ал студент — алынған жұмыстарды қарау және орындау мүмкіндігіне ие болады.

Жүйенің жұмыс каталогтарының атауларына сәйкес келетін, жүйенің өңдеушісі devel есептікке алу деректердің, оқытушы— teacher, студенттер — ерікті атауға ие болады. Одан басқа, teacher және devel - кейбір каталогтарға студенттердің қол жеткізу құқығын шектейтін teacher тобына кіреді.

Әр топ бірегей есептікке алу деректері мен GID тобының бірегей идентификаторына (Group IDentifier) ие болады..

Жүйеде анықталған топтар туралы ақпараттар, /etc/group файлында сақталады. Әр топ туралы ақпарат жеке жолда орналасады, топтардың атрибуттары «:» қос нүкте символдарымен бөлінген. Атрибуттардың сатылығы мынадай: топтардың тіркеме атаулары, топтардың жағдайларының жалауы (әдетте «*» символы), топтардың

идентификаторы (GID), үтірмен белгіленетін, топтарға кіретін қолданушылардың тізімі. Файл жолының үлгісі /etc/group төменде көрсетілген:

```
users:*:1001:sergey,nick,alex
```

6.4.

ФАЙЛДАР МЕН КАТАЛОГТАРҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ҚҰҚЫҒЫ

Көптеген операциялық жүйелерде файлдарға шектеу құралдары бар. Бір пайдаланылатын ОЖ-де әдетте, операциялық жүйелердің ядролық файлдарына қолжетімділік шектеледі (мысалы, DOS «жасырын» атрибутын орнату).

Көп қолданылатын ОЖ қолжетімділік осы немесе басқа пайдаланушының файлға қолжетімділік құқығын анықтау көмегімен шектеледі. Қолжетімділік құқығы файлға сол немесе басқа операциялардың орындалу мүмкіндігін анықтайды. Жалпы айтқанда, «файлға қолжетімділік құқығы» термині дұрыс емес. Бұл ақпараттар жиынтығымен байланысты барлық файлдар үшін де, сол ақпараттар жиынтығына арналған қолжетімділік құқығы анықталған. Бір ақпарат жиынтығына байланысты барлық файлдар үшін бұл құқықтар бірдей.

Пайдаланушылардың файлға қолжетімділігін үш элементтер арқылы – субъект-обьект- қолжетімділік құқығымен анықталады. Сонымен қатар субъект деп обьектіге қарайтын обьект түсіндіріледі немесе нақты көп пайдаланушы – обьект ретінде – файл немесе каталог, ал қолжетімділік құқығы – обьектіге сол немесе басқа операциялардың орындалуына субъектінің қолжетімділігі немесе тыйым салуы (сурет 6.1).

UNIX-жүйелерде субъектінің құқығын белгілейтін үш түр бар: файл иесі немесе пайдаланушы –иесі(u), пайдаланушы тобының файлды игеруі немесе ие тобы (g), және жүйелердің барлық пайдаланушылары (o).

Әр субъект түрі үшін операцияның үш түрінің орындалуына тыйым салуға немесе қолжетімділікті беруге болады: оқу (r), жазу (w) немесе орындалуы (x).

Файлды оқу құқығында осы файлды ашуға және ондағы ақпаратты оқуға мүмкіндік беріледі. Жазу құқығында – файлдағы ақпаратты өзгерту немесе файлды өшіру мүмкіндігі бар. Орындалу құқығында осы файлдың құрамындағы бағдарламаны іске асыру мүмкіндігі тұспалданып тұр (сонымен қатар орындалу процесі пайда болады).

UNIX-жүйесінде әр файлдың екі иесі бар: пайдаланушы-иесі және топ-иелері. Сонымен қатар пайдаланушы иесі топ иелерінің мүшесі болуы міндетті емес, бұл әр түрлі пайдаланушылар үшін файлдар мен каталогтарға қолжетімділікті оңтайлы басқаруға мүмкіндік береді.



6.1- сурет. Субьект—объект—қол жеткізу құқығы үштігінің көмегімен қол жеткізу құқығын беру

```
drwxrwx---  4  nikita users      0 Apr 28 23:25 texmf 375
-rwxr-x---  1  nikita users  Apr 26 04:27 textmode.o 452
-rwxr-x---  1  nikita users  Apr 26 04:27 readmode.o 0 Apr
drwxrwx---  2  nikita users  28 23:22 tk8.4 2948 Sep 2
-rwxr-x---  1  nikita users  20:03 tkConfig.sh
```

Файлдар мен каталогтар иелері туралы ақпарат алу үшін l командаңың кілті ls. ls -l командасы ағымдағы каталогтағы файл туралы ақпаратты мына түрлері бойынша шығарады:

Үшінші бағанда файлдың пайдаланушы-иесінің тіркелген атын, ал төртіншіде – топ-иелерінің тіркелген атын шығарады. Бірінші бағанда файлға қолжетімділік құқығын беретін файл атрибуттары туралы ақпаратты құрайды.

Бағанадағы бірінші символ файлдың түрін береді. Каталогтар үшін бірінші символ d мәнін, ал қарапайым файлдар үшін — сызықты білдіреді. Басқа да файл түрлері бар.

Екіншіден оныншыға дейін символдар үштік символдарға бөлінген (триады), олардың әрқайсысы нақты субьектінің қолжетімділік құқығын анықтайды. Бірінші триада файлдың пайдаланушы - иесінің,

екінші триада – пайдаланушы-топтың, ал үшінші триада – жүйенің пайдаланушылар үшін құқығын анықтайды.

Солай, textmode.o файлы үшін пайдаланушы- иесінің файлға толық жеткізу құқығына (яғни, оқу, жазу, орындалуға құқығына ие), пайдаланушылар – тобы оқуға және орындалу құқығына ие, ал жүйені пайдаланушылардың қалғаны бұл файлға ешқандай қолжетімділік құқығына ие болмайды.

R, w және x атрибуттарының файлға іс-әрекеті жеткілікті көзге көрінерлік — бұл атрибуттар файлдар үшін Open, Read және Write жүйелік шақырылымдардың орындалу мүмкіндігін анықтайды. Файлды оқу құқығы болса, пайдаланушының бағдарламасы бұл файлды Open шақырылымымен аша алады және ақпараттарды Read шақырылымен оқи алады. Сондай-ақ, жазу құқығы болса, пайдаланушы бағдарламасы Open және Write шақырылымдарын қолданады. Бағдарламаның орындалатын файлында орнатылған бағдарламаның орындалуына құқық, пайдаланушыға бағдарламаны басқаруды береді, сонымен қатар операциялық жүйе Open және Read көмегімен, бағдарламаның орындалатын кодын оперативті жадығы береді және оған басқаруды жібереді.

Каталогтар үшін r, w және x атрибуттары енді көзге көрінерліктей емес, және бірінші ретте каталогтар үшін Open, Read и Write жүйелік шақырулар ерекшеліктерімен байланысты.

Каталог үшін r қолжетімділік құқығы, каталогта сақталған файлдардың атын оқуға мүмкіндік береді. Бұл файлдарға қолжетімділік мүмкіндігі файлдарға қолжетімділік құқығымен анықталады.

Каталогтар үшін x қолжетімділік құқығы метаақпарат блогында сақталған каталог файлдары барлық атрибуттарын алуға мүмкіндік береді. Егер x құқығы каталогтар және кіші каталог үшін орнатылған болса, онда ол берілген каталогқа өтуге мүмкіндік береді, яғни оны ағымдағы етеді.

Каталогтағы жазу мүмкіндігі каталог мазмұнын өзгертуге мүмкіндік береді, яғни осы каталогтағы файлдардың пайда болуына және өшірілуіне мүмкіндік береді. Мұнда, каталогтағы жазу құқығы бар болса, оған дейін қолжетімділік құқығы болмаған файлдарды өшіру мүмкіндігі бар екенін айта кету керек. Егер Unlink жүйелік шақыруының әрекетін еске түсірсек, жүйенің бұл күйін түсіну оңай — ол ақпарат жинағында қатқыл сілтемені, ақпарат жинағының өзін өзгертпей-ақ, өшіреді. Бұның ізінше, әсіресе каталогтағы жазуға қолжетімділік құқығын тағайындағанда сақ болу керек.

6.4.1. Файлдар Мен Каталогтарға Қолжетімділік Құқығын Беру

Файлдар мен каталогтарға қолжетімділік құқығы уақыт ағынымен өзгеруі мүмкін. Бұл мысалы, файлдың бұрынғы иесі оны өзгерту құқығын жаңа иесіне бергенде немесе бұрын бір пайдаланушыға ғана қолжетімді файл, бәріне бірдей қолжетімді болуымен байланысты болуы мүмкін.

Файлдың қолжетімділік құқығын өзгертуге үлгі болып, уақыт ағынымен бақылау жұмысының нұсқасына қолжетімділік құқығын өзгертуге қызмет етуі мүмкін. Толтырылмаған бақылау жұмысының үлгісі оқытушының жалпы базасында болғанша, ол тек оқытушыға қолжетімді, нұсқалы файл студентке берілгенде ғана оған қолжетімді болады.

Студентке бұл файлға кіру құқығын беру үшін иесін өзгерту керек немесе бұл файлға толық рұқсатты ашу керек, мысалы мынадай:

```
cp /check/teacher/theme1/var2.txt \
/check/students/vasya/theme1_var2.txt
chmod 666 /check/students/vasya/theme1_var2.txt
```

Ие-пайдаланушы немесе пайдаланушылар тобы chown (CHange OWNer) командасының көмегімен өзгеруі мүмкін. Файлдың иесін UNIX-жүйесінің көбісінде тек жүйе әкімшісі ғана өзгерте алады.

chown командасының бірінші параметрі пайдаланушының тіркеу атын және топтың тіркеу атын анықтайды. Екінші және келесі параметрлері, иелері өзгеретін файлдар тізімін құрайды.

Егер бірінші параметр пайдаланушының атын және топтың атын анықтаса, онда олар нүктемен бөлінеді. Мысалы, команда

```
chown nick file.txt
```

nick пайдаланушысын file.txt файлының пайдаланушы- иесі етеді. Ал команда

```
chown nick.admins file.txt
```

nick пайдаланушысын пайдаланушы- ие етеді, admins — тобын file.txt файлының пайдаланушылар-тобы етеді.

Файлдар мен каталогтарға қолжетімділік құқығы П chmod (CHange MODe) командасы көмегімен өзгеруі мүмкін. Қолжетімділік құқығын тек файлдың иесі немесе жүйе әкімшісі өзгерте алады. Дәлел ретінде chmod командасына, қолжетімділік анықталатын, файлдар аты мен қолжетімділіктің спецификаторлары беріледі.

Қолжетімділік спецификаторы — файл қолжетімділік құқығын анықтайтын символдар жолы. Спецификатор бірінен кейін бірі тұратын элементтерді құрайды: субъект, қолжетімділік құқығы және қолжетімділік құқығы операциялары. Субъектті беру үшін: «u» — пайдаланушы-иесінің символы көрсетіледі, «g» — пайдаланушылар тобы, «o» — барлық қалған пайдаланушылар, «a» — алдыңғы үш субъектілер. Қолжетімділік құқығы ретінде «r» — оқу, «w» — жазу және «x» — орындалу символдары көрсетіледі. Қолжетімділік құқығы операциялары, субъектіге арналған қолжетімділік құқығы жинағын өзгертеді. «-» операциясы қолжетімділік құқығын алып тастайды, «+» қолжетімділік құқығын қосады, «=» субъектіге нақты берілген қолжетімділік құқығының жинағын тағайындайды.

Қолжетімділіктің қарапайым спецификаторлы chmod мынадай көрсетіледі:

```
chmod a+w file.txt # жазуға бәріне рұқсат
беру

 # файл file.txt
```

Chmod командасына берілетін қолжетімділік спецификаторлары, мынадай үтір арқылы аталады:

```
chmod u+w,g=r file.txt #иесіне қолжетімділік ету-
                        #пайдаланушыға жазу

                       #пайдаланушылар-тобына
қолжетімділік ету                              #тек
file.txt  файлынан оқу
```

Бір қолжетімділік спецификаторында бірнеше субъектілер берілуі мүмкін: `chmod ug+w file.txt #пайдаланушы-иесіне қолжетімділік ету`

```
                     #пайдаланушы-тобына     қолжетімділік
ету
#және пайдаланушы - тобына file.txt файлына жазу
```

Сондай ақ, бір спецификаторда субъект үшін бірнеше операциялар және қолжетімділік көрсетілуі мүмкін:

```
chmod u+w+r file . txt #пайдаланушы-иесіне қолжетімділік
ету
                      # file.txt файлында оқу және жазу
```

Файлға қолжетімділік құқығын берудің баламалы тәсілі— сандық. Қарастырылған тәсілден өтуді түсіндіру үшін барлық үштіктерді

жазамыз:

```
rwx rwx rwx
```

қолжетімділік құқығына екілік бірлікті және екілік нөлге – орын жоқтығын қабылдаймыз. Сонда әр үштік - 000 ден 111 ге дейін екілік санмен анықталуы мүмкін. Солай, r—x үштігі 101 екілік санына сәйкес келеді. Әр екілік сан, одан кейін саналудың сегіздік жүйесіне ауыстырылуы мүмкін.

Үштің осылайша ауыстырылуының процесінде

`rwx rw- r-` аламыз.

111 110 100

Немесе `764`

Файлға қолжетімділік құқығын сандық ретінде ұсыну, сондай ақ chmod командасына қолжетімділік спецификаторы түрінде қолданылуы мүмкін. Осылайша,

`chmod 7 64 file.txt` командасы

пайдаланушы-иесіне толық рұқсатты береді, пайдаланушылар- тобына оқуды, жазуды және барлық қалған пайдаланушыларға – тек оқуға рұқсатты береді.

«Білімді бақылау» жүйесінде, каталогтар жүйесіне қолжетімділікті, оның пайдаланушыларымен болатын, жүйенің бөліктеріне зақымдануды болдырмас үшін осылайша орнату керек. Одан басқа, жалпы базадағы бақылау жұмыстарының нұсқасына студенттердің қолжетімділігіне, сондай ақ көшіріп алуды (студенттердің басқаның жұмысына қолжетімділігі) болдырмау. Оқытушылардың тапсырмаларды беруін (оны студент каталогына көшіру) және жұмыстың тапсырылуын (оны орындалған жұмыстар каталогынан орын ауыстыруы) қамтамасыз ету керек.

Пайдаланушылардың жүйенің негізгі құрауыштарына (сценарийына және каталогына) қолжетімділікті тыю үшін олардың иелеріне devel пайдаланушысы (жүйені өңдеуші) тағайындалады:

chown devel.teacher /check/scripts

сонымен қатар берілген каталог орнатылған

құқықтармен шектеледі:

```
chmod 755 /check/scripts
```

басқаша айтқанда, барлық пайдаланушылар сценарийдың орындалуына және оқуына қолжетімділік алады, бірақ тек өңдеуші ғана жазуға қолжетімділік ала алады.

Devel пайдаланушысы, құрамына оқытушы (teacher логинімен пайдаланушы) кіретін teacher (оқытушылар) тобының мүшесі болып табылады. Бұл топ, студенттердің бақылау жұмыстары каталогына қолжетімділігін шектеу үшін енгізілген.

```
chown $i.teacher /check/students/vasya
chmod 730 /check/students/vasya
chown $i.teacher /check/students/vasya/ready
chmod 770 /check/students/vasya/ready
```

6.4.2. Файлдар мен каталогтарға қол жеткізу құқығын тексеру

Файлдар мен каталогтарға қолжеткізу құқығын шектеу, пайдаланушының тапсырмасы орындалатын ақпараттық ортаны өзгертеді. Егер пайдаланушы тапсырма жұмысына әсер ететін, яғни тапсырмалардың ақпараттық ортасына кіретін барлық файлдарға қол жеткізу құқығына ие болса, алаңдайтын ештеңе жоқ. Бірақ қажетті файлдар немесе каталогтардың талап етілген қолжетімділік режимінде қолжетімсіз болатын жағдайлар болуы мүмкін. Сондықтан тапсырмаларда ондай жағдайларды болдырмау үшін өңдеуді алдын ала қарастыру керек. Әдетте, өңдеушілер, болдырмайтын жағдайларды тапсырманы мәтінінің басына ауыстырады және ақпараттық ортаның қолданылуын тапсырмамен тексереді. Осы жағдайда қолдану мүмкіндігі деп - қажетті қолжетімділік құқығының болуымен түсіндіріледі.

Файлға қолжетімділік мүмкіндігін тексеруге арналған негізгі параметрлер 5 тарауда қарастырылған test командасы қолданылады. Test командасы тапсырма тексерілетін тұлғадан (ағымдағы пайдаланушы), пайдаланушыда қолжетімділік құқығы бар болуын

тексереді. Ол үшін команданың келесі параметрлері пайдаланылады:

- -r <файл> — ағымдағы пайдаланушыға тек файлды оқу құқығы рұқсат етіледі;
- -w <файл> — ағымдағы пайдаланушыға тек файлға жазу қолжетімділігі рұқсат етілген;
- -x <файл> — ағымдағы пайдаланушыға файлдың орындалуына қолжетімділік рұқсат етілен.

Мысалы, outfile.txt файлына жазу құқығы барын және infile.txt, файлына оқу құқығы барын тексеру үшін BASH тілінде тапсырмалардың келесі фрагментін орындау жеткілікті:

```
if [ ! -w outfile.txt -a ! -r infile.txt ] ;
then echo "Insufficient access rights" exit 1
fi
```

Қосылған мұндай фрагментте, тапсырмалардың қолжетімділік құқығы жетіспеген жағдайда экранға «Insufficient access rights» хабарламасы шығады және өзінің орындалуын 1 қайтару кодымен аяқтайды.

Б
ҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Операциялық жүйеде қандай параметрлер пайдаланушыны сипаттайды?
2. Пайдаланушының жұмыс сеансы қалай басталады? Неліктен жұмыс сенасын түзу аяқтау маңызды?
3. Операциялық жүйелерде файлдар мен каталогтарға қандай шектеулер ұсынылады?
4. Файлдар мен каталогтарға қатысты пайдаланушының қолжетімділік құқықтары қалай беріледі, өзгереді, тексеріледі?
5. Файлдар мен каталогтардағы қолжетімділік құқықтарының айырмашылықтары неде?
6. Оқу үшін қолжетімді емес және пайдаланушылардың үй каталогында болатын, файлдар тізімін шығаратын командалық файлды жаз.

7 ТАРАУ

ПАЙДАЛАНУШЫЛАРДЫҢ ФАЙЛЫ

7.1. UNIX ЖӘНЕ WINDOWS КАТАЛОГТАРЫНДА ЖҮЙЕНІҢ СТАНДАРТТЫ ҚҰРЫЛЫМЫ

UNIX сияқты операциялық жүйелерде жеке ақпараттарды сақтау үшін 7.1. суретте көрсетілген каталогтардың стандартты құрылымы пайдаланылады.

Нақты операциялық жүйені іске асыруға байланысты келтірілген құрылымнан кейбір айырмашылықтар болуы мүмкін, мысалы SunOS және Solaris операциялық жүйелерде /opt каталогы қатысады.

/Bin каталогы базалық жүйелік утилиттерін сақтау үшін қызмет етеді. Әдетте, бұл утилиттер негізгі жүйелік кітапханаларда болмаған жағдай да орындалуы мүмкін. /Boot каталогтарында жүктелімге қажетті ақпараттар мен операциялық жүйенің ядро файлдары сақталады. /Dev каталогы құрылғыларға (7.2 бөлімшені қараңыз) қаратулар болуының көмегімен арнайы файлдарды құрайды. Бұл каталогта болатын әр файл, қандай да бір файлға сәйкес келеді. Файлға ақпараттарды жазу, осы ақпараттарды құрылғыға берілуін шақырады, ал оқу – құрылғыдан ақпараттарды оқуды /Etc каталогы баптау файлдарын және файлдардың пішін үйлесімін сақтауға арналған. /Home каталогында пайдаланушылардың үй каталогтары тұрады (келесі тарауды қараңыз). /Lib каталогы жүйелік кітапханаларды сақтау үшін ал /lib/modules — жүйешелер мен драйвер ядроларының жүктелімі аяқталған соң, операциялық жүйенің ядролар модулін сақтауға арналған. /Proc каталогы құрылғылардың параметрлерін қарау және ОЖ ядро кестелеріне қолжетімділік мүмкін болатын, арнайы файлдарды құрайды. /Sbin каталогы жүйе әкімшісіне арналған жүйелік утилиттерді сақтайды. /Tmp уақытша файлдарды құрайды.

/Usr каталогында жүйелікке қатысы жоқ және операциялық жүйе қондырмасының жинағына кіретін бағдарламалық қамтамасыз етуді құрайды. /Usr/bin, /usr/sbin, /usr/lib каталогтары жоғары деңгейдің сәйкес каталогтары тәрізді. /Usr/doc каталогында ОЖ жеткізілім жинағына кіретін бағдарламалық қамтамасыз ету құжаттары сақталады, /usr/share каталогында ақпараттардың бөлінетін файлдары сақталады. /Usr/indude каталогы алдымен өңдеушілерге қызықты— онда басты h-файлдар

құралады.



7.1- сурет. кәдімгі UNIX-жүйе каталогының құрылымы

/var каталогында ОЖ ағымдағы жұмыстармен байланысты файлдар сақталады. /Var/lock каталогы енді бос емес, бөлінбейтін ресурстарға қолжетімділікті алдын ала құлыптайтын файлдарды құрайды. /Var/log каталогы ОЖ жұмысы кезінде болған оқиғалардың барлық деректері жазылатын, жүйелік журналдарды сақтауға арналған. /Var/run каталогын қазіргі уақытта сол немесе басқа утилиттің қосылғанын көрсететін файлдар құрайды. /var/spool каталогы мөр басатын тапсырмалар мен пошталық хабарламалар буферін құрайды.

Windows XP тобының операциялық жүйелерінде каталогтар

құрылымы 7.2. - суретте көрсетілгендей түрге ие.

Profiles каталогында жүйеде тіркелген, әр пайдаланушыларға арналған баптаулар сақталады. Administrator папкасында жүйе әкімшісі–пайдаланушысының баптаулары сақталады, All Users папкасында жалпы барлық пайдаланушыларға арналған баптаулар сақталады. Default User папкасында жаңадан жасалатын, пайдаланушылардың барлығына қолданылатын әдеттегі баптаулар сақталады.

Program Files каталогында әдетте, жүйе пайдаланушылардың немесе әкімгерлердің орнатылған бағдарламалары сақталады.

